

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

12/2011 ЖЕЛТОҚСАН

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы

Журналда – жиырма жылдығым.....3

Таным табиғатында

1995 ж., №2, 108-113-б.

Жиі қолданыс және тілдің ұқсастырмау заңдылығы.....5

1996 ж., №5-6, 16-19-б.

Теңдестіктер, сол тәріздестер.....12

2009 ж., №8, 17-20-б.

Жазылым мен оқылым: ы, і дыбыстары.....16

Көкейкесті көзқарас

1995 ж., №7, 3-9-б.

Бағдарлама, бағдарламалар.....20

1998 ж., №1-2, 7-10-б.

Тілді оқыту бағыттары қалай болмақ?.....28

2005 ж., №12, 60-62-б.

Есімің – ұлттық есің немесе «атындағының» аты жоқ.....33

2010 ж., №1, 19-23-б.

Тұғырлы таным негізі.....36

Сауаттылық сыры

2006 ж., №12, 78-80-б.

Болашақ әліпби, ондағы әріптің аты.....41

2009 ж., №10, 127-129-б.

Қазақтың латынша әліпбиі.....44

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
1990 ж., №9, 30, 31-б.	Әдебиетпен байланыстыра.....47
1992 ж., №7, 8, 9, 18-20-б.	Төл сөз және оның тыныс белгісі.....49
1993 ж., №2, 17, 18, 26-б.	Кабинетке қажет.....54
1993 ж., №6, 17-21-б.	Қолкөрнекілік – оқушы партасында...58
Пәнаралық байланыс	
1993 ж., №7, 70-72-б.	Үндесер кезінде бір.....65
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
2011 ж., №6, 53-58-б.	Талдамалық мәні бар түрліше сызба.....69
2011 ж., №3, 55-58-б.	Ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлері.....74
2010 ж., №10, 51-55-б.	Өлеңнің буын, бунағы... ..77
Оқулыққа қосымша	
1992 ж., №4, 50-52-б.	Ә дыбысының қыр-сыры.....81
1995 ж., №1, 64-66-б.	Жұрнақтың қазақша көрінуі.....84
1995 ж., №5, 18-24-б.	Ең күрделі сөз формасы.....88
2003 ж., №3, 72, 73-б.	Жалғауды жақтырмайтын «дж» тіркесімі.....96
2004 ж., №4, 87-89-б.	Кісіге қарата айтылатын туыстық атаулар.....98
Қызықты грамматика	
1992 ж., №4, 20, 21-б.	Үстеудің мағыналық топтары.....103
1993 ж., №3, 33-б.	Сөз тіркесіндегі омонимдер.....105
1995 ж., №6, 75-б.	Жаңылтпаштар.....106
Ізгі тілек	
Ұжым құттықтауы	Сабырбай Рыскелдіге.....107
Ұстаз мерейі	
1991 ж., №11-12, 37-39-б.	Байқаудан байқағанымыз бар.....108
1996 ж., №3, 14-19-б.	Байқау бәйге – тәжірибе алмасу, үйрену мен үйрету.....114
1998 ж., №9-10, 47, 48-б.	Үйлесім тапқан тірліктің көрінісі...121
Қасиетті мекен мектебінде	
2004 ж., №11, 15-18-б.	Республикалық Абай, Шәкәрім оқулары.....125
Жақсы кітап – жан азығы	
1996 ж., №3, 113, 114-б.	Ойы соны, айтары мол.....130
2008 ж., №2, 88, 89-б.	Сыр-естелікпен сырласу.....131
2010 ж., №3, 87-90-б.	Ширек ғасырлық жүйелі еңбектің нәтижесі.....134
1997 ж., №9-10, 66-69-б.	Сезімтал да сергек ғалым.....137

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

ЖҰРНАЛДА – ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫМ

Тәуелсіздік! Бодандық бұзауынан босау! Әлем картасынан ойып тұрып орын алып, дербес ел, жеке мемлекет болу – жоқ болмай бар болу! Елдің өсіп өркендеуіне, рухани кемелденуіне Тәуелсіздіктің берер мүмкіндігі шексіз. Бұған күмән келтірудің еш жөні жоқ.

Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерзімінде жеткен жетістіктеріміз аз емес, ал кемшіліктеріміздің негізгісі үш ғасырлық отаршылдық зардаптарынан, сол қалыптастырған зиянды құрылым, әдет-терден етек алып отыр деуімізге әбден болады. Аллаға шүкір, қалай дегенмен де, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы – зор қайта, еліміздің ең ұлық мейрамы. Журнал оқырмандарын, барша қазақстандықтарды Тәуелсіздіктің 20 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз. Тәуелсіздік ғасырларға жалғасуы үшін әрбіріміз өзіндік орнымыздағы өз үлесімізді қоса берейік.

Республикалық, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының қайта жарық көргеніне жыл басында 20 жыл болған еді, менің де осы басылымдағы еңбек жолыма жыл соңына қарай 20 жыл толды. Нақты айтқанда, 1991 жылдың қазан айында жұмысқа қабылданғанмын.

Журналдағы сарапшы (редактор) қызметіміздің сыр-сипаты өз алдына бір бөлек дүние десек, ғылыми, танымдық, әдістемелік пән әдеби бағытта еңбектер жазғандығымыз өзінше бір дүние деуге болатындай. Бүгін, міне, сол өзінше бір рухани туынды дүниемізді басылым көлеміне сай етіп іріктеп берудің бір ыңғайы келген сияқты. О баста бұлай болады-ау деген ойымызға кіріп шықпаған-ды, демек, ол ширек ғасырға жуық жылдар жемісі екені даусыз. Осы жылдар аумағында мақалаларды «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін көз алдыма келтіре, пән мұғалімдеріне, зерттеушілеріне лайықтай отырып жаздым, сондықтан кітап


етіп өзгелерге ұсынудан ұтарымыз аз. Мақалада қозғалған мәселелер өз мән-маңызын әлі де – жоймаған секілді, оған жіті қарап оқи отыра көз жеткізе аларсыз деп ойлаймын. Жинақтай ұсынылуға ең басты себеп болған да оның осы қыры. Өзіңіз айтқызышы, егер мақалада айтылған ой-пікір, уәж еленбесе, ескерілмесе, онда, оны сол ізбен қайта жазып керегі не?!

Құдай бұйырғанда бұдан кейінгі жазылар дүниелерге бұл жинақ арқа сүйеушісі, бағыт-бағдаршысы болмақ. Атқарылар істеріңіз арасында әлі толып жатыр. Көзбояушылықпен, белгілі жәйттің түсін өзгерте арлы-берлі сапырылыстыруымен емес, ұлт руханиятына қажетті шынайы ғылыммен айналысқан адамның да Аллаһтың сүйікті құлдарының бірі болатындығы туралы түсінік қай кезде де көңілге қуаныш ұялатады, алға жетелейді.

Мақалалар журналдың тұрақты айдарлары қалыбымен, ал онда ілгері-кейінді жылдар, айлар ретін сақтай орналастырылды. Тіпек «Ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлері» атты мақала «Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс» айдарының алды болып орнықты, өйткені ол мақаланың кеңейтілген нұсқасы «Ауыз әдебиетіндегі айтыс» деген тақырыппен 1992 жылы «Өркен» газетінде жарық көрген-ді... (Сызбалар құрыс түсуі үшін «Қазақ әдебиеті...» айдарының мақалаларының орны ауыстырылған т.б.). Сондай-ақ өзге басылымда шыққан – «Әдебиетпен байланыстыра» атты әдістемелік мақала («Қазақстан мектебі», 1990, №9). Ол жылдары орта мектептің бүкіл пәндік мақалалары тіпек осы журналда ғана басылып шығатындығы, әр пәннің өзіндік төл басылымы болмаған да еді.

Журналда жарияланған мақалалардың авторы ретінде көрсетілген атты-жөндердің көп жағдайда (ең алдымен, әдеп үшін) бүркеншік болғандығын да айта кету керек.

Азды-көпті еңбегімді ескеріп, осы жобаны қолдаған, қуаттаған ұжым мүшелеріне, сондай-ақ әріптестерге, сырттай тілеулерге үлкен алғысымды білдіремін.



Рыскелді Сабырбай.

ЖИІ ҚОЛДАНЫС ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ҰҚСАСТЫРМАУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

Септеуді кім білмейді, жұрттың бәрі біледі. Білгендігі – сөйлеу барысында кез келген сөзді айтпақшы ойына лайықты септеп қолданатындығы. Ал енді сол күнделікті жиі айтылып, жазылып жүрген жіктеу есімдіктерінің септелуіне көңіл аударалықшы. Айырмашылық тез аңғарылуы үшін дыбысталуы жақын зат есімнің септелуін де қатар келтірелік.

мен	сен	кен
меннің, менің	сеннің, сенің	кеннің
менге, меған,	сенге, сеған,	кенге
маған	саған	
менді, мені	сенді, сені	кенді
менде	сенде	кенде
меннен, менен	сеннен, сенен	кеннен
менмен, менімен	сенмен, сенімен	кенмен

Көріп отырсыздар, осы жіктеу есімдіктерінде біршама өзгерістер байқалды, тиісті жалғаулықтардың орнынан әлдеқандай бір өзгеше формалар да пайда болыпты, ол неліктен? Ықшамдалу жөнінде хабарымыз бар, мәселен дыбыстардың, буындардың семіп кетушілігі, сөз қысқарылуы, т.б. Бұл айтылғанның аталмыш жіктеу есімдіктеріне қатысы жоқ емес бар, бірақ тек бұнымен ғана тоқталу аздық етер еді, өйткені мұндағы *маған, менге* болуларының екеуі де бес дыбыстан тұрады, ал *менімен, сенімен* болып келулерінде тіпті, артық дыбыстар пайда болды, демек, мұны қалай түсіндіруге болар еді? Тағы да біраз мысал келтірейік. **Көрік** деген түбір сөздің екі мағынасы бар: көрік (вид), көрік (кузнечный мех). Түбір тұлғасында ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл сөздің тәуелденіп келуіне (III жақ) қарасақ, өзгерісін бірден байқаймыз: **елдің көркі,**

елдің көрігі; ұстаның көркі, ұстаның көрігі. Енді ұрыс (I бой, битва, II ссора) деген омоним сөзді алайық. Осы сөзге у жұрнағы жалғануына көңіл аударалық. Сонда алғашқысы **ұрысу** (соғысу), кейінгісі **ұрсу** (зеку) болып шығады, яғни, ы дыбысының бірінде болуымен, екіншісінде болмауымен мағына дәлдігі орын алды. Кейінгісінен ұрсысу сөзінің негіз алғандығын да айта кетейік.

Сас түбір сөзінен **састы** және **сасыды** деп жасалуының ыңғайы да жоғарыдағыдай үлгіде, ал **састы** сөзінің көмекші етістікпен тіркесіп келуі өткен ғасырдағыдай **сасып қалдым** дегеннен гөрі **сасқалақтап қалдым** дегенге ауытқып отырғандығы да бекерден бекер болмаса керек, өйткені **сасып қалу** бүгінде негізінен жаман иіс болу мағынасын арқалайды.

Адамдардың сөйлесуі автор **сөзінсіз** болады (оқулықтағы сөйлем). Бұл сөйлемдегі қарамен берілген сөз тәуелденіп келген (III жақ) де, одан кейін оған сын есім жасайтын **сіз** қосымшасы жалғанған, бұл түсінікті. Ал ортадағы дыбысы қайдан, не қажеттіліктен пайда болды, неліктен дәл сол араға кірістіріле қалды? **Көз** сөзін де осы үлгімен келтірсек, осы құбылысты көреміз. Енді осы арада бұған дейін айтылғандарды бір қорытып алудың реті келді.

Күнделікті жиі қолданыста жүрген сөздердің ықшамдалуы негізінен тез айтылу, жеткізілу қажеттігінің нәтижесімен болса, сондай-ақ осы күнделікті жиі қолданыста жүрген сөздер мағыналарының басқа сөзге, мағынаға ұқсас болып кетпеуі де тілдің табиғи талабы болып табылады. Біз бұдан былай бұл аталып отырған тілдің табиғи заңдылығын **ҰҚСАСТЫРМАУ** деп атайтын боламыз. Тілдің бұл ұқсастырмау заңдылығының көрінісі жоғарыда айтылып кеткен **мен** жіктеу есімдігінің барыс, көмектес септікте келуінен нақты танылады: *менге-меңге* (родинка), *менмен* өркөкірек деген ұғыммен қабылданбауы үшін *меған-маған*, *менімен* боп келіп тұр. **Сен** жіктеу есімдігінің септеліп келуіндегі өзгерістер де дәл осындай: *сенге-сеңге*, сондықтан *сеған-саған*; *сенді* - иланды, сондықтан *сені*; *сенмен сен* (ты), *мен*

(я) болмауы үшін *сенімен* болып тұр. Ал басқа септіктегі өзгерістер ықшамдалу, ыңғайлану барысында болған. **Сөзінсіз** дегенде *н* қосымшасы болмаса *сөзсіз* болып келер еді де, бұл *сөзсіз* деген мағынаға икемделер еді. Мұндағы *н* дыбысын ұқсастырмауға қызмет етіп тұрған форма деп түсінеміз. *Саған, маған* дегендегі *н* де осы форма болса керек. Міндетті түрде нақты басқа мағына беріп кетушілікті ғана емес, сөздің құлаққа сіңімді естілмеуін болғызбау да ұқсастырмау заңдылығында есепке алынады. Әр сөздің де өз «мінезі» бар емес пе. *Ол, бұл* есімдіктері септелуінің өзгерістері ықшамдалу, ыңғайланумен, сондай-ақ ылдым-жылдым, қылтың-сылтың, бұлдыр-бұлтың тәрізді еліктеуіштерге ұқсап кетпеуінің басшылыққа алынуымен ұғынықты болмақ. Әннің белгілі халалайы, лалалайы емес сөздегі -лылық, -лілік, -сысы, -сісі деп быдықтауды, бытпылдықтауды күнделікті сөйлеу тілі ұнатпайды. **«Сексен көл Көкшетаудың саясында, Әрқайсысы алтын кесе аясында»** деп дәл осы жазылғандай етіп Сәкен өлеңін айтып көріңіз, онда ән әдемілігі жоғалады. Мұндағы «бір қарындағы бір құмалақ» – *әрқайсысы* деген сөз. **Сығай ханның сорлылығы болмағанда, біздің мемлекет боп нығаяуымыз ертерек тамамдалатын ба еді, қалай...** (Ә.Әлімжанов, Махамбеттің жебесі, «Жазушы», 1981, 373-бет). *Арлылық, ғылымилылығы, майлылығы, куәсіңдер* деп жазылған сөздер де бұлай айтылмайды, ал айтылған жағдайда тұтыққандай, кекештенгендей әсер беретінін айттық, сондықтан *әрқайсысы, сорллығы, ғылымиллығы, майлығы, куәссіңдер* деп дыбыстаймыз. Жалпы, ұқсастырмау мен ыңғайлану, ықшамдалу – аралас-құралас жүріп отыратын процестер. Тілдің, сөйлеу тілінің соншалық нәзік ыңғайда қырланып, жұмырланып, дамып отыратын құбылыс екені көпшілік көзге бадырайып көріне бермегенімен, бұл – тірі, қалың қауым күнделікті қолданып отыратын қатынас құралымыздың бір көрінісі. Қырлану, жұмырлану, даму дегеніміздің бір ұшы тілдің осы ұқсастырмау заңдылығына барып тірелетін болса керек.

Кейде біз жазба тілде (жазуда) көп қолданысқа ие бола қоймаған

тұлғаны кездестірсек, оны «тіл ауытқу», яки «әлдебір өңірдің тіл ерекшелігі» дей салуға бейімбіз. Оны *біреуі – біреуісі, екеуі – екеуісі, үшеуі – үшеуісі, алтауы – алтауысы, мынауы – мынауысы, анауы – анауысы* дегендегі екінші сыңарларды жоғарыда айтылғандай танитындығымыз растайды. Жазбаларда бұған мысалдар бар, сөйлеу тілде байқаған жанға, тіпті, мол.

Егер испандықтар алдында шектен тыс ашқарақтықпен өзіңе қажет-қажетсіздігіне қарамай мол дүниені анаусын да, мынаусын да алып, оған да көзің тоймай, тағы да басқа әшекей-үшекейге құмартып, өлермендікпен ұмтыла берсең, олар жайыпана мырс етеді де, «ла касо» дейді (Ег. Қазақстан 11.11.92 ж.). Мұндағы *с* - ұқсастырмауға қызмет етіп тұрған форма. Аталмыш сөздерге неліктен қыстырма дыбыс кіріскендігін ілік септікпен келуі арқылы жеңіл түсіндіре аламыз. Тез айтылуда түбір сөз соңындағы *ы, і* дыбыстарының көмескіленуінен *біреуінің – біреудің, екеуінің – екеудің, анауының – анаудың, мынауының – мынаудың; баяулай ы, і* дыбыстарына мән беріле айтылса, *біреуінің, екеуінің, анауының, мынауының* боп кетушілігіне жол бермеудің бір мүмкіндігі *с* формасының кірістірілуі болса керек. Әрине, бұған қарап «мынауының, үшеуінің деп айтпаймыз, айтуға болмайды» деген бір жақты ұғым тумауы тиіс, халық елегінен ешкім артық емес, еленудің өзі – белгілі бір тарих уақытының көрсеткіші Біздің айтпағымыз – осы сөздерге әлдеқайдан тап болған *с* дыбысының ұқсастырмауға қызмет етіп тұрғандығы.

Қазақтың басым бөлігі ауылдық жерде тұратын болғандықтан *ат ертте* деген тіркес үнемі құлаққа естіледі, ал оның бұрын «ер қанаты – ат» кезіндегі қолданыс жиілігі ше?! Мұндағы *ер* – зат есім, *те* – зат есімнен етістік жасайтын жұрнақ, ал *т* ұқсастырмаудың формасы. *Ат ерде, ат ерле* десек, өзгеше мағына байқалып тұр, *ат ертеді* деп айтсақ та көздеген мағынаға жете алмай қалған болар еді. Міне, сондықтан *ат ерттеді* делініп айтылу тура, дәл беруімен лайықталып тілімізде орын алған.

Еке қосымшасы кісі есімдерін атауда өзіндік үлгісімен орын

алып, ізеттілікті, сыпайылықты білдіреді. Осы орайда, мәселен, Тұрсынбек, Тұрсынәлі есімін *Тұрысеке*, *Тұрсеке* дегеннен гөрі *Түреке*, *Түреке*, *Түке деу*, *Амангелді*, *Аманғали* сияқты есімдерді *Әбеке* (тіпті **Аманеке**, **Аман** десе де) деу, Ырысбай, Ырысхан секілді есімдерді Ырсеке (Ырысеке) демей *Реке* деу ұқсаспау арқылы естір құлақ талабынан шығатыны сөзсіз. Жас шамасы қатарлас Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннің бірінің *Ғабеке*, екіншісінің *Ғаба* аталғандығы да ұқсаспаудан туған. **Ғабеке**, *айтыңызшы мыналарға, мен кімнің қазынасын ұрлап едім* (М.Мақатаев).

Жалпы, тілдің бұл ұқсастырмау заңдылығы – сөйлеу барысында, сөзінді, ойынды біреуге жеткізу, ұғындыру барысындағы әрекет кезінде табылатын, кездесетін заңдылық. Мәселен, *түс* деген сөз түбір тұлғасында бірнеше мағына бергенімен сөйленуде әрбірі тіркескен сөзімен өз мағыналарын айқындайды. *Түс көрдім*, *аттан түс*, *түрлі түсті теледидар* десек, оның мағыналарын бір-біріне ұқсастырмаймыз, шатастырмаймыз. Бұл заңдылықты елемей «қателіктер» жөндеу өз нәтижесін бермейді. Таудай биік азамат, әйгілі жазушымыз Ғабит Мүсірепов әбден қартайып, көз жұмарының алдындағы сыни мақаласында «оңтүстік оңтүстік, солтүстік солтүстік болуы керек» деп жазғаны ұмытыла қойған жоқ. Бұл айтылған пікір қалың жұртшылықтан құптау тауып кете алмады, неге? Әрине, қалыптасқанның өзгерілуі қиын екендігі өз алдына, сонымен бірге *тұстық* деу *тұздық* деумен бірдей еді. Тұздық – ежелден бері келе жатқан дәм, яғни, бұл жерде сөз. Ал түс кезіндегі түскі тамақты түстік, кешкі асты, кешкі тамақты кештік деу бірде-екілі автордың жазғаны болмаса, жалпы, халықтық қолданысқа ене қоймаған. Осы орайда -ов, -ованың орнын басар деп біраз жұртшылық ден қойып отырған қысқа да нұсқа *тегі* сөзінің жалпылай қолданысқа ие болып кете алмауы да бір себептен бұрын оның өз алдына өкіну, қынжылуды білдіретін одағай болғандығынан (тегі, тәйірі) дер едік. Психологиялық сипаты күшті одағайлар мағынасының жойылып кетуі оңай

болмаса керек, керісінше, басқа сөз таптарынан сезім араласу арқылы одағайлар жасалып жатуы – кездесіп отыратын құбылыс. *Мәссаған* дейтін одағай *мә саған* дейтін сөз тіркесінен жасалған, с дыбысының үстемеленуі ұқсаспауына қызмет етіп тұр. *Жігіт боп қалдым деп ұяламысың, мә саған жігіт болған, мә саған* (Ғ.Мүсірепов). - **Мәссаған!** *Азық-түлік неге құрып кетті десем...* (Ә.Нұрпейісов. Күйреу. А., «Жазушы», 1981,175-бет).

Бұл ұқсастырмау заңдылығы кейде белгілі бір өңірдің тіл ерекшелігінде өзіндік сипатымен де көрініп отырады. Шығыс Қазақстан облысының таза қазақи бір ауданы – Қатонқарағайдағылар шалғыны *тартпа*, ал тартпаны (аттын) *айыл*, сондай-ақ үстелдің тартпасын *суырма* дейді. Бұл өңірлерде сүйсінушілік, ризашылық ыңғайындағы *көрім* дейтін сөз қолданылады, **көрім болды** жақсы болды дегенді білдіреді. Ал мұнда *көр* (мола) сөзі қолданылмайды, егер ол сөз қолданылатын болса, онда *көрім болды* тіркесі бұл арадан ығысып кетер еді. Тілдік ерекшеліктердің өзі негізінен сөйлеу тілде, барлық салада қазақ тілі тұрақты қолданысқа ие болып келген өңірлерде көптеп кездесетінін, мұндай ерекшеліктерге дұрыс, дұрыс емес деген талап тұрғысынан емес, кең тілдік ортаның байлығы дегендей көзқараспен қарауымыз керектігін, ал кең тілдік орта жоқ, тек кітаппен ғана, күнделікті баспасөз, ақпарат құралдары мәліметтерімен ғана өмір сүріп отырған орталарда мұндай ерекшеліктер кездеспейтіндігін, бәрі де жазудағыдай, кітаптағыдай болатындығын айта кетсек артық болмас.

Орын тәртібі де ұқсастырмауға өз үлесін қосатын болса керек. Мысалдары: **Жаным менің**, *мынау жарық дүниеде* *Өзгермейтін не бар екен білдің бе?* (Т.Нұрмағамбетов). **Менің жаным көк сандықта** («Ер Төстік» ертегісінен). Құлыным менің деген тіркестен адамға, *менің құлыным* деген тіркестің жылқыға айтылғандығы аңғарылып тұр. Осы заңдылық тарапынан кейбір қалыптасқан ұғымға да басқа қырынан қарай аламыз. Қазақта «Мал-жан аман ба?» деп хал-жағдайын сұрасу болған, қазір де азды-көпті айтылады. Мұндағы *мал* сөзінің *жан* сөзінен ілгері

келуіне орай «қазақ малының жайын адамынан бұрын сұраған» деген түсінік кейбір әдебиеттерде де, осы жөнінде ой түйіндеген жұртшылық пікірінде де бар. Егер бұл хал-жайын білісу *жан-мал* деп айтылса, мұнымыз *жаммал*, *жамал* болып естіліп ұғынылар еді. *Жамал* – бет, жүз, шырай деген сөздердің синонимі. Ән жолдарындағы «Жаз дидар жамалың-ай» деп келген жамал – осы жамал. Демек, о баста-ақ ұқсап, ой-мағына бұзылмау көзделінуден *мал-жан* болып қалыптасып кеткен. *Мал (малжан, малдар)* ұғымы болуы да ықтимал.

Қыстырма дыбыс келу арқылы қалыптағыдан басқашалай мағына танытылу да осы бір заңдылық үдесінен табылатын болса керек. - *Достым-ау, ушәскеңді бағып жүрсің бе, жоқ әлде анау жиырма бес сиырды ма?* (Ә.Асқаров. Тайга толғауы. (повестер мен әңгімелер. А., «Жалын», 1991, 64-бет). *Досым-ау* және *достым-ау* сөздерін салыстыра қарасақ, мағыналық айырма сипаты білінеді. *Достым-ау* сөзінде дос тәрізді тану, дос емес бөгдеге әдептілікпен тіл қату сияқты мағына аңғарылады. Н, с (жоғарыда) және т (осында) дыбыстарының мағына ұқсастырмауға қызмет ететін білдік.

Бұл мақаламызда біз тілдің мән берілуге тиісті бір заңдылығын «ұқсастырмау» деп атай отырып, оны тануға ұмтылыс жасадық, тілдік әлемнің әртүрлі саласынан мысалдар келтіре отырып сөзіміздің дәлелді болуын ойластырдық. Өзіндік ерекшеліктермен қай тілде болмасын мұндай заңдылық бар, тіпті, бұл тілге ғана тән емес. Биіктік, өлмеушілік тұрғысынан алып қарағанда өнер жолындағы жаңалықтардың бәрі дерлік ұқсамау, әсіресе, өз замандастарына ұқсамау талабынан туындап отырады. Ғылымда да солай. Ұқсастырмауды бұл дүниедегі дамудың, жетілдірудің, өркендеудің бір жолы десек, бұл айтылған тілге де қатыстылығымен орын алады. Тілдің ұқсастырмау заңдылығы негізінен ауызекі сөйлеуде жиі қолданыс табатын сөздерге, ұғымдарға, түсіндірулерге тән екендігін тағы қайталап айта келіп, кез келген тілдік дүниеден әшейін әлдеқандай бір сөз іздеп, езбелікке ұрынудан аулақ болуды ескерте отырып, мақаламызды аяқтағанды жөн көрдік.

ТЕҢДЕСТІКТЕР, СОЛ ТӘРІЗДЕСТЕР

Кейде біздер (мұғалімдер) оқу ісімізде кездескен жәйттің түп-төркінін, шығу себебін білуге көп талап танытпаймыз, мәселен, оның бірі – оқушының жазба жұмысындағы емле қателігін толық сараптан өткізбейтіндігіміз. Сабақты жақсы оқитын, ең бастысы біршама көркем шығарманы оқып түгескен шәкірттеріміздің емле қателіктерінің неліктен болғандығын білу пәндік шаруамыздың орайлы бағытына өз септігін тигізеді. Сауатты деген оқушының қате жазуының өзінің белгілі бір өзіндік мән-жайы бар, яғни, бекерден бекер қателеспейді. Әрине, бұдан тек үлгерімі жақсы оқушы жұмысы төңірегінде ғана қалып қою керек деген тұжырым ой тумаса керек.

Мектепте болған бір оқиғаның арғы-бергісін келтірсек, көп сөзділікке ұрынар едік, сондықтан бірер сөйлеммен ғана айтып өтейік. Екі мұғалімнің таласушылығы оқушы жазған (11-сынып) **силаған** деген сөзге байланысты өрбіген еді. Арнайы тексеруші оның төменгі саты сыныпта сый түрінде жазылуын айтқан екеуінің біріне қосыла келіп, қате деп тапқан болатын.

Расында, оқушы неліктен қателікке ұрынды, іздене соған жауап беріп көрелік, бәлкім қателіктің өзінен дұрыстықты, тіпті болмаса, ұшқынын табармыз. Мысалынан бастайық.

Қыздың үлкен ағасы сопы-шора кісі еді,

*Қарындастың қадырын **силап** ол да ішеді.*

(Жүмекен Нәжімеденов. Темірқазық. «Жазушы», 1982, 51-бет).

Мұны бір деп қоялық. Ендігі келтірілетін мысалымыздың да етістік емес осы зат есім *сый* түбірінен бастау алғандығына мағынасына бажайлай келіп көз жеткізе аламыз.

*- Ой-бұй, газға сүт қойып едім... - деп бетімді бір **сипап** тайып отырдым* (Зейнеп Ахметова. Шуақты күндер. «Жалын», 1984, 95-бет).

Сый-сияпат қос сөзінің өзінде осы аталмыш түбір екі түрлі жазылып тұр. Мұны енді үш деуге болады. *Сияпат* тұрғыласқа *ойпат, тұрпат, сұлпат* (сұлбат), *ілтінат* деп тізбегін келтіре кетейік.

Демек, мұндай сыйлаған тәріздес сөздерден оқушының байқаусызда қателікке ұрынуы мүмкін бе екен? Әрине, ұстаздың өз шәкіртіне орынды болыса білуі үшін осындайды әр кез біліп, ескеріп отырғаны жақсы.

Қолданысы өзара тең дәрежедегі вариантты (бұдан кейін **теңдестік** – Р.С.) сөздердің бірін дұрыс, екіншісін бұрыс деп жататын жағдайымыз кей-кейде кездесіп қалып жатады. Тілдік дүниені, өзге жайды, шағын аумақпен айтқанда, бұл жерде оқушыны нақты бағалай білмеуіміз осындайлардан да барып қалыптасатын болса керек. Толық теңдестік мысалының үлгісін жазып көрсетейік.

Иса тағы да тұмсығын мезгеп қара шоқпарды сілтеп кеп қалғанда, бұл бөрі де тыраң асты (Мұхтар Әуезов. Абай жолы (II кітап. «Жазушы», 1989, 81-бет).

Бұлардың не айтып, нені мезгеп отырғанын автор ажыратпаса, біз біле алмадық («Қазақ әдебиеті», 1986, 23-мамыр).

*«Бөлменің қапырығынан ескілер жарқын сөздерің» деп ақын кейін дәл сол мезгілді **меңзеген тәрізді*** (Осы газет, 1988, 8-шілде).

Жантастың нені меңзеп тұрғаны еске түсті (Әнуар Әлімжанов. Романдар. «Жазушы», 1981, 361-бет).

«Мұндай сөздердің тек бірі ғана қалуы керек, екіншісі қолданыстан шығады, ол – мынау» дегендей үзілді-кесілді жол көрсетсек, онда бұнымыз табиғи тіл заңдылығын ескермей бұра тартқан бір іс болар еді, демек, нағыз теңдестікке тек уақыттың ғана билік айта алуына мүмкіндігі бар.

Теңдестікте көріну негізінен тіркеспен келетін сөздерге де тән. Мысалы: *Маконданың аса мархаббатты қамқоршысына лайық салтанатпен жерлеуге **пұрсат берді*** (Г.Маркес. Жүз жылдық жалғыздық. А., «Жалын», 1985, 85-бет).

- Шуылдамай, Мағжан туралы хабарды көруге мұрсат беріңіздер, - дедік («Алматы ақшамы», 1992, 22-наурыз). Біз бүйерде рұқсат (лұқсат) сөзін көрсетпедік, расында, ол – бұл екеуімен салыстырғанда басқа мағынадағы дерлік сөз.

Бірнеше сөздің жиналып, отырықшыланып, бейнелі ұғым ретінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінің де теңдестікте қолданылатындығын білгеніміз жөн. Бұл теңдестіктің ең негізгі, басты қалыптасуының себебі – алғашқы терең астарлы мағынасының жылдар өте келе кейбір, қайсыбір орталарда ұғынылмауынан. Ең негізгі, басты деп бекер айтып отырған жоқпыз, демек, бұдан да өзге себептері бар деген сөз. Мақаланың көздеген ойы басқа болғандықтан, оны тарата айтуды мақсат тұтпадық. Тұрақты сөз тіркесіндегі теңдестіктің мысалын төмендегі сөйлемдерден табамыз.

*О байқұс әншейін жапан түздегі жалғыздығына жабырқайт-
да. Сосын «таз ашуын тырнадан аладының» кебін киіп,
жазықсыздан-жазықсыз мұны қажайды (Әлібек Асқаров.
Повестер мен әңгімелер. А., «Жалын», 1981, 72-бет).*

*«Таз ашуын тырнап алады» демекші, ол енді әйеліне жекіп
ұрса сөйлеп кетті (Әкім Тарази. Қорқау жұлдыз. А., «Жазушы»,
1991, 181-бет).*

Осы бастапқы келтірілгеннің мағынасын зерделеу қажеттігі болып жатқан жағдайда мұғалімнің бір әжетіне жарар деп Мұқағали өлеңінің мына бір шумағын келтірейік.

Шыбын-шіркей қаға ма

*Шоршып судан ақ шабақ?!
Таз тырна отыр жағада*

Сыңар аяқ, ақ қабақ.

(Жырлайды жүрек. А., «Жазушы», 1989, 169-бет).

*Отымен кіріп күлімен шығу, суымен кіріп күлімен шығу,
шарадай басы шақшадай болу, шақшадай басы шарадай болу*
сияқты тұрақты сөз тіркестері де осы үлгіден табыла алады.

Кейде жүре келе, бертін келе жасалынған, яғни, жеке бір адамдар

тарапынан ғана естіліп қалатынға, сөйтіп теңдестікке қарай бет бұрғанға, мүмкіндігіміз болып жатса, қошемет көрсетпегеніміз жөн. Мәселен, «Жылт-жылт еткен, жырадан өткен», «Жылт-жылт еткен, жылғадан өткен» деген жұмбақты алайық. Мұндағы *жылғадан өту* қалыпты көрініс болса, ал *жырадан өту* дегеннен су өзіндік бір қасиетімен ерекшеленеді. «*Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен*», «*Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен*» болып әрқайсысы айтылар ойға сай өз орнымен қолданылып жатса оған амал қанша. Қалай дегенмен де, осы мақаладағы ерекшеленен берілгеннің біз ұнатпағанының өзін және осы тәріздестер оқушының жазба жұмысында кездесіп қалатын жағдайда белден бір сызып, қате деу қиянат болар еді.

Тарихын, қалыптасуын айтсақ, бәлкім, бір түбірден, яки сол түбірдің өзгеруінен жасалып та тұрған болар, ал, бізге керегі — нақты қазіргісі.

Білім тапсақ сірә да,

Білмес нәсте бола ма? - деген жолдарды жазайық (Баймағамбет Ізтөлин. Кітапта: Қазақ совет әдебиеті. «Мектеп», 1987, 21-бет). *Нәсте* сезінде *нәрсе* сөзіне қарағанда бұлыңғырлық реңк бар, демек, осы сипатының өзі тиісті жердегі талап деңгейін танытса керек. Егер осындай қолданыс, әрине, өз ыңғайымен, орнымен кездесе қалса, оған түсіністікпен қарай білейік.

Өз заманының жалынды жыршысы Дулат Бабатайұлы:

Жақсы болса ұлығы,

Өз елін жаудай таламас.

Қасқыр тартып қан шықса,

Жаман ит жұлып жей берер,

Алды-артына қарамас, –

деген ғой. Сол айтпақшы, тек кемшілік, олқылық, қателік іздейтін қайсыбір тексерушілер шәкірттерімізден жоғарыда көрсетіліп кеткендей дүниелерді теріс деп қаралап, белден бір-ақ басып жатқан жағдайда оларға көмекке, болысуға келе алмасақ кім болғанымыз?! Ол үшін тілдік тіннің ұңғыл-шұңғылын аялы

көзқараспен терең тани білуіміз бойымызда болуы керек.

Білім беру ісінде сабақ айтып тұрған бала сөзінің андаусызда шалыс кеткен жерін кекеп, керги мысқылдаған мұғалім қандай ұнамсыз болса, оқушымызға, шәкірттерімізге болысатын, қамқорлық танытатын тұсымызда басқаша тұрғыдан көрінуіміз де соған жетеғабыл жәйт болмақ. Мұғалім еңбегінің жемісті болуы әрі жеңісі шәкіртімен түсінісе, бірлесе жұмыстас бола білуі десек, жоғарыдағыдай бір іс осы жолға жеткізер бір тармақ деуімізге әбден болады.



ЖАЗЫЛЫМ МЕН ОҚЫЛЫМ: Ы, І ДЫБЫСТАРЫ

Дауысты дыбыстар шоғырында жақ кеңірек ашылмай-ақ, ерін алға шыға сүйірленбей-ақ тілдің қалыпты орнында болып айтылатыны – ы дыбысы: өкпеден шыққан ауаның кеңірдек арқылы жақтың (ауыздың) сәл ашылуымен сыртқа шығуы. Ал дауыссыз дыбыстардың жеке өзінің дауысты дыбыспен, бізде ы, і дыбысымен буындаса, тіркесе келе ғана әліпбиде әрпінің аты естілетінін бұрнағы бір мақаламызда (Болашақ әліпби, ондағы әріптің аты //Қазақ тілі мен әдебиеті, №12, 2006) жазғанбыз. Ы дыбысының дауыс шымылдығын дірілдетпей бәсең үнмен айтылуы тыныс алып тұрғанымызға өте ұқсас, өзгедей айта қаларлықтай ерекшелік байқалмайды. Бұл дүниеде жер бетінде «ы» деп тыныстамайтын адам баласы болмайды. Мәселен, ө дыбысы қайсыбір ұлт, ұлыстың тілдерінде жоқ дегенге сенуге болар, ал жәй айтылуы тыныстаумен, яғни, тыныс алып оны шығарумен сәйкес келетін ы дыбысының сөйлеу тілінде болмауы мүмкін емес. Иә, сонда бар пәле атағы асқақтаған кей тілдердің

сөйлеуі мен оны жазып түсірудегісінің жер мен көктей екендігіне байланысты болып тұр.

Тікелей ы дыбысымен басталып жазылған *ыңырсу, ыңырану, ырс-ырс, ышқыну* сияқты сөздерден тыныс алудың түрлі сипаты танылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ықылық* сөзіне «Кеуде тұсындағы көк еттің жиырылуынан, іштен еріксіз шығатын үздік-үздік дыбыс» (10-том. А., Ғылым, 1986, 390-б.) деп берілген. Бұдан аңғаратынымыз – тіпті еріксіздіктің болуының өзінде бұл дыбыстың қатысы бар екендігі: сөздің түбіртегі -ық. (Түбіртек – түпкі тілдік бөлшек. Берікбай Сағындықұлы). Ы әрпі қосарлы дыбысты (дифтонг) белгілеуге алынған орыс тілінің өзінде *дыхание* дегенде «ударениесі» а-ға түседі, *дышатъ* дегенде де сондай, демек, мұнда ы+й тіркесімі емес, біздегідей жәй ы ғана. Тыныстау ұғымы аясындағы бұл сөздердің түбіртегі - ды. Тыныс сөзінің де түбіртегі - ты (ты+н+ыс). Тыныс, дем ал мағынасындағы *вдох* (айтылуы выдох, орысшасы да), тыныс, дем шығар мағынасындағы *выдох* (айтылуы выйдох) сөздерінен ы дыбысын есту қиын емес. Орыс алфавитінде ь белгісі мен ъ белгісінің арасында (бізде де) орын тепкен, сол алфавитке негізделген әліпбиімізде 37-болып орын алған ы дыбысы (і болса 38) жазба тілде расында қуғынға ұшыраған, әлі де ұшырап келеді. Бізде емес, өзгелер жазуында, бірақ оның кері әсері сол соқпақта жүргендерге де оңдыртпай тиетіні анық.

Қазақ тілі мен орыс тілінің тілдік дыбыстарының, оның айтылуының бір-бірінен бөле жаратындай айырмашылығы жоқ, тек бізде бар дауысты дыбыстардың жіңішкелерінің, сондай-ақ дауыссыз дыбыстардың жуан сыңарларының ол тілде жеке дара фонемалық дәрежеге ие бола алмағандығы болмаса, бірақ қосарлы түрде (дифтонг) келуде бар. Мысалы, *су, ту, шу, бу* сөздерін орысқа оқытсақ та, қазаққа оқытсақ та бірдей, демек, ұ дыбысы – естіліп-ақ тұр: *сұу, жұу, шұу, бұу*. Ең басты өзгешеліктің орнығуы оның қопармалы сипатында болса керек. Ал дауысты, дауыссыз дыбыстар тіркесімдерін белгілеуге арналған әріптер, бір дауыссыз

дыбыстың жеке өзінің келуі, бірнеше дауыссыз дыбыстармен сөздің басталуы, т.б.с.с. бұл — тек жазу үшін қалыптастырылған арнайы жасанды айырмашылықтар. «Батса батсын, қатса қатсын» дегенді басқаша түрде «баца бацн, къаца къацн» деп біз де жазуға боламыз. Көзге көріністегі өзгерістің әсері де өзгеше болатыны байқалады.

Орыс тілінің тілдік дыбыстарының естілу сипатына байланысты түйіндегенімізді ағылшын тіліне қатысты айта алмаймыз. Мұнда жақ, дыбыстау мүшелері орналасқан ауыз қуысы (тандай, тіл) бөлекшелеу ыңғай танытады. Сөйлеуде, естілімде қазақ тілі мен орыс тілінің тілдік дыбыстарының бірдейлігінің негізгі бір көзі оның тарихи түптамырына да барып тіреледі. Осы орайда Марат Барманқұловтың мына бір сөзін сол қалпында келтірейік: «...руссы пришли в Крым из Доно-Донецкого ареала. Они не были славянами. По одной из версий, они были потомками россомонов, сражившихся с готами, будучи союзниками гуннов. Они были неоднократно описаны арабскими и греческими авторами как этнос, живший около славян, но отличавшийся от последних языком и обычаями. Слились русы и славяне только в X веке. До этого времени русы были самостоятельными народом, хорошо известным в Германей. ...процесс слияния начался в IX веке. (Хан Иван. А., «Вифания», 1995,25, 26-б.). Автор кітабында сол кездегі ғалымдардың Рус пен Хазарды бауырлас халықтар деп жазғандығын да келтірген.

«Ит деп жазып, шошқа деп оқитын», яғни, жазылуы мен оқылуының ара деңгейі алшақ тілдердің қатарына ағылшын, француз тілдері енетіндігін Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) өткен ғасырдың I жартысында-ақ айтып, сондай-ақ *тебе* деп жазып, *тибие* деп оқитын орыс тілінің де осы қатардың аржақ-бержағында екендігін көрсеткен болатын. Сөздің жазылуы мен оқылуы сәйкес келетін біздің тіліміз үшін өзге тілдердегі, әсіресе, ықпалын, өктемдігін әлі жүргізіп отырған орыс тілінің алфавитінің, емле, ережелерінің қиындығының себебін өз тілдік табиғатымыз

тұрғысынан ашу керектігі болашағымыздың баянды болуына септігін тигізбек.

Мягкий мен *твердый* сөздері бір-біріне қарама-қарсы мәнде екендігі белгілі (антоним), сондықтан бірінің «жіңішкелік белгісі» аталынғанда, екіншісінің «жуандық белгісі» делінбеуі жөн болмаған. Айыру, айырылысуға қарама-қарсы мәндегі сөз қосу, қосылысу ғой. Қазірде қолданыста бар, қазақ тіліне өте жақын қарашай-балқар тілінде ғ (ғы) дыбысын ь түрінде, қ (қы) дыбысын кь түрінде жазып қалыптастырған. Бұл ь белгі мұнда дауыссыз дыбыстың жуандық нұсқасын жасап тұр. Ғ(ы)-дан кейін ы дыбысы, яғни, тек жуан дауыстылар ғана келеді. Ғі тіркесімі (буыны) ешбір сөзде, айтылымда болмайды. Сөздің басқы әріптерін алып жасалынған қысқартулар туралы әңгіме мүлде басқа. Ъ мен ь белгілерінің таңбалануы бір-бірінен дефистей сәл ғана сызықпен ерекшеленсе, ал бұлардың ы дыбысының таңбалануына да жақындығы көрініп тұр: ы әрпінде ь белгі және таяқ белгі (әліп); ы-ның жазылуының бас әрпінің жазба түріндегі бастапқы бөлік Ъ белгісіндей болып түсіріледі. Әліпбиімізде баспа түрінде жинақ боп тұрған, яғни арасы ашық екі бөліктен тұратын дыбыстың әрпі – осы ы ғана. Бұл күрделі таңбаның екінші бөлігі - І (Іл.Ін.Іс.Іш).

Сонымен бұларды тәптіштей не үшін келтірдік? Біздегі ы дыбысына таңбаның, әріптің дұрыс алынбағандығын тағы бір көрсету үшін. Мұның арғы жағында біз керемет деп үлгі тұтқан алфавитте дыбыстың жеке өзінің таңбалануы мен дыбыс тіркесімдерінің таңбалануын араластырып, тілінде бар дыбысына әріп арнамай белгі қойып, сөйтіп оны оқып үйренуімізді қолдан қиындатып, басқатырып жүргендігін бір байқату. Ал бұны толық дәлелдеу үшін әлі талай шикілікті жасандылықтардың шын бет-бейнесін, мәнісін ашуға тура келер.



БАҒДАРЛАМА, БАҒДАРЛАМАЛАР

Біле білген адамға оқытудың қайнар көзі, негізі – бағдарлама, бағдарламалар. Бір орталықсыз, иесіз ел болмайтыны сияқты мақсатсыз, жүйесіз ғылым-білім де болмайды. Республика мұғалімдерінің, өзіндік аумағымызбен айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің оқытушылық тағдыры осы қазақ тілі бағдарламасына, қазақ әдебиеті бағдарламасына тікелей қатысты. Әрбір сабақта, одан тыс кезде осы пәнге дайындалу барысында мұғалімнің, оқушының қолынан табылар оқулықтар да осы бағдарлама дегеніне сай құрастырылғаны белгілі.

Біз әңгімеден алынған бірер сөйлемдер, өлеңнен келтірілген бір шумақ та болса, оның туындыгерін біле аламыз, ал оқытудың ең басты құрылымын, бағдарын керсетіп беріп отырған бағдарлама құрастырушылардың аты-жөнін бірер сөйлем, шумақ туындыгерлерінің аты-жөні деңгейінде тани алып жүрміз бе, әй қайдам?.. Тіпті, көпшілігіміздің түсінігімізде бағдарлама жасау деген ұғымға ойлы көзбен қарай алушылық та жоқ-ау сірә, жоқ, ал ерен еңбектердің тиісінше ескерілмеуі жөн бола қояр ма екен?! Бағдарлама мүмкін көңілден шығар я шықпас, бірақ мәселе бұл арада онда емес, мәселе – бағдарлама мәнін, рөлін бәріміздің бірдей түсіне, түйсіне білмеуімізде.

Осы орайда журналымыздың арнаулы тілшісі Рыскелді Сабырбай 1978 жылдан бастап күні бүгінге дейін қолымызда жүрген қазақ тілі бағдарламасының құрастырушысы Бибігүл Кәтенбаеваға аталмыш құралдың өзіндік сыр-сипаты, жай-жапсары, өткені мен бүгіні төңірегінде ыңғайынша әңгіме ету үшін жолыққан болатын. Төменде осы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, әдіскер ғалыммен журнал тілшісінің сұхбатын ұсынып отырмыз.

- *Анай, сіз бізге алдымен бағдарламаның не екенін, бағдарлама түзу, оның құрастырушысы болудың жолын, оның нендей еңбектерден жиынтықталатындығын айтып өтсеңіз.*

- Мектепте оқытылатын білім негіздерінің бағдарламалары мемлекеттік құжат болып есептелінеді. Бағдарламалар Білім беру министрлігінің Оқу-әдістемелі Кеңесі құраған арнаулы комиссия мүшелерінің қатысы арқылы жасалып, талқыланып, коллегияда бекітілген соң жарияланады (сөздердің өткен кезбен айтылғандығы ескерілуі керек Р.С.). Бекітілген бағдарламалардың өзін баспадан шығарудың арнайы редакторы болады. Жауапты редакторлары институт бөлім бастықтарынан немесе Оқу-білім министрлігінің инспекторы болады. 1950-1970 жылдар аралығында қазақ тілінің өңделген, жаңарған, толықтырылған бағдарламаларының құрастыру комиссия төрағасы Ахмеди Ысқақов болса, мүшелері Әмеди Хасенов, Асхат Әбілқаев, Манташ Нұрғалиева, Ғабдолла Қалиев, Иманбек Ұйықбаев, Хасен Арғынов, Бибігүл Кәтенбаева, Күләйша Әбуова, Күләй Арыстанбекова, т.б. болған еді.

Мен сөзімнің басында-ақ бағдарламаның мемлекеттік құжат екендігін бекер айтып отырған жоқпын, сондықтан осы ыңғайда оның өзіндік күрделі еңбек талап ететіндігі бір төбе болатын.

Мемлекеттің қаулы-қарарлары, мектепке қатысты реформалар басшылыққа алынды. Бағдарлама құрастыру кезінде түркі тілдес республикалардың бәрінде дерлік іссапарда болғанмын. Осы істің басы-қасында жүргендермен пікір алмасу, еңбектерді салыстыра қарау, егер бар болса ұтымды жақтарын ала отырып өз ісімізде оның көрінісін таныту секілді жұмыстар айтуға оңай болғанмен, талай уақытты қанжығасына бөктеретіндігін сезіп отырған боларсың. Әр тарауға, тақырыпқа тоқталу барысында оның сол арнадағы ғылыми жетістіктерін қамти ыңғайлау сарыла отырудан барып туындайтындығы – жалпы ғылымға ортақ жәйт. Талай жыл мектепте тіл пәнінен сабақ беріп барып ғылымға келгендігім бұл істерде өз көмегін тигізгені сөзсіз.

- Жалпы бағдарламалардың тарихи құжаттық жолы, негізі қалай қалыптасқан еді?

- Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап Ресейге қараған елдер халықтарына білім беру мәселесі қолға алынды. 1920 жылы Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советі Халық ағарту комиссариатына қазақ тілінде программалар (бағдарлама), оқулықтар жасауды міндеттеді 1925 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты қазақ бастауыш мектебі үшін кешенді бағдарламалар жасауды қолға алса, ол 1927 жылы ресми түрде бекітілді. Бұл жасалған алғашқы кешенді бағдарлама 1930 жылға дейін қолданылып келді. Халық ағарту ісінің тарихында 1930-1931 жылдарда ұлы өзгерістер басталды. СССР Халық Комиссарлар Советі 1930 жылы «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім туралы», 1932 жылы «Бастауыш және орта мектептің оқу программалары мен режимі туралы», 1934 жылы «Бастауыш және орта мектептердің структурасы туралы», 1935 жылы «Бастауыш, орталау және орта мектептер үшін оқулықтар шығару және сату туралы» қаулыларын қабылдады. Бұл қаулыларда балаларды жаппай міндетті бастауыш оқуға тарту, мектепте оқытылатын білімнің ғылым негізінде жүйеленуі, білім көлемін анықтау, бағдарлама мен оқулықтар жасаудың принциптерін, міндеттерін саралап беру, баспадан уақтылы шығару, сату, мұғалімдерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету сияқты мәселелер нақтылы көрсетіліп, оларды орындау шаралары белгіленді.

1933 жылдан бастап бастауыш, орталау, орта мектептердің бағдарламалары мен оқулықтары, әдістемелік оқу құралдары жасала бастады. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің алғашқы кезеңдерінде бастауыш класс бағдарламаларын құрастыруға атсалысқандар Сейіл Жиенбаев, Шамғали Сарыбаев, Шайқы Кәрібаев, Әлішер Сәдуақасов, Телжан Шонанов, Ғали Бегалиев сияқты ғалымдар болатын. Бастауыш бағдарламаларындағы сауат ашу, жазу мәдениетін дамыту, тіл дамыту мәселелері негізінде біртіндеп келе орталау, орта мектеп қазақ тілі бағдарламаларының

жобасы жасала бастады. Жаңа қоғамның өсуіне, өзгеруіне, дамуына байланысты араб алфавитіне (1920-1924 жылдар), латын алфавитіне өзгерістер ендірілді.

- Қазақ тілінің (орталау, орта) бағдарламалары, олардың жүріп өткен жолдары, оны құрастырушылар, әр бағдарламаның өзіндік сипаты, сол кезеңнің талап-тілегі, бағдарламалардың бір-бірінен айырмашылықтары, өзгешеліктері туралы кеңінен сөз студия жөні енді келген секілді...

- Орталау және орта мектептің қазақ тілі бағдарламасының жобасын құрастырушы Құдайберген Жұбанов болатын. Орталау және орта мектептің 5,6,7-кластарына арналған алғашқы қазақ тілі бағдарламасы 1936 жылы жарияланды. 1940 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі орыс графикасы негізінде жасалған жаңа алфавитке көшу туралы заң қабылдады. Осы жылы жаңа графикаға негізделген бастауыш, орталау, орта мектептерде қазақ тілі бағдарламалары концентрлі, тура сатылы принципте жасалынды да, белгілі бір жүйемен оқыту басталды.

1940 жылғы «Қазақ бастауыш мектебінің программалары», «Орталау, орта мектептерге арналған қазақ тілі программасы» (құрастырған Сәрсен Аманжолов) деген бұрынғы жасалған бағдарлама материалдары мен жүйесіне көптеген өзгерістер енгізіле келіп, қазақ тілі бағдарламалары жаңарып толықтырылды. «Балалардың мектепте міндетті түрде оқуын 7-кластан енгізу туралы» СССР Халық Комиссарлар Советінің 1943 жылғы қаулысына байланысты қазақ бағдарламаларының мазмұнына да, жүйесіне де, оқу жоспарына да бірсыпыра өзгерістер енгізілді. 1944-45 оқу жылынан бастап мектептің үш түрлі сатысы белгіленді. I-IV кластар – бастауыш, V-VII кластар орталау, VIII-X кластар – орта мектеп болып, ендігі кезеңдегі бағдарламалар осы мектеп жүйесінде қайта қарастырылды. Мектеп жүйесінің құрылымына байланысты қазақ тілі пәні жоғарыда айтылған бағдарлама негізінде бастауыш, орталау (жетіжылдық), орта мектептерге жасалған бағдарламалармен оқытылып келді. Соғыс және

күйзелген қоғам тұрмысын қалпына келтіру жылдары бағдарламасымен оқулықтарды жетілдіру жұмыстары біраз қолға алынбады. Педагогика ғылымдарының зерттеу институты да жабылып қалған болатын.

1950 жылы V-VII кластарға арналған қазақ тілі бағдарламасы толықтырылып қайта басылды. Бұл өңделген, толықтырылған бағдарламада қазіргі әдеби тіліміздің грамматикасы (тіл заңдылықтары) қамтылды. «Тіл – тарихи құбылыс» екендігінен мәлімет беру, И.В.Сталин «Тіл біліміндегі марксизм жөнінде» және Н.Я.Маардың тіл туралы жаңа ілімінің тіл біліміне тигізген ықпалы ескерілді. Сонымен қатар морфология, синтаксис тараулары бірсыпыра зерттелген тіл материалдарымен толықтырылып, кейбіреулері нақтыланды. Қазақ тіл білімінің зерттелу, дамуына байланысты ВКП (б) Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін орта мектеп жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы» деген кезеңдегі қаулыларына байланысты және қазақ тіл білімінің даму, зерттелуіндегі жаңалықтар негізінде қазақ тілі бағдарламаларына өмір талабына сай өңдеу, жетілдіру жүргізіліп отырылды. 1957 жылы «Қазақ мектептерінде ана тілі мен әдебиетті оқыту жайы» деген республика көлемінде үлкен конференция өткізілді.

Осында ана тілі мен әдебиет бағдарламаларына, оқулықтарына жан-жақты талдау жасалынып, бағдарламалардың одан әрі жақсарылуына, жетілуіне бағыт берілді. Конференцияда қабылданған қаулы-қарарлар бойынша 1960 жылы қазақ тілі бағдарламасы 5-7-кластар үшін жаңарып шықты. 5-6-кластарда өтілетін тіл материалдары тілдің ішкі заңдылығына сәйкес жүйелендірілді. Тіл дамыту жұмысы, жаттығу, қайталау, орфография мен пунктуация жөніндегі мәселелерді тіл фактілерімен ұштастыра білдіру жағы бағдарламада да нақты көрсетіліп берілді.

1967-68 жылдары балаларды мектепке алты жастан қабылдауға байланысты қазақ тілі бағдарламасындағы тіл материалдарының

орналастырылу, тізіліс жүйелеріне біршама өзгерістер ендірілді. 1970 жылы қазақ тілін 4-8-кластарда оқыту ұйғарылды. 1972 жылғы қазақ тілі оқу жоспарына 30 сағат қосылып, бұл сағат бағдарламада IX класта (IV-VIII класта) өткенді қайталауға арналды. Осындай өзгеріспен 9-класта қазақ тілі материалын қайталау 1980-81 оқу жылына дейін орын алып келді.

- *Қазақ әдебиеті бағдарламаларында коммунистік, советтік кезеңнің ызғары әбден-ақ орын алған болатын. Ал тіл бағдарламаларындағы оның орны қандай, яғни, бұрын-соңғы бағдарламаларда қоғам мүмкіндік бермеген жәйттер болды ма?*

- Партияның Орталық Комитетінің әр кезеңдегі қаулы-қарарлары негізінде басшылыққа алынғанмен, қазақ тілі бағдарлама материалдарында әдебиет материалындағыдай түбегейлі өзгеріс енген емес, бірақ тіл материалдарының орналасуы, тізіліс жүйесі мен сағат сандарында айтарлықтай өзгеріс болды. Бұл өзгерістерді мәселен 1982-83 оқу жылына арналған қазақ тілі бағдарламаларынан байқауға болады. Орталық Комитет пен СССР Министрлер Советінің «Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді және оларды еңбекке даярлауды одан әрі жетілдіру туралы» қаулысында мектеп бағдарламалары мен оқулықтарындағы шектен тыс күрделі, артық материалдарды алып тастау, оқушыларды еңбекке, мамандық таңдауға баулу бағытында әзірлеу міндеттелген. Осы қаулы негізінде СССР Оқу министрлігі одақтас республика мектептерінде берілетін білім бір жүйеге түсірілген біртектес (типовой) бағдарлама негізінде оқытылуын талап еткен. Осыған орай қазақ мектебі оқу жоспарында V-VI кластарда оқытылатын қазақ тілі пәнінің апталық сағатынан бір-бір сағат қысқартылды. Мұнымен қатар қазақ тілі материалын одақ жасаған біртектес (типовой) бағдарлама жобасында жасау талап етіліп, кейбір сараланбайтын, өз ішінде жүйесінен ыдырамайтын үндестік заңы, сөз туғызу (сөздің жасалуы), зат есім, сын есім, етістік сияқты материалдардың ішкі заңдылығы сақталмай, 4,5,6-кластарда

шағыранды тақырыптармен беріліп, жүйесіз тізілді.

Ұлы империяның бағдарлама құрастырудағы бұл өзгерістері қазақ тілін оқытуға үлкен зиянын тигізгені дау тудырмайды.

- *Бастауыш мектеп қазақ тілі бағдарламалары мен орта мектеп қазақ тілі бағдарламаларының арасындағы мықты байланыс, бірізділік жоқтығының әсерінен талай нәрседен ұтылып жатқан сыңайымыз бар. Бұл жағдай о баста қалай еді, келешекте қандай тұрғыда болмақ?*

- «Орыс тілінің типтік бағдарламасы негізінде қазақ тілі материалдары, яғни, тіл бағдарламасы құрастырылуы керек деген Оқу министрлігінің Нұсқауы үлкен қателік болды. Бастауыш класс бағдарламасы концентрлі принциптен бүтіндей алшақтанып, тұра сатылы жүйемен құрастырылды. Тіл материалы дұрыс берілмей, оқушылардың тіл байлығы да, сөйлеу тілі де төмендеп кетті. Бастауыш пен орта мектепте оқытылатын тіл материалының жігі ажыратылмады. Үстірт атаулардың қайталануынан білім көлемі анықталмай, сауаттылық, сөйлеу, жазу, тіл мәдениетінің меңгерілуі қанағаттандырылмай дәрежеде болмады. Бағдарлама құрылымы мұғалімді де, оқушыны да жалықтырып, жалқаулыққа итермеледі. Ұлы Отан соғысына дейінгі бастауыш бағдарламасы баланың сауатын ашуда айтарлықтай еді деуге болады. Бастауыш мектеп пен орта мектептерде өтілетін қазақ тілі бағдарламалары бір-бірімен өте тығыз байланысты болуы міндетті. Мектепте оқытылатын нормативтік қазақ тілі курсының бағдарламалары бастауыш мектепте оқытылатын тіл материалдарының жүйелі заңдылығында саралануы қажет, демек, орта мектептің қазақ тілі бағдарламаларына бастауыштың бағдарламасы негіз болу керек.

- *Кейінгі кездегі ғылыми зерттеулер жетістіктері, өмір талабы, қоғам өзгерісі ықпалымен тіл бағдарламаларының өзгеруі жөнінде не ойлайсыз? Егер өзгерістер болса, олар тұтас құрылымдық тұрғыда ма, әлде тек ішінара тақырыптық деңгейде ме?*

- Қазақстанның егемендік алып, өзінің ұлттық мемлекетін,

үлттық тілін көтеруге аяқ басқан кезеңдерде 1986-1991 жылдар аралығындағы қазақ тілі бағдарламаларына біраз өзгеріс өндірілген болатын, бірақ өмір талабына сай, тіл заңдылығына байланысты өңдейтін олқылықтар жоқ емес. 1980-1983 жылдар аралығында алдағы жаңа қоғам талабына сай қазақ тілі бағдарламасын жетілдіру қолға алынған еді.

Бағдарламаның келешекте қандай тұрғыда болмағын Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институты мен республиканың Білім министрлігі қолға алып, ойластырып жатқан болуға тиісті. Сырт естуімше, институттың бастауыш білім беру лабораториясы бастауыш мектеп бағдарламасының жобасын жасап бітіп, талқылау жүргізіп жатыр дейді. Енді сол бастауыш білім беру бағдарламасы негізінде орта мектеп бағдарламасы жасалуы керек қой.

Тілші түсініктемесі.

Байқаған боларсыздар, аталмыш құралдың өткен кезіндегісі сөз болғанда сұхбаттасқан кісіміздің жүйрік аттай екпіндегенін, ал дәл қазіргісінің болашағына келгенде кібіртіктегендігін, жосыла кетпегендігін. Әрине, жосыла кетпеудің мәні әдіскер ғалымның зейнеткерлік жаста болып, істің басы-қасынан біраз алшақтағандығынан, өз ісін кезінде жауапты атқарғандығынан екендігіне шәк келтірмейміз.

Қазірде өзгерген, яки, тұтастай жаңадан құрылған, басталған дүние көп, ал өзгермей жатқан дүние аз. Сол өзгермей жатқан дүние деп мектептік оқу құрылымын айтар едік. Алайда оқу құрылымы да ептеп ішінара басқашалануда. Бұған дәлел – түрлі салаға, бағытқа бейімдей оқытылудың молынан болып жатқандығы. Мұндай өзгертулер өзімен бірге бағдарламалардың да болуын талап ететіні сөзсіз.

Бағдарлама туралы мұнымен әңгіме бітті ме, жоқ. Қайта бұл бар дүниені жалпы бағалай келіп, енді тікелей тоқталудың алдындағы бір сәт секілді. Әйтсе де, сөздің болу-болмауы оқырман ойына, қарымы мен алымына байланысты.

ТІЛДІ ОҚЫТУ БАҒЫТТАРЫ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Мектепте оқушыны өзіне баурамайтын, сондықтан күшпен игерілетін, сөйтіп мезі ететін, былайша айтқанда, «миын ашытатын» пәндердің қатарынан «Қазақ тілі» атты пәнді де көріп келеміз. Ал сол күшпен игерілетін білімнің ертеңгі күні жалпыға көпшілігі керексіз болып қалатындығын ойласақ жан-жүрегің ауырады. Басқа басқа болсын, ал ұлт ретіндегі ең қымбаттымыз, ең қасиетіміз – ана тіліміздің оқыту ісінде оқушыны зорлықпен өзіне ыңғайлауы, кейін оның көп бөлігінің өмірге қажетсіздігі қалай жанға батпайды?! Осыны ойлап ойымыз он саққа, санамыз сан саққа кетеді...

Рас, тәжірибелі, озат, еңбекқор, ізденгіш, дарынды мұғалімдер сан түрлі амал-тәсілдермен, түрлі жанама дүниелердің көмегімен оның бұлай болмауына күш жұмсап келеді, күш жұмсауда. Әрине, оларға алғыстан басқа айтар жоқ. Осыны көріп қана еңсең шамалы болса да көтеріледі.

Қалай болғанмен де оқытуда айтылмақшы, қамтылатын негізгі нысан басты рөл атқарады, яғни, тақырып соны оқытуымыз үшін берілген. Ауытқу бұл арада жақсы болғанмен де, түпкі нәтижеде дұрыстықтың көрсеткіші бола алмайды. Демек, оның жанама материалдарсыз, амал-тәсілдерсіз-ақ адамды (оқушыны) өзіне ынтызарлықпен ұмтылдыруы қандай ғанибет іс болар еді! Соған жетер күн бар ма екен?!

Тілімізді оқытудың басқа жолы болмауы мүмкін емес, егер оның ұшан-теңіз сарқылмас, сан қырлы, сан салалы байлығымыз екендігі рас болса. Сол дүниемізді оқытып игертудің тек бір-ақ, тек бір ғана жолы болғаны ма? Мұндай жәйт шындыққа келмесе керек. Бұл сөзіміз тек қана өз тілімізді емес, жалпы тіл атаулыны қамтитындығы да рас, бірақ, кім біліпті жер-жерде не боп жатқанын... Сондай-ақ бөтен тілді жұрт, мәселен, өздері үшін

қазақ тілін білу жолын көрсетіп бере алатын шығар, көрсетіп жатқан болар. Алайда қазақ балалары үшін қазақ тілін ұлттық бітімімізбен қабысатындай болып оқытылуының жолын шын мәнісінде көрсетіп бере алмасы да анық.

Үш ғасыр бойы түрлі сатыда, түрлі ыңғайда обыр орыс империясының қол астында болып келдік. Тәуелсіздік алған қазірдің өзінде сол империялық зардап, империялық таңбадан әлі арыла алмай отырмыз. Қысқасы, орыс тілінің әсері, өктемдігі әлі күшті. Көп нәрсе өзімізге байланысты. Қобыраған етек-жеңімізді жиып, жіті көзқарас таныта тілімізді енді орыс тілінің ыңғайына жыға беруге жол бермегеніміз жөн. Қорғаныс керек. Ол үшін өз тіліміздің онымен қатар ала қарағандағы кейбір түбірлі ерекшеліктерін біліп алуымыз керек. Нақтылы алыпқосушылық, басқаша қарау, т.б. бола жатар, ал біздің бұл бағыттағы ой түйгеніміз мынадай:

1. Қазақ тілі жасандылыққа емес, табиғилыққа жақын, табиғи құбылыстармен үндесе жүруге бейім. Демек, шындық дүниені мүмкіндігінше дұрыс бейнелеуге ұмтылады деген сөз.

2. Тіліміз жыл санауымыздан арғы сан ғасырлардан бері (әрине, бұл арада қазақ атауымен шатастыруға болмайды) келе жатқан, тарихи тамыры тереңнен табылатын тілдердің бірі.

3. Тіліміз қай ғасыр, қай заман болмасын негізгі даму сипатынан ажырап қалған емес, өзге тілдің әсерімен негізгі өзіндік даму сипатын жоғалтқан емес. Тілден безінушілер, олардың алуан түрлісі туралы әңгіме бөлек.

4. Қазақ тілі – түбір текті, түркі текті тілдің бірі. Түр-сипаты, дамуы тұрғысынан алып қарағанда жаңа түркі тілдерінің қатарынан саналады. Тарихы көне, бүгінгі түрі жаңа.

5. Сондай-ақ оның қазірдің өзінде, яғни, Қазақстанды өз алдына мемлекет ретінде әлем танып, тәуелсіздігін алғаннан кейін де орыс тілінің өктемдігіне (империялық кезіндегі жолынан табылуы, қазақтардың біршама бөлігінің ана тілін білмеуі яки нашар білуі, т.б.) өте қатты ұшырап отырғандығы да қазақ тілі

жағдайының өзіндік ерекшелік сипаты болып табылады.

Байқап тұрсақ, бұл жазылғандар тілдің тарихи, рухани, философиялық ахуалын, тіршілік көрінісін байқатса керек, демек, тілді оқытудың жалпы қимыл-қозғалысының өзіндік сипатына бір бағыт бере алар деген пікірдеміз. Бұл әр мұғалімнің, әсіресе, пән мұғалімінің жүрегіне асқақтық, жанашырлық сүйіспеншілік болып берік орналасуы қажет. «Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды» деп ғұлама Абай бекер айтпаса керек.

Қай пәнді болмасын оқыту оның түпкі мақсатына орай айқындалады. Өз пәндік тұрғымыздан қарағанда қалыпты күйдегі бала үшін мектептің 1-сыныбына келудегі білімдік жалпы мақсаты айқын: бірі – жазуға үйрету; екіншісі – оқи білуге үйрету. Қалыпты күйдегі баланың жеті жасқа дейін өз ана тілінің негізгі сөздік қорын игеріп болатындығы баршаға мәлім. Мектеп есігін алғаш ашқан бала аталмыш айқын мақсатты «Әліппе» және «Жазу» арқылы жүзеге асырады. Өз пәндік тұрғымыздан деп бекер айтып отырғанымыз жоқ, өйткені бес ай шамасынан кейін-ақ бұл істерді негізінен алғанда «Қазақ тілі», «Ана тілі» деп аталынатын пәндер жалғастырады. Осы орайда айта кетейік, бұл екі кітаптың атауы бірдей, мағыналас (ана тіліміз қазақ тілі, қазақ тіліміз ана тілі ғой) болғанымен, болашақ мақсаттары екі бөлек, екі пәндік жүйені құрайды: 1) «Қазақ тілі»; 2) «Әдебиеттік оқу». Жалпы осының өзі бізді талай ойға жетелеп тұрғандай. Мәселе атауда емес, ондағы атқарылар шаруаларда шығар, бірақ нақтылық деген жақсы-ау, шіркін!..

Сонымен бастауыш мектептің 1-сыныбында-ақ біраз мерзімнен кейін тездетіп дұрыс жаза алатын, тездетіп дұрыс оқи алатын балаға өзге бағдарламалармен қатар өзіндік жүйедегі қазақ тілі бағдарламалары, соған сай жасалынған оқулықтары да өз есігін ашады. Мұндағы сөзбен айтылған мақсаттар жақсы, бірақ сол мақсаттарға біз түсетін жүйе қол жеткізе ме?! «Қазақ тілінің» жекелеген емес, жалпы балаларға оқытылуының лайықсыздығының кейбір жақтары біздіңше мынадай:

1. Бұл осы жүйені ғылым етіп шұғылданатын жекелеген мамандар үшін арналынған, яғни, екі сыныпта 60 бала бар десек, тек соның біреуіне ғана нақты керекті дүние.

2. «Қазақ тілі» өзге елдердің өздеріне лайықтай қалыптастырған дүниесінің қазақшаға калькалануы.

3. Жүйенің көп бөлігі (тақырыптары) күнделікті тіршілікке мүлде керексіз.

4. Жүйенің көп бөлігі шартты түрде қолдан жасалынған, терең қаузасақ мәнінен айырылады.

Әрине, жаңа жүйе құрайтынның өзі бұған бір қарамай, сабақ алмай өте алмайтынын да айтуымыз керек. Жаңа үйді салып алмай тұрып ескі үйде тұра беруге әбден болады. Алайда қазақтың ұлт ретіндегі болашағы үшін күш жұмсап жаңа үй салудың орнына ескі үйді әлеміштей беру қашанға дейін созылмақ? Ең бастысы — ұмтылыс пен ниет болса, бітпес шаруа болмас, сірә.

Сөзімізді журналдың пәндік бағытына сай орайластырып отырмыз, әйтпесе мұны негізінен, егер мүмкіндік болып жатса, ұлттық мектеп мүддесімен біріктіре шешсе құба-құп болар еді. Бұрынғы мектептеріміздің үлкен бір бөлігі пәндік циклдар бойынша ыңғайластырылуда, жаңаруда. Сондай-ақ ұлттық тұрғыдағы мектепті қалыптастыру бағытында да игі істер жоқ емес, бар. Ол өз алдына арнайы сөз етілуін қалайды.

Мектептерімізде қазірде сыныптан тыс жұмыстар, үйірме жұмыстары іспеттілер өмір сүруін тоқтатты десек болады. Неге десеніз, бәрі де қысқартудан, ақша үнемдеуден келіп туындауда. Ақша үнемдеген, әрине, жақсы ғой, бірақ өзі қалт-құлт тіршілікпен жүрген мектептен ақша үнемдеу есеңгірете ұрған соққы болып тұрғандығы сөзсіз. Кей мұғалімдер, мәселен, үйірме жұмыстары арқылы қазақ тілін оқытуды жақсарту бағытындағы өзіндік шығармашылық ізденісін танытып жүрген болатын-ды. Біздің ойымызша, бұлардың бәрі үлкен өзенге айналар болашақтың бастаулары еді. Міне, мұның да жолы кесілді. Әрине, бар дүние жоғалмаса керек. Ендеше істелінген істердің басын қосып

жаныстырудың, жүйелеудің, сөйтіп бір қорытып ілгері кадам басудың да уақыты жеткен сияқты. Кім-кімдер осы тарапта үн қата алар екен? Мұғалімдердің ішінде де нағыз ғалымдардың бар екендігіне шәк келтірмейміз. Ал нағыз ғалымдардың мұғалімдерге, яғни, бала оқу – болашағымызды оқытуға шын ниетімен бұрылатындығынан үміттіміз.

Біздің өз шамалауымызша, қазақ тілін оқыту мынадай бағытпен жүруі керек:

1. Тіл оқыту мектептегі оқушылардың күні ертең әр түрлі мамандық иелері болатынын ескеріп, бәрінің де өміріне керекті дүниені қамтитын болуы керек.

2. Егер әдебиетті «сөз өнері, тіл өнері» деп ұғатынымыз рас болса, олардың, яғни, тіл-әдебиеттің бір арнадан табылуын, өзара жақындасуын ойластырғанымыз абзал.

3. Тілдік оқыту тілдің тыныс-тіршілігіне, оның нақты өмір сүруіне орай ынғайластырыла құрылуы керек.

4. Оқушылардың тіл, тілдік жүйе, құрылым негізінде өзіндік ізденіспен, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашуымыз керек.

5. Қарапайым тіл қатудан бастап шешендікпен сөйлеу, түрлі сипатта мақала жаза білу деңгейлері осы пәннің оқу жылдар аралығындағы жүріп өтетін жолы, игеретін икем-дағдылары болуы керек.

6. Тілді қорғаудың, тілдік қорғанудың сан түрлі жолдарын мектеп қабырғасынан-ақ біліп өсуіміз керек.

Байқап тұрсақ, тілді өмірге сай оқыту жұмыла көтеріп қалыптастырар күрделі іс екен. Әрине, оны арнайы тиісті ғылыми әдістемелік орталықтар нақты қолға алып жатса, нұр үстіне нұр құйылады. Жаяудың да шаңы шығатын кезі болады. Жалпы жекеден құралады. Жеке-жеке жалпыға қол жеткіздіртеді. Сондықтан «Сіздің осы тарапта не ойыңыз бар, осы жолдарды оқыған ғалым мұғалім, сондай-ақ мұғалім ғалым оқырман?» дудің де бір реті келген сияқты.

ЕСІМІҢ – ҰЛТТЫҚ ЕСІҢ НЕМЕСЕ «АТЫНДАҒЫНЫҢ» АТЫ ЖОҚ

Адамдардың ұлттық келбет, қасиетінің есімдерімен де ажарлана түсетіні анық. Қазақи кісі есімдері (аттары) тұтас қамтыла қарастырылғанда бір ғылыми әлем болмақ.

Отар болған өткенімізді бажайласақ, ұлттық қасиетке, ұлттық келбетке нұқсан келтіре, түпкі мақсат – жоюдың жолында сан түрлі амал-әрекеттерге барғаны бәрімізге мәлім. Оларды парықтай, талдай, таразылай білуіміз еліміздің түпкілікті баянды болуы үшін қажет. Айла-шарғылардың кейбірі сәл тереңірек барсақ байқалып тұрады, кейбірі ішкі сырын бүге алдыра қоймайды. Мәселен, Болатхан, Болатбек деген есімді Боря, Борис деп, Ерғали, Еркін деген есімді Ерема деп айта қойса, еті тірі, ұлтжанды азамат мұндай «шоқындыруды» бірден аңғарып, олай етуге тойтарыс береді, жақтырмайды, барар жерін байқай біледі...

Ұлттық танымдық мақалалар ғылыми-педагогикалық, әдістемелік басылым – «Қазақ тілі мен әдебиетінде» жарияланып тұрады. Таяуда мерейтойы аталып өткен ұлт жанашыры, ғалым Мекемтас Мырзахметұлының осы бағыттағы «Қазақ топонимдері мен антропонимдері» (№10, 2002) мақаласының өзінде талай түйіннің шешуі бар. Ал біздің бұл жазба дүниемізге автордың сол еңбегі мұрындық болғандығын айтуымыз керек, демек, сөзімізді ұғынбаған оқырманның сол мақаланы оқып шығуын қалар едік. Аталмыш мақалада жағрапиялық елді мекен, көше, оқу орындары, мәдени орындардың аттарын қоюдағы ресейцентристікке таңылған сауатсыздығымыздың мән-жайы сараланып айқын көрсетіледі. *«Жат-жұрттықтың есімі қойылған адам сол жұрттың идеологиялық белгісін өмір бойы көтеріп, соның тірідей насихатшысына айналғанын сезбейді де»* деген іспетті жолдар мақаланың өн бойында өрілген.

Ұлттық келбет – есімге нұқсан келтірудің көпшілікке байқала бермейтін, оңай-оспақта танылмайтын өзгеше бір қыры бар екенін жоғарыда байқатып өттік. Мұны білу үшін журналға және бір жүгінелік. Қазақ фәлсафа ғылымында озық тұрғыда көрініп жүрген ғалым Ғарифолла Есімнің мына бір сөзін келтірелік: *«Кейбір кітаптар мен оқулықтарда М нүкте Өтемісұлы деп жүргенде Махамбетке жасалып отырған әділетсіздікті аңғарасың. Әрине, бұл қасақана емес, не білместіктен, не қалыптасқан ретпен болса керек (№6, 2003).* Бұл арада Ғарифолла Есім осылай етіп жазудың әділетсіздігін айтып отыр. Тіпті, Ғарифолла Есім келтірмеген *М.Өтемісов* дегенді де көріп қаламыз, бұл дегеніңіз әділетсіздіктің, ашына нақты айтқанда, қорлаудың шектен шыққан бір түрі ғой. Қазақта тұлға адам бір Махамбет пе, Аллаға шүкір, тізбектей жазып келтіруге болады. Ал оларды *А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, Қ.Мұңайтпасов, М.Ж.Көпеев*, т.б. деп жазғанымыз – не сасқанымыз? Мысалы: «Қ.Мұңайтпасов атындағы спорт мектебі», «Ж.Жабаев атындағы мектеп», т.б. бар. Қажымұқан, Жамбыл атында болмағандығы өкінішті-ақ! Рухани жаңаруымыздың көрінісіндей жаңа буын әдебиет оқулықтарын да ашып қалсаңыз, осы таңбалық көрініс алдыңыздан шығады. Осылайша жөңкіл берсек, *Т.Әлібеков, Қ.Қ.Келдібеков, Б.Ш.Баймырзаев* деген қорлауды да көріп, етіміз өліп, таңқалмайтын тәріздіміз.

Жазушы Қабдеш Жұмаділдің *«Марксистдердің «Тіл – қатынас құралы» дейтін қағидасының астарында харамдық бар. Тіл – қатынас құралы ғана болса, оны кез келген басқа тілмен алмастыра салу қиынға түспейді. Бірақ, шындығы солай ма? Тіл – жай қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың бастан кешкен тарихы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, діл-иманы, бір сөзбен айтқанда, жаны емес пе?! Тілді алмастыру – жаныңды, иманыңды алмастырумен бірдей»* (Қалың елім, қазағым, «Қазақстан», 2000, 367-б.) деген сөзі бар. Сол сияқты тілдік қолданыста «Как твоя имя?» деп сұралмай, көбіне-көп «Как тебя зовут?» деп сұралуда да жасырын жымысқылық бар. Сұрап отырғаны – нақты есімің

емес, шоқындыра қойғаннан кейінгі сол баяғы Боря, Борис, Ерема тәрізділері.

Атын бір әріппен бере әдейі ескерусіз қалдырудың жемісі мол болғандығын күнде естіп те жүрміз. Көшелер, аялдамалар (анда-санда айтыла қалған қазақшасының өзінде а-ның қосылып келетінін былай қойғанда) *Әуезов, Байзақов, Мұқанов* делініп, аттары мүлде айтылмайтын болды... Алдағы өмірде ұлттық тіршілік жолға қойылып жатса, зов, қов буынын жасағыш овардан тез арада құтылу керек-ақ. Ал атымен ғана айтуды тіліміз азырқанып, аузымыз толмай тұрса, «Мұхтар Әуез, Иса Байзақ, Сәбит Мұқан» деуіміз керек. Қалай болғанда да аттарының міндетті түрде аталғаны жөн.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Елім менің» өлеңінде (ән) «Елім менің аңсаған, Тас бұғаудан босаған» деген қайырмасы бар ғой. Тіпті бізді сол тас бұғауда ұстаған халықтың өзінде оқу ордалары, мәдени орындарға, т.б. қойылған атаулар **имени** деп келетінін бәріміз білеміз: имя – ат, имени – атындағы. Ал олардың қалай адасқанын біз бұл арада айтып әуре болмаймыз.

Елімізде ат қойылған түрлі нысандар шаш-етектен, әлі де қойылуда, оған талас жоқ, жақсының аты шынында өлмесін. Сорақылығымыз сол – атындағы деп тұрған орында аты жоқ болып тұрады. Аты өлмесін деген ойымыз болды, алайда атын іс жүзінде өзіміз өлтіріп тұрмыз. Аты жоқ дейтін көкектің де аты бар емес пе?! Аты – Атжоқкөкек. Бұл туралы Берікбай Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» кітабының 96-бетінен мәлімет алуыңызға болады («Ғылым», 1997).

Әрбір қазақ азаматы ұлтының қамын ойлай, адамдық жолдан таймай жүрсе, аты алты алаштың аузында аталып, атағы жер жармаса да, қазіргі күнде ол да – тұлға. «Әр қазақ – менің жалғызым» деп Сабыр ақын осы тұрғыда айтқан болса керек. Ендеше есің барда есімінді ескерусіз қалдырма, ағайын: Ал аты-жөніміздің тіліміздің табиғатына сай болуы – өз алдына бөлек әңгіме.

ТҰҒЫРЛЫ ТАНЫМ НЕГІЗІ

Жалпы білім беретін мектептегі «Қазақ тілі» пәні ғылым да, ал «Қазақ әдебиеті» пәні өнер (көркемөнер) ме? Қолданыстағы оқу құралдарымыздың жалпы бағыт-бағдарына, мәніне, мазмұнына, пәндік құрылымына қарай келгенде «Иә» деп түйіп айтуға болатын да секілді (Әдебиет – сөз өнері. Әдебиет – асыл сөз, т.б.). Сонда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері бірде ғылым, бірде өнер танытушылары, үйретушілері болғандығы ғой.

Тілдік зерттеу жұмыстары латын, көне грек, т.б.с.с. алынған сөздермен терминдік атау беріле бұл күнде ғылым болып қалыптасып отырғандығы (жалпы тіл білімі ғылымы) бәрімізге де мәлім. Осы құрылымды өзек етіп «Қазақ тілі» пәні қазақ тілін оқытуда қолданыста жүр. Мұны ана тіліне аяулы көзқарас қалыптастыра оқытуда керемет жүйе деп айта алмаймыз. Аттары еш өзгеріссіз болғанымен, «Қазақ тілі» пәні мен қазақ тілінің өзі бірдей емес, алдыңғысы соңғысының өзгеше бір үлгідегі көрінісі ғана. Мәселен, біреу «Мен «Қазақ тілін» оқығым келмейді» деп айтса, көп жағдайда ол сөзі оқулыққа, пәнге қатысты болып жатады. «Қазақ тілі» пәнінің қазақ тіліне қызықтыруға, оны үйретуге емес, одан жеріндіруге, безіндіруге қызмет етіп жататын тұстары аз емес. Аттарының бірдейлігіне қарап теңестіре қараушылар қателеседі. Тілдің өзі – өнер, тілдің өзі – құрал, тарих, мәдениет, тәлім-тәрбие, адамның жан дүниесі, болмыс бітімі емес пе?! Тіл – ұлттың, мемлекеттің – ең басты, ең негізі сипаты, тіршілігінің тірегі.

Біз оқытып жүрген, қалыптасқан «Қазақ тілі» пәні үлгісі «Фонетика. Лексика. Грамматика» делінген үш саламен тарауларға, тараушаларға, жеке тақырыптарға, тақырыпшаларға бөлінеді, сөйтіп анықталады, талданады,

талқыланады, яғни оқытылады. Жас шамасы ескеріле бастауыш мектепте де осы жүйе бойынша бір қамтылып өтеді.

Жалпы бастауыш мектеп пен орта буын, жоғары сыныптардың байланысы, бір-біріне қатысы көңіл аударуды қажет етеді.

Әдебиеттің өнер ретінде оқытыла қалыптастырылуының негізі бастауыш сыныптарда тұғырланады, қаланады. Саясаттық мән үшін тапсырыспен жазылып, шынайы көркемдік құндылығымен емес, сол тақырыбымен оқулықтардан орын алып кеткен, т.б. шығарма арқылы әдебиеттің өнер ретіндегі әсері бәсең тартып, бұлыңғыр боп, тұманданып, міне, сөйтіп еш нәрсемен салғастыруға келмейтін, ауыстыруға болмайтын негізіне нұқсан келтіріп жүрген жоқпыз ба?! Әдеби кітапқа қызықпау, бәлкім, содан соң барып орныққан шығар.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында Жазушылар одағында оқулық талқылауға байланысты болған бір жиында білгір ғалым Ісләм Жарылғапов бастауыш мектептің әдебиеттік бағытындағы «Ана тілі» оқулықтарының материалдары қазақ ертегілерінен жинақталуы керектігін айтқаны әлі есімізде. Ол кезде, тіпті, бертінге дейін бастауыш мектеп үш сатылы (бірінші, екінші, үшінші класс) болатын-ды. Сонда аяулы ағамыз бала қабылдауының жас ерекшелігіне, ертегілердің сипатына, дәуіріне, т.б. қарай үш сыныпқа лайықталуын айтқан болар. Бұл пікірі өз құндылығын әлі жойған жоқ. Қазақ ертегілері – ежелгі дәуірлерден бермен қарайғы адамзат өмір тіршілігінің сан сипатын бойына жинақтаған, тәлім-тәрбиелік мәні ғажап (ол құрғақ ақыл тұрғысында емес, өн бойына өріле астарлы түрде келетін), тілдің көркемдік бар байлығы бойынан байқалатын, атына азаты сай (ерте, ертедегі – ертеке, ертегі), бала ұғымына лайық

ғажайып мұра. Ал сол мол мұрамызды он жасқа дейінгі бала игермегенде кім игеруі керек?!

Бұл өмірде негізі дұрыс емес қалыптасқан жасанды дүние болады. Оны қанша әлеміштеп, әшекейлеп, әр түрлі әдіс-тәсілмен жалтыратамын дегеніңмен кеуектеніп, іштей іріп-шіруін тоқтатпайды. Тілдің табиғатына сай келмейтін, яғни, ол үшін жасанды калып әдейі орайластырып жасалады. Құрту үшін, жер бетінен жоқ қылу үшін. Тілді құртудың даңғыл жолға қойылған біз білетін екі түрі бар: *іштей құрту* және *сырттай құрту*. Тілді сырттай құрту дегеніміз — оның қоғамдық қолданысының шектелуі, мемлекеттік мекемелерде ол тілді білмейтін, білгісі келмейтін, менсінбейтіндердің отыруы, т.б. осы сияқтылар. Ал тілді іштей құрту дегеніміз — сол тілдің табиғатын бүлдіретін, нұқсан келтіретін әрекеттердің жасалынуы. Мысалы: бөгде дыбыстар, әріптер, қосымшалардың түрлі желеумен күштеп енгізілуі, жазылуы мен айтылуы алшақ тілдердің сөздерінің толассыз ағылуы, тілімізге жат емле ережелерінің орнығуы, т.б.с.с. Қазақстанның тәуелсіздік алғаны — қазақ тілін сырттай, іштей құртуға бағытталған әрекеттердің тамырына балта шабылуы, жолының жабылуы. Осылай болуы керек еді, болмай тұр, осы күйімізге қарағанда болуы да әлі бимағлұм.

Қазіргі орта буын алғашқысы саналатын 5-сыныптан басталған «Әдебиет» 7-сыныптан кейін «Қазақ әдебиеті» болып жалғасын табады. Елімізде «Әдебиеттану ғылымымен шұғылданып жүрген ғалыммын» деушілер аз емес. Солай бола тұрғанмен, тәуелсіздігіміздің рухына сай әдебиетті дәуірлеу әлі ескерілмей жүр, я болмаса соны лайықтаған ғалымның еңбегі елеусіз қалған. Ғасырларды, жылдарды келтіре жазып қойғандықпен кезең келбеті, жылдар сипаты, ұлт тұлғаларының ұлы істері, ел үшін еңіреген ерлердің жүрекжарды сөздері айшықтала көрінбейді: «1917-1956

жылдардағы қазақ әдебиеті; Қазақ әдебиетінің 1956-1990 жылдардағы дамуы», т.б. Оқулықтағы дәуірлеудің түр-келбеті осындай.

Әдебиет тарихпен тығыз байланысты, әсіресе біздің қазақ әдебиеті. Мәселен, Абылай ханы жоқ қазақ тарихын көз алдымызға елестету қиын болса, Бұқар жыраусыз Абылай ханды тап басып тани алмаймыз. Бұқар жырау шығармаларына тоқталсақ, Абылай ханды айтып өтеміз. Әрине, бұл арада шынайылыққа қатысында зор маңыз бар. Бұқар жыры шынайылықтан, әлеуметтік салмақтан ада болса, жырау емес, бәлкім, сарай ақыны атанар еді.

Қалай дегенмен де әдебиет тарихи кезеңнің жемісі, туындысы ғой. Қазақ халқын өз атамекенінде жер бетінен мүлде жойылу жағдайына апарған екі нәубетті ерекшелеп көрсеткен ләзім: 1) 1723 жылдан тұтқиылдан басталған жойқын жоңғар шапқыншылығы (Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама); 2) патшалық отарлауды өзгеше әдіспен жалғастырған Совет өкіметі лаңының шарықтау шыңындағы (1928 жылдан бастап 1933-ші жылмен аяқталған) алапат аштық. Қазақ елінде болған талай зар замандар бүтін халықтың жарты бөлігінің тез арада қынадай қырылуына әкеліп соққан бұл екеуімен салыстыра қарағанда бар заман, баршылық заман секілді. Өз кезінде бұл сұмдық оқиғаның әдебиетте көрініс табуы мүмкін де емес болған шығар «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Сол нәубеттің соңына ала немесе кейін сол тақырыпты қамтыған көркем шығарма мектептегі әдебиет бағдарламасына міндетті түрде енуі керек. «Осындай нәубет қалай бастау алды, оған қалайша жол берілді, неге тосқауыл болмады?» сипатындағы сауалдар көркем шығарманы талдау барысында анықталуы керек. Егер ниет болса, «Барымен базар» дегендейін, көзіқарақты мұғалім Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романынан (9-сынып), Бейімбет Майлиннің «Айранбай» әңгімесінен

(11-сынып) бұл нәубетке қолайлы ахуал пайда болғанын аңғарта алады.

Жоқтан бар қашанда жақсы: «Бермесе де бай жақсы, жемесе де май жақсы». Өзіндік құрылым қалыптастыра, оны сынақтан өткізіп алмай тұрып, бұрынғы құрылымнан шұғыл жеріну, оны жоққа шығару оңды нәтижеге апармайды. Осыдан жиырма жыл бұрын «Оқыту, оқулық туралы жазыңыз» деген тапсырмаға он қателік таба сала «алақайлап», соның ыңғайында он беттік болмаса да бес беттік мақала жазып берер едік. Қазір олай істеуге өмір тәжірибеміз жібермейді.

Көбіне бізде мән-маңызы зор емес нәрсе туралы аса үлкен көңіл аударылып, ол өте маңызды мәселе боп жатады. Ал рухани дүниемізді, болашағымызды қалыптастырушы күш – оқулық жөнінде аз айтылады. Оқулық жазу ісі қолы бос әркімнің оңай шаруасының бірі ретінде қаралады. Оны жазып жарыққа шығару бірді-екілі адамның үйіріп әкелетін әрекеті саналады. Байқауымызша, оқулық жазуға аз уақыт беріледі екен және бөлінетін қаржысы да мардымсыз болса керек.

Оқулық, оқу құралдары – мемлекеттің озық болуына, ізгілікті қоғам құруға теңдессіз үлес қосатын жүйелі әрекеттің жинақталған қадамдары, мемлекеттік мәні зор іс. Тәуелсіздіктің қадірін сезінетін әр ғылым саласы ғалымдарының бас қосып, ұжымдасқан түрінде өмірге келер рухани дүние екендігі естен шықпаса екен дейміз.

Ғылыми құрылымдық істер жолын тауып көшін түзегенше ақша үнемдеу мен адам үнемдеудің одан аулақ болғаны жөн болар еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұран сөздерді көптеп қажет етеді. Ал енді қазір жүйелі жұмыстардың ғылыми құрылымын, ғылыми жұмыстардың жүйелі құрылымын қалыптастыруымыз – ең қажет, ең керек іс.

БОЛАШАҚ ӘЛІПБИ, ОНДАҒЫ ӘРІПТІҢ АТЫ

Кезінде өзге ұлтты (қазақта да) орыстандыру үшін енгізілген, сөйтіп бұл мақсатқа жету жолында өз нәтижесін берген кирилше жазуды латын қарпіне кешіру туралы салмақты да маңызды ұстанымдар зиялы қауым, ел назарын өзіне аударып, қажетті іс екендігіне ден қойғыза бастады. Тәуелсіздік алғаннан бергі «көшу керек», «керек емес» деген пікірлерді бұдан былай текетіреске салып соза бермей, көшудің расында **қажетті іс** екендігін мойындап, «қашан, қалай, қайтіп» тұрғысында бар күшті салып, барша мәселелерін алдын ала жан-жақты ойластырғанымыз жөн болмақ. Басқа үлкенді-кішілі ұтымды жақтарын былай қойғанда, **рухани отарсыздандудың** үлкен негізі осылай қаланбақ.

Ұлттық келбетіміз тіліміздің сөзі (ұғымы) тіл дыбысы арқылы, олардың тіркесіп, үндесіп келуі арқылы жарыққа шығады. Осы дыбыстар *дауысты, дауыссыз* деген атпен өте дәл анықталған. Расында, дауыссыз дыбыстың жеке өзінің дауысы, үні жоқ, ол дауысты дыбыспен қатар келу арқылы ғана өзіндік тұлғасын байқата алады.

Дауыссыз дыбыстардың (әріптердің) өзге тілдің ықпалында бэ, вэ деп айтылып, жазылып келген аттары бұл күндері 1912 жылы «Оқу құралында» Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) нақтылап берген табиғи, қазақи үлгіде өз жалғасын табуда. Мәселен, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (А., «Дайк-Пресс», 2001) осы із байқалады: *бы..., гі, гы, ды...* т.б. (21-бет). Осы келтірілгеннен аңғарылатыны: әліпбидегі дауыссыз әріптердің (дыбыстардың) аты ы және і дауысты дыбысымен тіркесіп келу арқылы ғана шығады.

Жазуымызды латын қарпіне көшіруде қазіргі (42 әріп) әліпбиімен бару шатастыру сорақылығына сүрлеу салады, сондықтан тілімізді лайықсыз басы артық әріптерден дәл қазірдің өзінде-ақ арашалап, ыңғайластырып қоюымыз керек.

Бұл үлкен шараға әріптердің (дыбыстардың) аттары да өз ықпал-әсерін тигізе алады.

Аталмыш *ы, і* дыбысы дауыссыздың дауысын шығаруға да, сонымен бірге оның жуандық, жіңішкелік табиғатын айқындауға да қатысады. *Ғы, гi, қы, кі...* дегенде бұл табиғат бірден аңғарылады. *Ғi, қi* тіркесімі қалай келеңсіз естілсе, *гы, кы* тіркесімі де дәл солай болуы керек. Жалпы *ы* дыбысының осындай таңба күйінде орыс әліпбиіндегі *ы* (ый)-мен бірдейлігі көзі үйренбеген (үйренбейтін) өзгелер үшін, сол тілде хат танып білім алған өз «қазағымыз» үшін сөздің жазба көрінісінің ұсқынсыз көрінуіне, айтылуына, адастырушылыққа ұрындырған. «Төл дыбыстарымыз» дегенге көп жағдайда *ы* дыбысы қосылмай да келді, сөйтіп екі дыбыстың айырмашылығы ескерілмеді. Осы орайда Алматы атауындағы *ты* жұрнағын «тыкать» деп жақтыртпаған орыс-қазағы араласатын атақты топтардың әрекеттерін мысалға келтіре кетсек тежеткілікті. Олардың кейбіреулерінің пікірлері республикалық баспасөз бетінде жарық та көрді.

Біздің тіліміздің өзіндік бір ерекшелігі – жуан дауысты дыбыстардың жіңішкелік сыңары бар болуы: *а - о, о - ө, ұ - ү, ы - і*. Бұлар әліпбиде бірінен кейін бірі өте дәл орын тауып орналасқан. Дауыссыз дыбыстың жіңішкелік сипаты бары дауысты дыбыстың жуандық сипаты барымен тіркеске түспейді (түспеуі керек) немесе керісінше. Дауыссыз және дауысты дыбыстардың жуандық, жіңішкелік табиғи бітімі болғандықтан *ь* (мягкий знак), *ъ* (твердый знак) белгілерін тілімізге кірістіру ыңғайлы да әдемі бүтін киімге ұсқынсыз жамау салғанмен бірдей. Қажетсіз әріптерден арылу ең алдымен осы белгілерден басталуы керек. Бұл қатарда *и+о, и+у, и+а* дыбыс тіркесімдерінің әріптері де бар. Жасанды үш әріптің де құрамында *и* дыбысы кездесетіндіктен алдымен *и* дыбысының

өзіне тоқталайық. Басын ашып алатын нәрсе: тілімізде бір ғана а дыбысы бар, ол – дауыссыз. Әліпбиде *иы (ui)* болып үні естіледі, естілуі керек. Қазақта *ио, иу* дыбыс тіркесімдерінен басталатын сөз жоқ, *иа* дыбыс тіркесімінде бірді-екілі сөз ғана. Сөздік қорда сөз ортасы мен сөз аяғындағы үлес салмағы өзге дыбыс тіркесімдерінен бөле-жаратындай айырмашылығы болмағандықтан, бұл дыбыс тіркесімін (әріпті) ерекшелеп әліпбиге енгізудің де еш қажеті жоқ.

Бір дыбыстың бірде дауысты, бірде дауыссыз бола қалуы – келіспейтін жәйт, бұл айтылған *у* дыбысына да қатысты, *у* – дауыссыз дыбыс. Ал дыбыстары толқымалы, сөздері қопармалы өзге тілдерге еліктеу керек емес. Дауыссыз дыбыспен басталатын бір буынды түбір сөздерде *ұу* дыбыс тіркесімімен (*сұу, тұу*) келуіне қарап *у* қосарлы дыбыс деген ұғымды малданбауға тиіспіз. Осы *сұу (су), тұу (ту)* секілді сөздердегі *ұу*-дың қосарлы дыбыс емес, яғни дыбыс тіркесімі екенін бұл сөздерден туындаған *сұ+уат, сұ-уар, тұ-уыс, тұ-уыт* сөздерінің буынға бөлінуі анықтап береді. *У* дыбысы *ы* дыбысынан өзге *а (уа-қ), ә (уә-ж), і (уі-л)* дауыстыларымен де тіркеске түсіп өз үнін таныта алады.

Ц, щ әріптерінің атын Ахаң қалыптастырған негізде айтып (жазып) келтіруге болады, ол бірақ көлемді орын алып (төрт әріп болып жазылуы), тәуелдеулі бір зат есімге ұқсап та кетеді. *Ц* әрпі (дыбысы) қазақ тілі қолданатын фонемаларға табиғаты мүлде жат. Үш-төрт өз сөзімізде сөз ортасында жазылып жүргеніне бола *щ* әрпін де болашақ әліпбиге кірістірудің қисыны жоқ.

Тіліміздегі *е* дыбысымен салыстыра қарағанда *э* дыбысының айта қаларлық көзге ілінетіндей айырмашылығы аңғарылмайды. Алайда *э* дыбысымен таңбалана енген сөздердің күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде әжептәуір екендігін ескеріп қана, тек сол үшін ғана бұл дыбыс (әріп) әліпбиден орын алса болады. Бәлкім, *э*-мен *е*-ні қазіргісінен бөтенше бір ортақ әріппен таңбаласа қалай болар еді?..

Енді *в, ф, х, һ, ч* дауыссыз дыбыстары жайында. Бұларды тек орыс, батыс елдерімен ғана байланыстыра қарау жеткіліксіз.

Біріншіден, кейбірінің көне түркі тілінде болғандығына; екіншіден, кейбірінің ісләм әлемімен байланысты орта ғасырларда-ақ енгендігіне; үшіншіден, тілдің іштей дамуы барысында төл сөздеріміздің өзінде де айтылып, сөзжасам қабілеттері бар екендіктерін ескермеуге, елемеуге болмайды.

Сонымен болашақ әліпбиімізге керекті әріптердің аттары бірізділікпен тізбектегенде былай болмақ: а, ә, бы, вы, гы, гі, ды, е, жы, зы, йы, қы, кі, лы, мы, ны, ың, ө, ө, пы, ры, сы, ты, уы, ұ, ү, фы, хы, һы, чы, шы, ы, і, э. Ң дыбысында ғана ы алдынан келген, өйткені ң дыбысынан басталатын сөз кездеспейді. Әріптердің аттарының жанына жақша ішінде бі,ві, ді, жі, зі, йі, лі, ні, ің, пі, рі, сі, ті, уі, фі, хі, һі, чі, ші жіңішкелік үлгіде болатындығын да жазып қоюға болады.



ҚАЗАҚТЫҢ ЛАТЫНША ӘЛПБИІ

Жұрналдың 2006 жылғы желтоқсан айында (№12) жарияланған «Болашақ әліпби, ондағы әріптің аты» деген мақаламызда 1940 жылдары отаршылдық өктемдікпен енгізілген, тәуелсіздік алған қазіргі кезімізде де қолданыста жүрген әліпбидегі қажетсіз дыбыс тіркестерінің, белгілердің, екі жақты (дауысты, дауыссыз) дыбыстардың шынайы бітімін таныта тоқталған болатынбыз. Сонда болашақ әліпбиге қажетті дыбыстар саны 33 болып шыққанды.

Осы 33 дыбысымызды жуанды-жіңішкелі сын-сипатына (а, ә; ғ, г; қ, к; о, ө; ү, ү; ы, і) байланысты топтай қарастырғанда 27 екен. Латынға сай 26 болу үшін сирек қолданылатын бір дыбысты жоған табиғаты жақындау бір дыбыспен орайластыру керек, ол да қолданыста аз кездесетін болса құба-құп, демек, х мен һ.

Жасыратыны жоқ, жуырда ғана қолымызға Қазақтың білім проблемалары институтының ақпараттандыру және баспа зертханасында 500 дана (500 ғана) таралыммен басылып шыққан «Латын негізіндегі қазақ әліпбиі» (А., 1998) атты кітапты алып оқып шықтық. Кітап авторлары бірнешеу болғанымен, «Алғы сөзінен» Мұрат Байзрахманұлы Алтайдың жаңа әліпби үшін жан-жақты ізденгендігі, көп еңбек сіңіргендігі айқын аңғарылып тұр. Біздің әліпби жобамызға осы еңбектің қозғау әрі сүйеу болғандығын айтуымыз дұрыс болмақ.

Өздерінің жобаларының талапқа сай озық екендігін аңғарту үшін кітап авторлары басылымдарда жарық көрген он шақты жобаны талдап таразылаған. «Алтай жобасы» деген атаумен өздерінің бес нұсқасын да келтірген. «Алтай жобасы. Бесінші вариант» ең соңғы жетілдірілген нұсқасы болса керек.

Жобаның көңілге қонымды жағы мол: қажетті 33 дыбыстың алынғандығы, бір дыбысқа бір символ (әріп) ұстанымынан айнымағандығы; пернетақтада бар апострофты (') қолдана отырып сол дыбыстарды қамти алғандығы, т.б.

Ал енді бізді жоба жасауға қалам алдырған олқы тұстары нендей?

1. А мен ә, ғ мен г, о мен ө, ұ мен ү дыбыстары бір таңба негізінде келтіріледі, бірақ осылай болуға тиісті қ мен к, ы мен і дыбыстары қалып кеткен.

2. Ы, і дыбыстарының айтылуы тым қарапайым болғанымен, мәні өте зор екендігі (Бұл туралы жоғарыда көрсетілген мақалада аз-кем айтылса, «Жазылым және оқылым: ы, і дыбыстары» атты мақаламызда (№8, 2009) біршама мәлімет қамтылған) ескерілмей, і дыбысы х-пен таңбаланылған. Мәселен, бұл жоба бойынша **білімділігіміздің** деген сөз **bxlxmdxlmxzdxi** болып шықпақшы. Оңай дыбысталатын табиғатына орай және жиі қолданыста екендігіне байланысты ы, і дыбыстарына таңба күрделі емес әрі ұнамды түрде болғаны жөн.

3. «Көп таластуғызатын қазақтың Ңң дыбысы болмақ. Біз бұл дыбысты N` символдар тіркесімен таңбалауды ұсынамыз... Біз N` символдар тіркесін керемет табысымыз деп отырған жоқпыз, дегенмен, ол қалайда Ng символдар тіркесінен тәуір деп ойлаймыз» (72-бет) деп жазғаны расында солай. Кітаптың 96-бетінде осы пікірін сәл-пәл өзгеріспен тағы айтып өтеді. Демек, мүмкіндік болса ң дыбысын өзгеше етіп неге бермеске!

Біздің жобада апостроф (`) тіліміздегі Ұ-дан өзге ерекше дыбыстарымызға байланысты қолданылды.

№	Латынша әліпби	Әріп аты	Кирилше әліпби	Әріп аты
1	A a; A' a'	a; a'	А а; Ә ә	а; ә
2	Bb	bi	Б б	бы
3	Cc	ci	С с	сы
4	Dd	di	Д д	ды
5	E e	e	Е е	е
6	Ff	fi	Ф ф	фы
7	G g; G' g'	gi; gi'	Г г; Ғ ғ	гі; ғы
3	H h; H' h'	hi; h'i	Х х; Һ һ	хы; һы
9	I i; I' i'	i; i'	Ы ы; І і	ы; і
10	J j	ji	Ж ж	жы
11	K k; K' k'	ki; k'i	К к; Қ қ	кі; қы
12	L l	li	Л л	лы
13	M m	mi	М м	мы
14	N n	ni	Н н	ны
15	Q q	iq	Ң ң	ың
16	O o; O' o'	o; o'	О о; Ө ө	о, ө
17	P p	pi	П п	пы
18	R r	ri	Р р	ры
19	S s	si	Ш ш	шы
20	X x	xi	Ч ч	чы
21	T t	ti	Т т	ты
22	U u	u	И и	и
23	V v	vi	В в	вы
24	W w; W' w'	w; w'	Ұ ұ; Ү ү	ұ, ү
25	Y y	y	У у	уы
26	Z z	zi	З з	зы

ӘДЕБИЕТПЕН БАЙЛАНЫСТЫРА

Қазақ мектебіндегі «Қазақ тілі» оқулықтарының құрылымы күрделі ғылыми сипатта болғандықтан оқушыларды жалықтырмай оқыту оңай шаруа емес. Оқушылардың осы пәнге қызығушылығы аз болса, балалар ана тілін сыйламайды, білгісі келмейді екен деп ұғынуға болмайды. Бұл пәннен «бестігі» көп шәкіртті тілді құрдастарынан артық меңгерген деп кесіп айтуға да болмайды. Егер бала орыс тілі сабағында сөйлемді дұрыс талдай алғанымен, өз ойын дұрыс жеткізе алмайтын болса, ондай білімнің қажеті не? Демек, біз «Қазақ тілі» оқулықтарындағы материалдарды күнделікті өмірмен байланыстыра оқытқанда ғана шәкірттерге жүйелі білім беретінімізді басты назарда ұстауымыз керек.

Сөз таптарының бірі – есімдіктер 6-класта жан-жақты оқытылады. Соның ішінде сілтеу есімдігін өткенде Мұқағалидың мына өлеңі мысалға келтірілді, ол қазақ тіліне тән шығарманың қандай болуы керектігін таныта алады.

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Анау жерде құрбылармен алысқам,

Мынау жерде құрбыжанмен танысқам.

Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан.

*Таулар **әне** ұйықтап кеткен данышпан,*

*Жолдар **анау** шұбатылып шаңы ұшқан...*

Сілтеу есімдіктерін бір тақырыптың аясына қолдану көбінесе өткенді таныстыру тұрғысында логикалық үйлесім табатындығына мұғалім ой жүгірте білуі керек. Сол себепті «Туған жер», «Балалық шақ», «Ауылымның бейнесі» тәріздес тақырыптарды ұсынып, сілтеу есімдіктерін қатыстыра шығарма жазғызуға болады. Сөз таптарын, сөз тұлғаларын, бірыңғай мүше, қыстырма сөзді өту барысында да қазақ тілі сабағына тән шығарма

жұмысын орындатқызған едім. Мәселен, 6-класта сан есімді өту кезінде «Үлгерімі төмен оқушы» тақырыбын ұсындым. Жазылған шығармалар, негізінен алғанда, үлгерім. тәртібі төмен оқушылар туралы айта келіп, оны болдырмаудың жолдары жөнінде әңгіме қозғады. Тақырыпты оқушылардың өздері таңдауына да болады. Ал деген оқушым «Төл сөз бен автор сөзін» өткенде жүргізілген жазба жұмысы кезінде «Бір баланың тағдыры» деген тақырыпта («Менің атым – Қожа», авторы Б.Соқпақбаев) Қожаның педагогикалық кеңесте мәселесінің қаралуын өз сөзімен жүйелі етіп жазған. Онда төл сөз бен автор сөзін әркімнің ұсыныс айтуына орай орынды қолданған.

Оқушыларды қазақ тілі сабағында шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру үшін пән иесінің әр кез үлгі танытып отыруы қажет. Төменде 9-класта қазақ тілі сабағында «Мұғалімнің сын ескертпесі» деген тақырыппен берілген жол көрсету бағытындағы жұмысы ықшамдалып ұсынылып отыр.

Өткен аптада қазақ әдебиетінде бәрің бірдей «Алпамыс батыр» жыры тақырыбына шығарма жұмысын орындаған едіңдер. Сендердің сол еңбектеріңе қатысты өз сын-ескертпемді айта кетсем, алдағы болатын шығарманың дұрыс жазылуына көмегі тиер.

Жазылған шығармалардың көлемі талапқа сай болғанымен, сол көп жазылғанның айтар ойы аз болды. Көпшілігің жыр мазмұнын жазыпсыңдар. Сондай-ақ сөйлемдері стилистикалық жағынан дұрыс құрылмағандықтан, емле қателерінің мол болғаны үшін біріңер оқушыға «қанағаттанарлықсыз» деген де баға қойылды.

Сен шығарма жазғаныңда, өз ойыңның көмескі емес айқын түсірілуіне көңіл аудар. Диалог немесе төл сөзді қолданып жазсаң, тыныс белгілерін өз ретімен қоюды ұмытпа. Шығарманы аяқтағаннан кейін, ерінбестен зер сала қайта қарап шық. Сонда пән мұғалімі ол еңбекті тез әрі қызыға тексеріп, аса құрметпен бағалайды. Мұғалімнің бағалауына қол жеткізеді. Бұл – мұғалімді сыйлағаның болмақ. Бастапқы шығармаларыңа деген ескертуім

естеріңде қалу үшін қазақ тілі сабағы кезінде де орайын тауып айта кеткенді жөн көрдім.

Оқушыларға сабақтас құрмаластың мағыналық барлық түрлерінің кірістірілуі логикалық ой жүйесі тұтастығын бұзбауын, кейбіреуінің қажеттілікке қарай бірнеше рет қолданылуы мүмкін екендігін, т.б. алдын ала айтып қойған дұрыс.

Байқап отырсақ, шығармашылықпен орындалатын мұндай жұмыстар қазақ тілін әдебиетпен, өмірмен байланыстыруға, қазақ тілі сабағының тартымды өтуіне септігін тигізеді.



ТӨЛ СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІСІ

Қазақ тіліндегі диктант жұмысын бұрнағы жылдары тек мектепте ғана кездестірсек, енді ол жоғары оқу орындарындағы біршама қазақ бөлімдерінің қабылдау емтиханы кезінде де жаздырылатын болып, қолданылу ауқымы кеңейе түсті. Осы уақытқа дейін осы бір тілге деген қажеттілікті танытатын жұмыстың өктемдікте өмір сүрген орыс тілінде ғана болып келгендігі бәрімізге белгілі. Қазақ елінің, яғни, Қазақстанның нақты тәуелсіздігі арқылы қазақ тілінің де тәуелсіздігі айқындалмақ.

Оқу-білім саласындағы аталмыш қуанышты жағдайымыз — диктант жұмысына барынша ыждаһаттылықпен қарауды қажет етіп отыр. Қабылдау емтиханы кезіндегі диктант мектепте қолданылатын терме, көру, шығармашылық сияқты түрлерінде емес, тек оның бақылау деп аталатын түрінде ғана жаздырылады. Бақылау диктантында (басқасына да қатысты) болатын қателік екі түрғыда: 1) емлесінен; 2) тыныс белгісінен. Жастайынан оқуға ықыласты болып жүрген адам (бұл жерде үміткер) көп жағдайда

емле жағынан оншалық қателесе қоймайды. Оның мәнісі сол – оқу барысында сөз тұлғасының (шартты рефлекс) есте қалуы. Бұның негізі де жоқ емес, өйткені көптеген сөздерді біз белгілі бір заңдылыққа сүйеніп емес, тек қалай екендігіне көз үйретуімізбен дұрыс жаза аламыз. Ал осы жәйтті тыныс белгісіне қатысты айта алмаспыз. О бастан алдына белгілі бір мақсат қойған үміткер оған арнайы өз бетінше көңіл бөлгеннің өзінде тыныс белгілерінің бірізділікпен қойылмауы нақтылыққа қол жеткізуіне мүмкіндік бермейді. Тіпті, мектептегі бір оқулықтың өзінде тақырып ережесін былай айтып, мысал сөйлемінде тыныс белгісін басқаша қоюы дәріс беріп тұрған ұстаздың өзін тұйыққа тіреп жүрген жайы бар. Міне, мұндай қиындық өзіндік тұрқы күрделі «Төл сөз бен автор сөзі» деген тақырыптағы сөйлемдерді жазу кезінде де кездеседі.

Алдымен мұндай тұрғыдағы сөйлемдердің тыныс белгілерін сөз етпей тұрып, осы аталуының жаңсақтығын айта кетуіміз керек шығар. *Төл әдебиет, төл журнал*, т.б. дей отырып, осы оның (төл) зат есімнің алдында келуі иесі, өзіне қатысты дегендей ұғымда жұмсалатындығын бажайлай аламыз, ал *төл сөз* деген атаудағы осы бір сөздің мәні бұған керісінше, қарама-қарсы мағынада жұмсалынған. Мұндағы төл сөз деп жүргеніміз жазушының, жазып отырған адамның өз сөзі емес, өзге біреудің сөзі, шығарма ішіндегі кейіпкердің өз сөзінің ішіне өзгенің сөзін қолдануы. Автор сөзі деген атаудың баса көктеген кірмелігінен басқа обалы қане, еш міні жоқ, бірақ оны ұғындыру кезінде, мәселен Абайдың бір сөзін ала қойып (Ғылым таппай мақтанба), одан кейін «деді Абайды» өзіміз жаза қоюды мектепте көпшілігіміз тақырыпты меңгертудің ұтымды жолы ретінде қолданып жүрміз. Мұндай жеке сөйлем мысалымыз шығармаға, текстке (енді оны мәтін демекпіз) қатыссыз болғандықтан, оқушыны белгісіздікке жетелейтінін ескермейтініміз жаман. Кейде, рас, атаудың қойылуы ол иеленген ұғымнан алшақ болса да өмір сүре беретіндігін басымыздан өткердік қой, өткерудеміз де. Оған осыдан бірер жыл ғана бұрын өмір сүрген *кемелденген социалистік қоғамды* алсақ түсінікті

болар. Соғыстың аты соғыс, қантөгіс қой, алайда *Ұлы Отан соғысы, интернационалист жауынгер* (Ауғанстанда соғыста болғандар) сияқты атаулар да осы үлгіде екендігін жасырмайық. Қысқасы, аталудың шарттылығымен өмір сүре беруге болады, дұрыс атау қойыла жатар. Бізге де керегі – төл сөздердің (осылай дей тұрамыз) практикалық жағы, осы сөйлемдердің тыныс белгілерінің оңды қойылуы. Бұл мақсат үдесінен шығу үшін түрлі оқулық пен оқулыққа көмекші дидактикалық материалдардан, кітап, газет-журналдардан мысалдар келтіре отырып еңбектенсек. Сол кезде барып «Диалогтың төл сөзден айырмашылығы автор сөзімен де, автор сөзінсіз де қолданылатындығы («Қазақ тілі», 7-кл., К.Аханов, А.Айғабылов, «Мектеп», 1989) деп айтылған тұжырымның да біржақты, бұлыңғыр екендігін анықтай алармыз.

Төл сөз деген не? **Айтушы, жазушының өз сөзінің ішіндегі өзге біреудің сөзін, адамның ішкі ойы (күдік, жорамал т.б.), сезімі, жай-күйін, диалог кезінде басқа біреуге сәлем жолдануын, айтылған я жазылған сөздің қайыра келтірілуін төл сөз деп тануымыз керек. Міне осы ыңғайдағы сөздерді (мысалдарды) тырнақшаға алып жазуымыз керек.**

Диалогтың төл сөзден сырт көзге бірден байқаларлық айырмашылығы бар. Сол айырмашылықты мына бір мысалдарымызда көре аламыз. Ал диалогтағы әр адамның сөзінің азатты жолдан басталып, алдына сызықша қойыла жазылуы, өзінен кейін автор сөзі келген жағдайда айтылу мақсатына байланысты қандай сөйлем екендігіне орай тыныс белгілерінің (хабарлы сөйлем болса, үтір мен сызықша, т.б.) орналасуы – бәрі-бәрі дұрыс.

Мысалдар.

1. – Ал айт, қаңбақтың не дегенін!

– Тақсыр, соны сұрап не қыласың? «Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам...» деді де қаңбақ ұша жөнелді, тақсыр, дейді Жиренше.

2. Сосын домбырасын сүйеп қойып, сәл үнсіз отырды да:

– Е, қарағым, «Өнерге қалай келдіңіз?» дейсің, айтайын...? -

деді ойлы жүзбен.

3. – Ел арасында кейде атағы шыққан адамдар туралы «Ее-е, енді ол жұртпен санасудан кетті» дейтін ұғым бар. Мен туралы ондай ойда бола көрмеңіз... - деді.

Хан табанда қаһарына мініп:

– Мынаны дарға асыңдар,- деп әмір етеді. Жалаңдаған жендеттер тап бергенде, зәресі кеткен Қожа:

– Мен жаңа ғана сізге «Басқа пәле – тілден» деп айтпадым ба?- депті.

Осындағы тырнақшаға алына беріліп отырған сөйлемдер – біз айтып отырған төл сөздер. Бүгінгі басылымдардың негізінен осы бағытта (тек тырнақшаны қолдану) екендігі де сезіледі. Диалогтың төл сөзге қарағанда көп жағдайда ауқымы кең. Осы мысалдардан көріп-біліп отырғанымыздай, сөйлеуші адамдардың сөзінен төл сөздерді таба алуымыз – үнемі кездесетін қалыпты көрініс. Осылай болуы керек те. Сондай-ақ егер әңгімелесіп отырған адамның бірі өз әңгімесінде оқиға кейіпкерлерінің бір-бірімен сөйлесуін келтірсе, осы сойлескен сөздерді тырнақшаға алғаннан кейін барып сызықша қоя жазған жағдайда мәнін тез ұғалмақпыз, сонда жазылу сауатты болмақ. Мұндайда тырнақшаның қойылмағы, басқаша айтқанда, диалог ішінде диалог екендігіне орай болғандықтан. Мәселен, мұндай жағдайды Қойшығара Салғариннің «Көмбе» деп аталатын роман-эссе кітабының («Жалын», 1989) 84 пен 85-беттерінен кездестіре аламыз. Мысал көлемді, сондықтан тек нұсқап қана отырмыз.

Жоғарыда диалог пен төл сөздің айырмашылықтарын аңғару үшін қатарынан бірнеше мысал тізбектелсе, енді төл сөз бен автор сөзінің орналасуына байланысты келтірейік. Еңбектерден теріліп алынған мысалдарымыз қалай жазылса, солай беріліп отыр. Қате, кейбір күмәнді дейтін тұстарын байқауымызға болады.

1. «Гүл құмыра сауыттың ішінде болмаса көркем бақшада өссе де немесе кең далада, биік тау қиясында бой сыласа да, гүлдің аты – гүл, көздің нұры, жүректің дірілі екен-ау!» - деп, Шоқан іштей

бір толқыды.

2. Мұның ар жағында: «Тағы да бір рет құрмалдық беру керек қой», - деген сөз тұрғанын білетін жұрт еш нәрсе аңғармағандай пішін көрсетіп, елеусіз қалдырды.

3. Бізді «әлде дос, әлде жау ма екен» деп күдіктенді ме, кім білсін, аңырып қарады да тұрды.

4. Осы қарас «әлі де ойлан, басқаша болу мүмкін емес. Тек солай, мен айтқандай ғана болуға тиіс» деген сенімге негізделген астамсуды аңғартты.

5. «Жоқ, сатылмаймын!»- деді ол іштей атасына да, жүрегіне де серт беріп. – Ажалымды қаймықпай қарсы алуға қайратым жетеді. Жетуге тиіс те».

Бұл мысалдардағы төл сөзден кейін сызықшаның, үтір мен сызықшаның, төл сөз автор сөзінің ортасына келген жағдайда төл сөздің алдына қос нүктенің, төл сөздің автор сөзінің келуімен бөлініп, жеке сөйлем ретінде берілген кейінгі бөлігінің алдына сызықша қойылу жағдайы да тыныс белгілерінің артық қолданылуы болмақ. Егер төл сөзді үйірлі мүше тәріздендіріп сөйлемнің бір мүшесі (тұрлаулы, тұрлаусыз) ретінде түрлі формада келген «де» етістігімен басын біріктіре танитын болсақ, осы етістіктен кейін үтірдің қойылу-қойылмауын да анықтай алған болар ек. Төл сөздің қандай ыңғайда қолданылғанда кіші әріппен берілу керектігі де – нақты анықтауды қажет етіп тұрған шаруа.

Тақырыпқа қатысты ойымызды қорыта келгенде, бір айтарымыз – осында айтылған төл сөздің айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем екендігі ескерілгеннен кейін тек тырнақшаға ғана алынуы, тырнақшадан кейін ешқандай да тыныс белгілерінің қойылмауы керектігі. Бұл арқылы, біріншіден, диалогпен шатыстырмау жүзеге асырылады; екіншіден, ұғынықтылық, тиянақтылыққа қол жеткіземіз. Мұндай жәйт сауаттылыққа апаратын жол екені белгілі.

Жалпы, қазақ тілін оқыту барысында қай тақырып болмасын мүмкіндігінше мәтінмен байланыста қарастырып отыру керек. Солай болғанда қазақ тілінен қабылдау емтиханы кезінде

жаздырылатын бақылау диктанты оншалықты қиынға түспеген болар еді. Шағын мақаламызда біз бір тақырыпты ғана сөз еттік, әр оқулықта әр түрлі беріліп жүрген ережелер салдарынан мұғалім амалсыздан біреуіне тоқтайды. Біз мұны республикалық оқушылар олимпиадасы жұмыстарынан да байқадық. Сауатты-ақ жазатын оқушыдан қарапайым қателерді жіберіп алу себебін сұрағанымызда мұғалімнің солай үйреткендігін айтты. Мұндай ортақ қателердің алдын алуымыз керек. Бір-бірлеріңізді байланыстыратын журналдарыңыз бар, келіңіздер, кеңесейік.



КАБИНЕТКЕ ҚАЖЕТ

Біз көп жағдайда пәндік біртұтас құрылымның мүмкіндігінше орналасу заңдылығын естен шығарып аламыз. Сөйте тұра сол құрылымнан таралған әлдеқандай бір кішкене тармағы жөнінде оза шауып, кең, молынан әңгімелеуге ұмтыламыз. Міне, мұндай әрекет, жеңілдеп айтқанда, уақыттың орынсыз шығындалуына жол ашып береді. Тұтас құрылым дегеннен шығады, мектептеріміздегі әр пәнге лайықталған кабинет – осы тұрғыда мұғалімге әр кез қол ұшын беріп көмектесетін орын. Көмектесетіні сол – егер біз ол кабинетке бірер емес, жалпы тақырыпқа қатысты мағлұматты қамтитын жазбаны оңтайлы қабырғасына орналастыра алсақ. Түрлі пәндік кабинеттердің әр сабақта бір тоқталып қарап өтердей қабырғасындағы қажетті дүниелері болады. Мәселен, химия кабинеті үшін Д.И.Менделевтің периодтық системасы, тарих үшін хронологиялық таблицалар, т.б. Ал қазақ тілі кабинеті үшін нендей үлгіде болуы керек? Жауап іздеп көрелік.

Көпшілікке танымал белгілі бір құрылымдық таблица болмағасын, әр жердегі әр мұғалім пән кабинетіне өзіндік ізденісімен көрнекілік жасататыны, жасайтыны белгілі. Тіпті,

солай болуы заңды да. Оны бұрын-соңды ауыл, қала мектептерінде болған кезімізде көріп те жүрміз. Мәселен, сөйлем мүшелерінің асты қалай сызылуы керектігін келтіргенді, яки, тоғыз сөз табын тізбелеп, тұсына үш-төрт мысалын жазып қоюды, яки тілдің жеке бір тақырыбының ережесіне дейін қалдырмай ықтияттап қоюды, т.б. осы тәрізділерді мектептен кездестірдік, бірақ оны көңілге хош көрмей отырған жайымыз бар. Мұндай жәйттер үзіп тартып тұтастықтың үлгісін таныта алмаса керек. Міне, осындай жағдайларды ескере келе, **Қазақ лингвистикасы** деген атпен төмендегіше схема құрғанды жөн көрдік.

Қазақ тілі бағдарламасының барлық буын сыныптарында оқытылып жүрген тарау, тармақтары, тақырыптарды осы жасалынған схемамыздан көре аламыз. Журнал бетіне орналастырудың мүмкіндігіне орай тіл білімі ғылымының арналы үш саласының (фонетика, лексикология, грамматика) әрқайсысы жеке-жеке жарияланып отыр, ал бұлар негізінде Қазақ лингвистикасы деген атаумен берілген тақташаның (стенд) аясында орналасады. Сонда аталмыш үш салаға да қатысты пунктуация, орфография, орфоэпия, стилистиканың тақташаның ең төменгі бөлігінде бір түзудің бойын ала жазылып тұрғандықтары еш оғаштықты танытпаса керек. Алғашқы орналасқан фонетика тарауындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың өз ішінде нендей тұрғымен жіктелуін тұстарына тігінен орналастырып жазып қоюға да болады. Кейбір тақырыптардың ары қарай тарамдалуын келтірудің ыңғайы бар, алайда ықшамдылықтан, жинақылықтан айырылып қаламыз-ау деп тоқталдық. Осы арада айта кеткен жөн, тақташамыздағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың өз ішінде жіктелуін ақтарыла айтып қойғандығы болмаса, басқа жерден тақырыптардың тек аттарын ғана оқи аламыз. Мәселе тақырыптың атауын оқып барып оның мәнін еске түсіруде емес пе?!

Қазақ тілі бағдарламаларын басшылыққа ала отырып жасалынып, кабинетке қажет деп отырған бұл дүниеміз, жоғары сыныптарға арналған кейбір бірді-екілі жекелеген тақырыптары болмаса, басқасын толықтай көрсете алған деген сенімдеміз. Солай

алдарыңызда тұр демекпіз.

Иә, келтіргеніміз – қазақ тіл білімі ғылымының бүгінгі кескін-келбеті, Енді, он-он бес, он бес-жиырма жылдан кейін бұл құрылым тұтастай дерлік өзгере ме, әлде осы құрылымға бұрын ескерілмей, еленбей келген жаңа салалар қосыла келе толығып барып тоқтай ма, ұғым қалып атау өзгерер... Әйтеуір келер өзгерістер аз еместей, оны уақыт көрсетер. Бірақ, қалайда болмасын, бүгінгі барымызды осылайша жүйелеп жасап, ұғынуға түсінікті етіп, сабағымызға пайдаланатындығымыз – ертеңгі ісіміздің табысты болуының кепілі, тіпті, қала берді, тілді оқыту тарихының белгілі бір кезеңдегі куәсі іспетті.

Қазақ лингвистикасы

Лексикология

Сөздік құрамы

Сөздің тура және ауыспалы мағынасы

Омоним
Синоним
Антоним

Түбір сөз
Туынды сөз
Біріккен сөз
Қос сөз
Қысқарған сөз

Тұрақты сөз тіркестері

Неологизм
Термин
Архаизм
Историзм
Диалектизм
Кәсіби сөз

Грамматика

Грамматикалық құрылысын зерттейді

Морфология

Қосымша		Сөз таптары
Жалғау	Жұрнақ	Зат есім
Септік	Сөз	Сын есім
Тәуелдік	тудырушы	Сан есім
Жіктік	Сөз	Есімдік
Көптік	түрлендіруші	Етістік
		Үстеу
		Шылау
		Одағай
		Еліктеу сөз

Синтаксис

Сөз тіркесі	Сөйлем		
Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері	Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	
	Жақты	Салалас	Сабақтас Аралас
	Жақсыз	Ыңғайлас	Шартты
	Жалаң	Қарсылықты	Қарсылықты
	Жайылма	Түсіндірмелі	Себеп
	Толымды	Себеп-салдар	Мезгіл
	Толымсыз	Талғаулы	Қимыл-сын
		Кезектес	Мақсат

Тілдің дыбыс жүйесі

Дауысты

Жуан: а, о, ұ, ы, у

Жіңішке: ә, ө, ү, і, е,

э, и, у

Ашық: а, ә, о, ө, е, э

Қысаң: ы, і, и, ұ, ү, у

Еріндік: о, ө, ұ, ү, у

Езулік: а, ә, е, ы, і,

э, и

ь, ь белгілері

е, ю, я қосарланған

дыбыс таңбалары.

Дауыссыз

Қатаң: п, ф, к, қ,

т, с, ш, щ, х, ч, ц.

Ұяң: б, в, г, ғ, д,

з, ж, һ.

Үнді: р, л, й, у (тау),

м, н, ң.

Үндестік заңы

Буын үндестігі

Дыбыс үндестігі

Ілгерінді ықпал

Кейінді ықпал

Буын түрлері

Тасымал, Екпін



ҚОЛКӨРНЕКІЛІК – ОҚУШЫ ПАРТАСЫНДА

Пәндер мен ғылымдардың біршамасы кеңестік қызыл империясы
ыдырағанынан бермен қарай үлкен өзгерістерге түсіп жатыр. Бұл
айтылғанды тарих, қоғамтану, әдебиет сияқты пәндердің бүгінгі
кескін-келбетіне қарап оңай ұғына қоямыз. Шабандау қозғалыспен
болса да келешек күндерде жаңаланатындары аз болмаса керек,
бұған қазақ тілі мен оның әдістемесін айтсақ, мысалы болар.
Мұндай жағдайы оның өзіне ғана тән табиғи бітімінен барып
туындайтыны талас келтірмесе керек, тілдің қоғам көрінісіне
жатпайтындығы о баста-ақ айқындалған.

Біздердің көпшілігіміз мектебіміздегі «Қазақ тілі» пәнінің жалпы шәкіртке қажеттілерді оқытқызатындай түрде емес екендігін мойындап жүрміз, бірақ оның әсіреқызыл науқаншылдықпен, дүрбелеңмен емес, түрлі мақсаттағы, бағыттағы мектептердің негізінде жалпылық пен жалқылықтың ара жігін ашып барып ұйғырайласатындығын пайымдауымызға болады. Өз ойымызша, бұл бізден біршама алыстағы күндердің үлесі болса керек. Ал бүгінгі күнде баршамыздың талай жылдардан бері таныс бағдарлама дегенінен табылатындығымыз орынды да оңды. Енді осы орайдағы өз тәжірибеміздің кейбір ісін көмегі, себі тиер деген ниетпен көпшілік әріптестерімізге ұсынғанды жөн көрдік. Мүмкін, бұл істің дәл өзі, көшірмесі емес жолнобайы қай кезде де мәнін жоғалтпас. Бұл айтып отырғанымыз – әр шәкірттің жеке өзіндегі қолкөрнекіліктері. Мұны қалай түсінуге, болады?

Біз оқушыны шығармашылыққа қатыссыз дерлік арада жаттауға тиісті емес нәрсені жүз қайтара оқыса да, қалайда болмасын, әйтеуір жадына өшпестей тоқып алуына мәжбүр етеміз. Жеккөрініштілік, жек көрінушілік деген, сірә, осы болар. Орақ ауыз, оқ тілді билердің сөзіндей, жыраулардың толғауындай, Мағжандай ақынның өлеңіндей дүниелерді жаттап алуды хош көруіміз құба-құп, ал өн бойында сөз нәрі, дәмі жоқ әлдеқандай бір шартты ережені жалпы болып жаттауымыз кімге не сыйламақшы?! Жиі естіп жүргендіктен болар блокпен оқыту дегеннің бәрімізге таныс ұғымға айналып кетуі, тек әркімнің әрқалай түсінуі болмаса. Біздіңше ол, қысқаша айтқанда, үлкен бір тарауды, тақырыпты өтерде сол біртұтас құрылымның ең негізгі тұстарын алғашқы сабағымызда қамти алып (бұл жерде мұғалімнің ұғындыруы – шешуші басты күш), кейінгі сабақтарда мұны ары қарай бөлшектей ұғыну (оқушылар ізденуі – шешуші басты күш) болмақ. Міне, мұндай сабақтарымызда да аталмыш қолкөрнекілігіміз көмекке келмек. Қолкөрнекілік деген атауға құлақ тосаңсытып қашқақтаудың реті жоқ, ол – тіліміздің өз заңдылығымен туындаған сөз. *Қолжазба, қолөнер, қолеңбек,*

қолағаш (тай), қоларба, қолсабын, қолжұғыш деген тізбекті келтіріп, мұны одан әрі мағына тарата сөз етпей-ақ қоялық.

Қолкөрнекіліктің қажеттілігін қысқаша түсіндіріп болғаннан кейін мұғалім тақтаға сол сабаққа тиесілі схеманы сызып көрсетеді. Сызбаны оқушыға да орындаттыруға болады. Мұны болғасын мұғалім әр бағаншадағы ішкі жазуларды дауыстап оқып беріп жаздыртады. Бұл жұмыстар бір-біріне жалғаспалы екі парақ қағазға орындалады. Қысқа уақытта атқарылатын істің бірден ойдағыдай болмайтындығы заңды. Оқушыларға үйден оны әдемі де көрнекті етіп қайтадан басқа қатты қағазға (мүмкіндігінше ықшам) түсіріп келулері талап етіледі.

Сан есімнің мағыналық түрлері	Сұрақтары	Жасалу жолы	Мысалы
1. Есептік сан есім	неше, қанша	Түбір сан есімдер	Екі, жүз елу
2. Реттік сан есім	нешінші	-ншы, -нші, -ыншы, -інші	Алтыншы, жиырма сегізінші
3. Жинақтық сан есім	нешеу	-ау (-еу)	Біреу, екеу
4. Болжалдық сан есім	қанша, неше, қай шамалы	-лаған (-леген) -лап (-леп) -дай (-дей)	Жиырма лаған, елулеп, қырықтай
5. Топтау сан есім	нешеден, қаншадан	Сан есімге шығыс септік жалғауының жалғануы	Екі-екіден, он-оннан
6. Бөлшектік сан есім	неше, қанша	Алымы (атау септік), бөлімі (шығыс септік)	Оннан бес

Пысықтауыштың мағынасына қарай бөлінуі	Сұраулары	Пысықтауыштың жасалуы
1	2	3
Мекен	қайда, қайдан, қалай қарай	Мекен үстеуінен, барыс, жатыс, шығыс септік тұлғаларындағы есімдер, септеулік шылаулар тіркескен есімдер

Мезгіл	қашан, қашаннан бері, қашанға шейін	Мезгіл үстеуінен, мезгіл мәнді есімдерден, негізгі сөз бен септеулік шылаудың (<i>кейін, соң, бері, шейін, таман, былай, әрі, қарай, сайын</i>) байланысуынан
Қимыл-сын	қалай, қайтіп, қалайша, қанша (рет), неше (рет)	Қимыл-сын, мөлшер үстеулерінен және есімдіктен, етістіктің көсемше түрінен, сын есім, сан есім, еліктеу сөздерден, көмектес септік жалғаулы сөзден
Мақсат	не үшін, не мақсатпен, неге бола	Есімдерден кейін <i>үшін</i> шылауы келу арқылы тұйық етістік пен көмектес септік жалғаулы зат есімнің тіркесуі, мақсат үстеуінен (<i>әдейі, қасақана, жорта</i>)
Себеп	неліктен (неге), не себепті, не үшін	Барыс, шығыс жалғаулы есімшелер, <i>үшін</i> шылауы тіркескен есім

Есімдіктер мағынасы	Есімдік болатын сөздер	Сөз мағынасы	Кейбір ерекшеліктері
1	2	3	4
Жіктеу есімдігі	Мен, сен, сіз, ол (олар), біз (біздер)	Жіктеу мағынасында айтылады.	Үш жағы және көпше, жекеше түрлері бар.
Сілтеу есімдігі	Бұл, осы, осынау, сол, сонау, ана, анау	Нұсқау, көрсету, мегзеу мағыналарында жұмсалады.	<i>Қай, қайсы</i> деген сұрақтарға жауап беріп, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады.
Сұрау есімдігі	Кім, не, неше, қалай, нешеу, қанша, қай, қайсы	Сұрау мағынасын білдіреді және өздеріне жауап тілейді.	<i>Кім, не, қайсы, неше (нешеуі)</i> жіктелініп те қолданылады және тәуелденеді.

Өздік есімдігі	Өз сөзі, бұл сөз тәуелдене септеліп те қолданылады.		Өз есімдігі түбір күйінде жеке тұрып қолданылмайды.
Жалпылау есімдігі	Бәрі, барлық, барша, бар	Жинақтау, жалпылау мағыналарын білдіреді.	Жалпылау есімдігі жіктелмейді.
Белгісіздік есімдігі	Біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әлдене, кімдекім, қайсыбір, әлдеқалай	Затты не құбылысты белгісіз етіп айтады.	Әлде, әр, қай, кей, бір сөздері есімдіктермен тіркескенде ғана бірге жазылады.
Болымсыз есімдігі	Дәнене, дәнеме, ештеңе, ешбір	Болымсыздық мағынаны білдіреді.	Еш сөзі есімдіктен басқамен тіркескенде бөлек жазылады: еш адам, еш уақыт.

Осы айтылғандай әрі қатесіз етіп орындап келген оқушыларға бұған дейін бұл пәнді қалай оқығанына қарамастан жақсы бағаны аямаған жөн. Жоқтан тарынып, жауапкершіліктен қашып «бес» қоймайтын жылаңқы мұғалімдер үлгі болмаса керек. Бұл жолы нашарлау боп қалып, келесі жолы үлгілі етіп жасап келемін деп ынталанушыларға да бөгет болмайық. Нақтылық болу үшін оқушылардың қолкөрнекілігіне айналған бұл таблицаларды жоғарыда келтірдік. Рас, бұл таблицалар бүтіндей ойдан шығарылған да емес, бүтіндей көшіріліп те алынған емес.

Сөздердің байланысу түрлері	Грамматикалық белгісі	Мысалдар
Қиысу	Баяндауыштың бастауышпен байланысы	Ол ... тыңдады.
Меңгеру	Сөздердің атау мен іліктен басқа септік жалғаулары арқылы байланысқан түрі	сөзін тыңдады
Матасу	Ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің грамматикалық байланысы	екеуінің сөзін

Қабысу	Сөздердің ешбір жалғаусыз, орын тәртібі арқылы байланысы	кезек тыңдады
Жанасу (алшак қабысу)	Сөздердің ешбір жалғаусыз, орын тәртібі арқылы алшақтап байланысы	енді тыңдады
Ол енді екеуінің де сөзін кезек тыңдады.		

Сонымен, «Қазақ тілі» пәні сабағында VI және VII сыныптарда оқушы қолкөрнекілігі болған дүниелікті келтіріп еттік.

Осы келтірілгендердің өздеріне бөлінген сабақта оқушы партасынан табылып отыруы – негізгі жалпылықтан айырылып қалмаудың үлкен кепілі.

Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бір мұғалімнің еншісінде. Солай бола тұрғанымен, екі пәніміздің өзара тақырыптық байланыстарының, тіпті, ескерілмей жататындығын құптауға болмайды. Мәселен, тіл материалдарының мысалына әдебиеттен (көрсете айтсақ ауыз әдебиеті жәдігерліктерінен, т.б.) алудың орнына бас-аяғы белгісіз әлдеқандай бір шығармалардан алынған сөйлемдер, оның жиынтығы айналасында шұқшиып тұрып, айналсоқтап жүріп алатынымыз бар. Егер бізге қажетті мысалымыз тек сонда ғана болса онда бір сәрі. Осы орайда IX сыныптағы «Сабақтас құрмалас сөйлем» тақырыбын өту мезгілінде осы IX сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнінен дәл сол мерзімде өтіліп отырған «Алпамыс батыр» жырынан теріліп алынып, сабақтастың түр-түріне байланысты жасалынған қолкөрнекілікті келтіріп байқайық.

Мағыналық қарым-қатынасына қарай	Мысалдар	Бағыныңқының баяндауыштары	Тұлғалық белгілері
1	2	3	4
Шартты бағыныңқы	Алпамыс батыр аман-есен еліне келсе, әкесі Байбөрінің жылқысын Тайшық хан шауып әкетіпті.	1. Шартты рай 2. Көсемше 3. Көсемше негізді 4. Есімше	-са, -се -ма (-ме- + й) -майынша -ған (-ген) + да

Қарсылықты бағыныңқы	Қаншама батыр болса да, қалмаққа әлі келмеді.	1. Шартты рай 2. Есімше 3. Көсемше	-са, да қан мен + (-кен) ша (ше) -а (-е, -и) тұра
Себеп бағыныңқы	Басып-жаншып кетед деп, қалмақтар бойын жасырды.	1. Есімше 2. Көсемше 3. Етістік негізді	-қан дықтан + (-кен) діктен -па (-пе) + й -ып (-іп), = п -ты деп екен
Мезгіл бағыныңқы	Отауды келіп түргенде, көк дауыл келіп ұрады.		
Қимыл-сын бағыныңқы	Алпамыс тасты қағып алып, салмақтап қайта лақтырып жіберді.	Көсемше	-ып, -іп-, -п -а, -е, -й
Мақсат бағыныңқы	Осыны қайтсем екен деп, ар жаққа кеулін бұрады.	Етістіктің әр түрі	-пақ/шы болып, -қысы келіп у- үшін па-с

Өз кезіндегі мұндай жанды байланыс екі пән тақырыптарының бірге өріле жымдасар өміршендігіне бір нұсқа бола алса керек.

Осы тәрізді қолкөрнекіліктер сыртқы тұлғасына ішкі мазмұны сай болып, ұстаздың жан қажытар ауыр еңбегін сәл де болса жеңілдетуге септігін тигізсе – мақсатымыздың дегеніне жеткені.



ҮНДЕСЕР КЕЗІНДЕ БІР

Пән ретінде қазақтың тілінің және оның әдебиетінің оқытылуы көп жағдайда бір-біріне байланыссыз тұрғыда болып жүргендігі – көпке белгілі нәрсе. Тіпті, бұл екеуін бір мамандықта тұтастыра иеленген мұғалімнің өзінің осы екеуіне екі басқаша көзқараста екендігі байқалып жүр. Қалай болғанмен де, қазақ тілі мен әдебиетін табиғилығы талабында астарластыра оқыта алмай жүргендігіміз – ойланарлық істің бірі болар.

Ал осы екі пәннің ешқандай күштеусіз-ақ өзара үндесе кетер бір кезі бар: ол – жазба жұмыстары алынғанда, соның ішінде әсіресе, шығарма жұмысы жазылатын кез. Талас жоқ, күрделі шығарманын жоғары сыныпта (қазақ тілі онсыз да оқытылмайды) болып жататындығына, бірақ бұған қарап шығарма тек әдебиет пәніне ғана тиесілі деген ұғым тумаса керек. Бір саладан, сағадан, аядан табылар қазақ тілі тақырыптарын қамту кезінде (әсіресе, жинақтап қайталауда) бұл пәннің өзіне тән шағын шығарма жұмыстарын жазғызып отыруымызға әбден болады, өйткені оқушы сонда ғана практикалық шынайы мүмкіншілікке қол жеткізбек. Тіл сабақтарының түпкі игі мақсаттарының бірі де осы емес пе?! Мәселен, VIII сыныптағы пысықтауыштың мағыналық түрлерін қайталау кезінде (тіл ұстартуға да лайықты) оқушыларға белгілі бір өзінің қалаған тақырыбында шағын шығарма орындаттыруға болады. Мысалы үшін енді осылайша орындалған Ә.Райхан есімді оқушының жұмысын ұсынайық.

Алғашқы қар

Міне, қыстың бірінші айы бітейін деді. Ал қар болса

жаңадан жауды. Мен кеше ойнап-ойнап, бүгін жайып тұрдым. Тұрсам, даланы аппақ қар басып қалыпты. Ақ қарды тамашалап далада біраз жүрдім. Үйдің үстіне қар қалың болып жауыпты. Зәулім ағаштарды қар майыстырып жіберген. Қар күнмен шағылысып жылт-жылт етеді. Әсіресе, терезедегі шықтар адам үшін әдейі оюлап қойғандай. Мен қардың жауғанына қатты қуандым. Қарда шанамен, шаңғымен ойнаған қандай қызық!

Мұндағы қарамен терілген сөздер пысықтауыштың мағына-лық түрлеріне байланысты мысал екенін көрсетеді. Біз V сыныптан бастап осылайша қазақ тілі сабақтарында шағын шығарма жұмыстарын жүйелі түрде алып отырсақ, жоғары класқа келгенде кең көлемдегі күрделі шығарма (мақала десек те болар) жазу оқушы үшін қалыпты көрініске айналар еді. Мемлекеттік емтихандағы шығарма қазақ тілін де, қазақ әдебиетін де қалай оқығандығын анықтар соңғы бір нүктелі сәт екендігін мұғалім ешқашан жадынан шығармағаны абзал.

О бастағы, оқу жылы басындағы онша әсерленусіз ескере ескертіп отыру көпшілік әріптеске тән шығар, бәлкім, біздің білуімізше, емтиханның таяу қалғандығы кезінде мұғалімнің бұл істі қатаң ескертуі жиі естіле түседі, қатаң ескерту деген қатаң сөгіс емес, әрине. Расында, отызға тарта шәкірттің өз күштерімен, өз ойларымен (кітаптан көшірмей) шығарма құрап жазып, оның тыныс белгілерін орынды қоя алулары оңай-оспақ шаруа болмаса керек. «2» деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар диктанттарға қойылады» деп айтылған бағалау нормативінің шығарма тексеруде де басшылыққа алынатындығы белгілі. Ал осындағы «9», «5» дегеніңіздің кей оқушылар үшін онша алыста еместігі бәрімізге де түсінікті. Осы орайда қазақ тілі сабағында пән иесінің «Оқушылар, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазыңдар.

Сызықша мынадай жағдайда қойылады...» деп жатқанынан көрі, тыныс белгілерінің жазба жұмысы барысында кездесер заңдылықтарын мүмкіндігінше қамти, бір тақырыптың аясында қолдана ұсынуы және сол тақырыпты өз мақсатына сай құрастыруы әлдеқайда ұтымды да оңтайлы болмақ. Бұл тақырыбымыз бақылау диктанты ретінде алынса мәні, тіпті, арта түспек. Естеріңізде ме, 1989 жылдың 12 қаңтарынан бастап 19 қаңтарға дейінгі аралықта болып өткен Бүкілодақтық халық санағының аз алдында қазақ тілінен барлық сыныпқа дерлік «Елдің анкетасы» деген тақырыпта диктант жұмысының алынғандығы. Байқасақ, бұл іс тек ауызша айтылып қана қойылмай, жазбаша жұмыс болуы аталмыш шаруаның тиімділігін арттыра түсуде өз көмегін тигізетіндігі сөзсіз. Ел тамырын дөп баса білудің бір жолын олар да жақсы білген. Міне, ендеше осы мақсаттағыдай ғып қазақ тілі сабағында «Шығарма жаза білеміз бе?» деген тақырыппен диктант жаздырсақ, ұтарыңыз аз болмас. Бұл жерде біз тыныс белгілерінен сызықша, дефис, көп (үш) нүкте, жақша, қос нүкте, нүктелі үтір, леп пен сұрау белгілерін, осы екеуінің қабаттаса келуін кездестіре аламыз. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша, диалог сөздің, төл сөздің (осы жылғы 3-нөмірінде төл сөздің өзіндік ерекшелігін, тыныс белгісінің қойылуын айтқанбыз), оқшау сөздердің, шылау, қос сөздердің, құрмалас сөйлемдегі қос нүктенің, т.б. осындай тақырыптағы тыныс белгілері шығарма барысында біздің алдымыздан міндетті түрде кездесетін жәйттер. Енді сөз саны нормаға лайықталған диктант үлгісін келтіріп өтейік.

Шығарма жаза білеміз бе?

Шығарма – оқушының күрделі төл еңбегі. Өз ойын тақырыпқа сай айқын да көркем жеткізе білу – үлкен білімдарлықтың бастамасы. X сынып оқушылары I маусымда мемлекеттік емтихан тапсырады, яғни,

шығарма жазады. Тыныс белгілері дұрыс қойылып, сауатты жазылған жұмысты тексеру көңілге қуаныш ұялатады. Шіркін-ай, бәрі де солай жаза білсе!.. Кейбіреулер өз сөзіне ешбір мән берместен, бірде-бір тыныс белгісін қоймастан:

– Мен жазып біттім,- деп асығып-үсігіп жазғанын мұғалімге ұсынады.

– Не болды саған жау құғандай?! Дұрыстан тексеріп, тыныс белгілерін қой да, таза параққа әдемілеп көшір, - дейсің оған. Осыдан кейін кейбірі (өз ісіне сенімділер) ойдағыдайлықпен жұмысына қайта кіріседі, ал бәзбіреулері (білімнің негізі жоқтар) абдырап отырып қалады, өйткені өз жазғанын сараптай алмайды. Ой тәйірі-ай, олардың «бұл мақрұм қалғанына кім жазалы?».

«Білім негізі – бастауышта». Бұл – шындық. Мектепке оқушы қабылданғанда мына жәйттің де ескерілуі керек-ақ: біріншісі – ақыл-есінің толық болуы; екіншісі – сезім мүшелерінің (көру, есту, т.б.) қалыптағыдай болуы; үшіншісі – ата-анасымен жан-жақты пікірлесу.

«Бәрін айт та бірін айт» демекші, бәріміз де емтиханда келістіріп шығарма жазып берсек қой, шір-ке-е-е-н!

Бұл жерде осы сыныпқа еткен оқу жылдарында сабақ бермеген мұғалімнің жазғандығы сезіледі. Егер ол V сыныптан бастап (бастауыштан дей алмаймыз) сабақ беріп келген болса, онда кейбір сөйлемдерін бұлай жазбаған болар еді. Әр мұғалім өз сыныбына өз мақсатына сай орайластырып шығарманы дұрыс жазуды насихаттайтын диктант жұмысын осылайша лайықтап алуына әбден болады.

Егер «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің бүкіл еңбегінің білімдік жағын тек бір ғана нәрсеге қарап топшылап таразылауға болар ма екен?» деген сұрақ болса, «Оқушыларының жазған шығарма жұмыстарына қарап» деп айтар едім, сондықтан болар қазақ тілі сабағында да шығарма жұмысынын жай-күйін ойлай жүргендігіміз.

ТАЛДАМАЛЫҚ МӘНІ БАР ТҮРЛІШЕ СЫЗБА

Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі түпкі мақсаты, басты ұстанымы – көркем шығарманың, яғни, түпнұсқаның өзінің айналымға түсуі, оқылуы, соған барынша көңіл бөлінуі. Біздің байқауымызша, оны оқытуға берілген сағат көп жағдайда сол шығарма туралы жазылған талдауларды баяндауға, соған қатысты жұмыстарға арналады да, түпнұсқа жайына қалады. Бұлай болуына оқыту үдерісінде негізгі арқа сүйенеріміз оқулықтың да үлесі зор. Мәселен, 9-сыныптан бастап оқулықта автор шығармасының өзі емес, оның талдаулары ғана берілген.


Егер әлдеқандай бір жаңа технология түпнұсқаны сысырып, естен шығарып, оның оқылуына, оқытылуына кері әсерін тигізетін болса, онда ондай технологияның барынан жоғы жақсы. Түпнұсқаны, яғни, көркем шығарманың өзін оқушының мән бере оқуына мұғалімнің ұйтқы бола білуі, ықпал жасауы, сол жолдағы ізденістері – қай кезеңде, қай қоғамда болмасын ескірмес жаңа технология және дәстүрлі озық технология болып қала бермек.

Әуелбек Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы» (А., «Мектеп», 1996) көлемді еңбегінің 44-бетінде «Талдау сабақтарының формаларына» қатысты «ғ. Графика тәсілі. Бұған өмірбаяндық, әдеби ағымдық, талдамалық мәні бар түрліше схема (Ерекшеленген – Р.С.), синхроникалық-салыстырмалы таблица, иллюстрациялық материалдарды табу, түрліше дәптер жұмыстары жатады» делінген екен. Ал әдіскерлер Қанзия Тасболатова мен Қапаш Тасболатұлы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында (1998 жылы №9-10)


шыққан «Әдебиет пәнінде көрнекілік қолдану негіздері» атты мақаласында төрт түрлі көрнекілікке (1. Сөздік көрнекілік 2. Заттық көрнекілік 3. Сызбалы көрнекілік 4. Суретті-түсіндірмелі көрнекілік) арнайы жеке-жеке тоқталады, сызбалы көрнекіліктің шартты түрде *схема, таблица, карта* екендігін де айтады.

«Талдамалық мәні бар түрліше схема» десек те, «сызбалы көрнекілік» десек те, қазірде көбірек айтылықырап жүрген «тірек-схема», «тірек-сызба» десек те, қалай болғанмен де осының айырмасын білмей, осылайша оқушының көлемді шығарманы қиналмай игеруі, еске сақтауы, сабақтың қызғылықты өтуі үшін жұмыстың мүмкіндігінше молырақ жүргізілгені, мұғалімдердің осы бағытта барынша ізденгені дұрыс.

Эпостық, лиро-эпостық жырларымыз – арысы сан ғасырлық («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.б.), берісі екі ғасырға жуық («Айман-Шолпан») жүріп өткен жолы бар әдеби, мәдени, тарихи мұрамыз. «Айман-Шолпан» жырының арнайы сағат бөлініп оқытылған кезінде төменде келтірілген тірек-сызбаны (талдамалық мәні бар түрліше сызбаны) сабаққа пайдаланған едік. Бұл күнде «Айман-Шолпан» жыры арнайы сағатпен бағдарламаға енгізілмеген, бірақ «7-сыныпқа арналған әдебиет оқулығына көмекші ретінде» (4-бет) құрастырылған кітапта (Әдебиет. Хрестоматия. А., «Атамұра», 2007) бар.




1.




2.

● 60. Екі ай



4.



6.

Мыңжылдық

Сызбаға аз-кем түсінік бере кетсек. 1. Шөмекейдегі асқа жақындау аралықтан «түйе мойнақ» сабасымен қымызын («Саба артып тоғыз нарға») алып барған Маман бай және одан алыс жерден «Шай, қант пен тоғыз нарға тоқаш артып» келген Көтібар батыр. Расында, алыс жолға қымыздың шыдамайтындығы белгілі. 2. Олардың өз ауыл-аумағына ас беру біткеннен кейін кері қайтуы. 3. Көтібардың Маман байды шауып алуы, барымталауы. 4. Айманның 60 күнге дейін некесін қимау. 5. Әлібектің Көтібар ауылын шауып алуы, барымталауы. 6. Көтібар мен Маман байдың бір-біріне құда болуы. *Мыңжылдық* деген сөз «Күйеу – жүзжылдық, құда – мыңжылдық» деген мақалдан алынған.

Жыр мазмұнында Әлібектің тура Маман байдың ауылынан Көтібарға аттанғандығы айтылмаған, сондықтан *ауыл-аумақ* деген ұғым қолданылды.

Осындай негізде жинақтай, «Ер Тарғын» жырына, нақты айтқанда, «Тарғынның іс-әрекеті және оқиғалар» тақырыбына тірек-сызба жасап, сабаққа қолдануға болады.

«Ер Тарғын» жыры бағдарлама бойынша 9-сыныпта оқытылады, сағат бөлінген. Алайда осы сыныптың «Қазақ әдебиеті: Хрестоматия» оқу құралында жырдың қажетті тұстары қысқартылып берілгендіктен түсініксіз болып қалған. Мысалы: «Онан Тарғын бұл қызды Ақшаханның Қанатты қара дейтұғын бір жорғасына мінгізіп алды да қашты» (67-бет). Осы оқиғаның алдындағы Ақжүніс пен Тарғынның кездесулері, Ақжүністі айттыруға кісі келгендігі, Ақжүністің Тарғынға өтініші айтылмағандықтан Тарғынның бұл әрекеті зорлық-зомбылық болып көрінеді. Тіпті, қысқартылғанын айғақтайтын тыныс белгі (көп нүкте) де қойылмаған. Дұрыс ықшамдалмағаны өз алдына, сауатты шыққан оңды нұсқасы емес екендігі де байқалады, сондықтан мұғалімнің бұл нұсқаны тыныш тастап қойғаны жөн.

Ал сонда 9-сыныптың пән мұғалімі «Ер Тарғын» жырының оңды нұсқасын қайдан таба алады? 9-сыныптың пән мұғалімі «Ер Тарғын» жырының оңды нұсқасын 6-сыныптың «Әдебиет. Хрестоматия» оқу құралынан (Құрастырғандар: Кенжехан Ісләмжанұлы, Роза Баттал. 2-басылымы. А., «Атамұра», 2006) таба алады. Көп нүктенің (...) қойылуына қарап мұнда да ықшамдалудың бар екенін байқайсыз және оның орынды екендігі де аңғарылып тұр. Осы кітаптағы «Ер Тарғын» жырын мән бере оқыған әр қазақ баласының «Мен «Ер Тарғын» жырын білемін, оқығанмын» деп айтуына толық негіз бар. **«Тарғынның іс-әрекеті және оқиғалар»** тірек-сызбасын біз де осы нұсқаны басшылыққа алып дайындағанмызды айта кету керек.

Қырғыз халқы
Ханына қылмысты болу



Қонақ

Қырық сан қырым жұрты
40 хан, 40 мың мешіт

Ханның үлкені - Ақшахан
Қызы - Ақжүніс

Ханына қылмысты болу



Белгілі батыр

Еділдегі Орманбеттің
он сан ноғайы

10 хан

Біреуі - Ханзада хан
Мекені - Бұлғыртау

сарбаз

батыр
Әскербасы

Он сан
оймауыт
Тоғыз сан
торғауыт
Хандары -
Олалай, Бұлалай


Қарасайұлы Көбен
Алшағырұлы Тебен
Өмірұлы Себен

Қалмақты бостыру
Жалғыз емен


Ханның көшуі

Ақжүніс пен Тарғын

Шаған су
бойындағы
қалмақтар.
Домбауыл.
6000-дай
кісі.



Әскери жорық, шабуыл



Елден кету, әскери жорықтан қайту, көшу



Соғыс

Тірек-сызбаға қысқаша түсінік. Оң жақ қатарда оюмен көмкеріле орналасқан – туысқан елдер, түркі тектес халықтар. Сол жақ қатарда олардың жаулары. Бес елдің аталуы жыр мазмұнында осылай. Халқына емес, ханына қылмысты болған Ер Тарғын бір түркі елінен екіншісіне *қонақ* ретінде, үшіншісіне *белгілі батыр* ретінде қабылданады.

Талдамалық мәні бар түрліше сызба жыр мазмұнының жүйелі құрылымды түрде есте сақталуына негіз қалайды, сондай-ақ түпнұсқаның өзімен жұмыстануға, оны қызыға оқуына мол көмегін тигізеді деген де ойдамыз.



АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙТЫС ТҮРЛЕРІ

Рухани мұраларымызды дұрыс ұғынып игере білу мақсатын көздей оларды түрге жіктеуіміз, жүйелеуіміз қажетті жұмыстың бірінен саналады. Егер ол әрекетіміз шынайы һәм ғылыми болса, көне заманнан бізге жеткен сол мұралардың сыр-сипатын, түр-келбетін ашуға, мәнін ұғынуға зор көмегі тиетіні сөзсіз. Ал егер олай болмаса ше? Онда аяз болмай-ақ тоңып, жауын жаумай-ақ жаурап, шатқаяқтап жүргеніміз – жүрген. Бұл – оқулыққа арқа сүйейтін мұғалімге қиын, болашаққа қиянат.

«Қазақ әдебиеті» (9-сынып) оқулығымызда (А, «Мектеп», 2005) халық ауыз әдебиетінің айтыс түрлері былайша берілген екен: «1. Бәдік. 2. Жар-жар. 3. Жануарлар мен адамның айтысы. 4. Өлі мен тірінің айтысы. 5. Жұмбақ айтысы. 6. Салт айтысы-қыз бен жігіттің айтысы; ақындар айтысы. 7. Осы күнгі айтыстар» (79-бет). Тіпті, осы жаңа буын оқулығының тұтастай «Халық ауыз әдебиеті» бөлігінің өзі, тек аздаған өзгерістері

болмаса, сол бұрынғы қалпында екендігі де байқалып тұр. Ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлеріне тоқталмас бұрын, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің оқулықта көрсетілген негізгі үш ерекшелік-өзгешелігінің біріншісіне көңіл аударар кетейік: «*Ауыз әдебиетінің белгілі бір авторы жоқ*» (5-бет). Осылай дейміз де, неліктен ауыз әдебиетінің үлгілеріне авторы бар шығармаларды енгіземіз. Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Алшын Әйтеке би сияқты би-шешендер – тарихи тұлғалар. Ақындар айтысы бойынша Біржан мен Сара, Сүйінбай мен Қатаған, Әсет пен Рысжан десек, оны «авторы жоқ» деп айтуға бола ма?! Авторы тұрмақ қай күні өтілгені белгілі «Осы күнгі айтыстар» ауыз әдебиеті болып кеткен. Бәлкім, «Ауыз әдебиетінің кейбір түрлерінің авторы жоқ» делінгенде шынайылыққа біршама жақындаған болар ма еді... Тарихта жазба әдеби мұралардың авторы белгісіз боп қалғаны да кездеседі. Бұл - енді арнайы ат басын бұрар ауқымды теориялық мәселенің бір шеті, олай болса ауыз әдебиетінің өзіне тән негізгі ерекшеліктері басқаша жазылуы керек-ақ.

Жоғарыда оқулыққа келтірілген айтыс түрлерінің қазақ әдеби-мәдени ғұмыр тарихында болғаны рас, тек оны түсініктілік, жүйелілік, бірізділік ұстанымдарының үдесінен шығатындай ғылыми тұрғыда топтастыра білсек ұтарымыз мол болмақ.

Қатар келтіріліп тұрған «Бәдік» пен «Жар-жар» негізінен қазақ әдет-ғұрпында кезінде кең орын алған. Бұрынғы оқулықта болған «Бәдік» туралы теориялық, танымдық мәлімет қалдырылыпты да, ал «Жар-жар» жөнінде тек аты ғана аталған, заты (яғни теориялық, танымдық мәліметі) берілмепті. Түр ретінде аты айтылғаннан кейін ол туралы ештеңе берілмеуі, әрине, жөн емес. «Бәдік» пен «Жар-жарды» **әдет-ғұрыптық айтыс өлеңдер** деген атаумен топтастыруымызға болады. Бұдан кейін берілген «Жануарлар мен адамдардың айтысы», «Өлі мен тірінің айтысы» деген түрлердің де бір топқа ене алатын ыңғайы бар. Қандай да бір жануардың жұрт арасында адамша сөйлеп қана қоймай, оның айтысуы, сондай-ақ бақилық боп кеткеннің бұ дүние адамымен ел алдында,

жиын-тойда айтысуы мүмкін емес. Демек, бұл – өз кезінде бір кісінің екінші бір образға да еніп өмірге әкелген шығармашылық жұмысы. Аталмыш екеуін **айтыс түріндегі өлеңдер** десек болады. Оқулықта екеуінің алғашқысы туралы өте аз айтылса, екіншісі туралы мүлдем айтылмаған.

Жұмбақ айтысының жазба түрі де бар екені белгілі. Өткен ғасырларда өлеңмен жұмбақ жасырыла хат арқылы бір-біріне жолданылған да жәйттер аз болмаған. Айтыстың осындай жазба түрі ауыз әдебиеті үлгісінде орын алып кетпегені жөн...

«Салт айтысы» дегендегі салт сөзі әдет-ғұрып, дәстүр мағынасындағы сөз қолданысы болса керек. «Салт айтысы» деген атауға қыз бен жігіт және ақындар айтысынан гөрі жалпы сипаты әдет-ғұрыпқа негізделген «Бәдік» пен «Жар-жардың» жақындығы сезіледі. Сонымен оқулықта ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлерінің онды атаумен топтастырыла нақтыланбағандығына көз жеткіздік. Мұхтар Әуезов, Есмағанбет Ысмайылов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе, **ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлерін** мынадай жүйеде топтастыра таныту дұрыс болар дейміз.

I. Әдет-ғұрыптық айтыс өлеңдер:

1. Бәдік.

2. Жар-жар.

II. Айтыс түріндегі өлеңдер:

1. Жануарлар мен адамның айтысы.

2. Өлі мен тірінің айтысы.

III. Ақындар айтысы:

1. Түре айтыс: қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы

2. Сүре айтыс: рулық (халықтық) айтыс, діни айтыс, жұмбақ айтыс, өтірік өлең айтысы, тақырыптық (тау, су, жер, балық, т.б.) айтыс.



ӨЛЕЦНІҢ БУЫН, БУНАҒЫ...

Хакім Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген туындысының бастапқы бір шумағының өзі-ақ сол өлеңге лайықты әдеби теориялық анықтама іспетті. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы» деуі өлеңнің көркемдік жағын қамтыса, «Теп-тегіс, жұмыр» болуы буын, бунақ, ұйқасына орай айтылған.

Орта буын бастаушысы – 5-сыныптың «Әдебиет» оқулығының (А., «Атамұра», 2005) мазмұны «Қазақ ауыз әдебиеті» (41 сағат), XIX-XX ғасыр әдебиеті (50 сағат), «Әлем әдебиеті» (9 сағат) атты үш тараудан құралған болса, ауыз әдебиетінің «Тұрмыс-салт жырлары» дейтін бірінші бөлігінде-ақ *«Мына үлгідегі әр түлікке арналған қос жолды одан әрі бір-бір шумақ етіп жалғастырып өлең шығарыңдар» (7-бет), «Өлеңді мәнерлеп оқыңдар» (14-бет), «Той бастар өлеңдерінің құрылымына, ұйқасына, ырғағына назар аударыңдар» (15-бет)* деген тапсырмалар берілген. Демек, бұл алғашқы тапсырмалардың талабының өзі («бір-бір шумақ», «мәнерлеп оқу», «құрылымы, ұйқасы, ырғағы») – өлеңге тән қасиет белгілердің анықталынуы, оны біздің білуіміз. Ал, жалпы оқулықтың өн бойындағы тапсырмалар – өлеңнің құрылымдық қасиетіне мән берілуін, сипаты танылуын қажет ететін тапсырмалар: *«Өлеңнің буын өлшемін және ұйқас түрін анықтаңдар» (137-бет); «Өлеңнің қанша буынды екенін, қандай ұйқасқа құрылғанын анықтаңдар» (155-бет); «Мәтіннің ұйқас түрін, қандай ұйқасқа құрылғанын анықтаңдар» (155-бет); «Мәтіннің ұйқас түрін, буын өлшемін айтыңдар» (209-бет); «Өлеңнің он бір буынды екенін, оның қара өлең ұйқасына құрылғанын айқында» (213-бет)* т.б.с.с. 50 сағатқа лайықталған «XIX-XX ғасыр әдебиеті» тарауындағы шығармалардың үштен екі бөлігі – өлең-жыр. Бұдан біз «Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулықтың (А., «Атамұра», 2006) 80-бетінде **«Өлең туралы»** деген атпен келтірілген өте қажетті теориялық мәліметтің осы 5-сыныпта

болуы керектігін аңғарамыз. Бұл бір беттік қана мәліметте өлең дегеннің не екендігінің ең басты нақпа-нақ сипаттамасы бар: буын, бунақ, ырғақ, тармақ, ұйқас, шумақ. Теориялық мәлімет Абайдың 11 буынды, үш бунақты қара өлең ұйқасындағы бір шумақ өлеңін мысалға алына көрсетілген. Бір ғана «әттегенайы» – үшінші тармағы 12 буын болып шығуы: «*А-уыз о-мырт-қа/ /шы-ғың-қы/ /май-да жал-ды*». Үш бунақты, он бір буынды қара өлеңнің ешбір бунағы 5 немесе 6 буын болмайды. Бунақтағы буындар былайша орналаспақ: 3 // 4// 4; 4// 3// 4; 4//4//3. Өлеңнің 11 буынды болуын сан ғасырлардан қалыптасқан, ұйқастағы буын мен бунақ заңдылығы деуіміз керек. 5 буын болып тұрған аталмыш бунақтың айтылуы – *Ауз-о-мырт-қа (Ау-зо-мырт-қа)*, демек, 4 буын.

Ы, і дыбыстарының дұрыс танылмаған, анықталынбаған жақтары өте мол. Бұл туралы «Жазылым мен оқылым: ы, і дыбыстары атты мақаламызда аздап айтқанбыз. Мүмкіндікке орай әлі де тоқталармыз. Бұл арада ы дыбысының түсіп қалуы, ал қосылып кетуі төменде: *шарыуаның*.

Бунақтың сипатынан, жазудың ерекшелігінен, айтылымға сәйкес еместігінен, т.б. келіп туындайтын күрделі буын өзгерісі танытылуы керек, мұндай буынды шумақтың мысал ретінде алғашқы теориялық мәліметте көрсетілмегені жөн.

Айтылымы жазылымға сәйкес келіп тұрған күрделі емес буынды шумақтың үлгісіне Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңінің бірінші шумағын келтіруге әбден болады.

*Тау-лар-дан // ө-зен а-ғар // сар-қы-ра-ған,
Ай-на-дай // сәу-ле бе-ріп // жар-қы-ра-ған.
Жел соқ-са // ыс-тық соқ-са // бір қа-лып-та
А-ра-лап // тау мен тас-ты // ар-қы-ра-ған.*

Бесінші сынып оқулығында осы өлеңге байланысты «Өлеңнің бірінші шумағындағы өзеннің және екінші шумағының соңғы екі жолында тоғайдың қандай сөздермен қалай суреттелгеніне назар аударындар» (137-бет) деген 3-тапсырма берілген. Демек, бұл тапсырманың өзінде де шумақ пен тармақты («екі жолында»)

оқушының, тіпті, бұған дейін-ақ білу керектігі талап етіліп тұр.
«Өлеңнің буын өлшемін және ұйқас түрін анықтаңдар» (137-бет)
деген де 5-тапсырмасы бар. Ыбырайдың 5 шумақ «Өзен» өлеңінің
соңғы шумағы әлдеқандай себептермен алынып тасталған да,
мұның алдындағы екі шумағы екі-екі тармақтан бөліп жазыла
орналастырылған. 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған
өлеңнің бөлініп берілгені дұрыс болмаған, өйткені екі тармақты
қара өлең ұйқасы болмайды ғой.

Қазақ өлеңінің халықтық бастау-бұлағы осы 3 бунақты 11
буынды қара өлең мен 2 бунақты 7 буынды өлеңде жатқандығы
байқалады. Мұның бір үлгісі тұрмыс-салт жырларындағы «Төрт
түлік туралы» (7-11-беттер) өлеңдерден көрінеді, яғни, осы екі түр
осы өлеңдерде кезектесе келген.

*Ша-ры-уа-ның // бір тү-лік // пі-рі-Шопан,
Кел-тір-мей қу // пір а-та, // кой-ға то-пан.
Қой-д(ы) аң-дыған // бә-ле-нің // бә-рі құ-рып,
Бық-бырт ті-йіп // ү-н(i) өш-сін // қас-қыр а-пан.
Ап-пақ қа-на // сү-ті бар,
Ша-ға-ла-дай // құр-ты бар,
Шо-пан а-та // ба-ла-сы,
Қой-лар бас-сын // ү-йің-ді.
Қой-лар басса // ү-йің-ді,
Қой-май бас-сын // ү-йің-ді!*

Алтыншы сыныпта орын алған, мыңжылдығы аталып өтілген
ежелгі мұрамыз – «Алпамыс батыр» жырында да осы екі өлең
түрі бар. Ал жыр жолдарынын кейбіріндегі буын санының 7-ден
артық не кем болуы көп жағдайда, жоғарыда айтып өткеніміздей,
бунақтың сипатынан, жазудың ерекшелігінен, сондай-ақ
айтылымға сәйкес еместігінен, т.б. Жетілу, даму, түрленуді де
ескермесе, әрине, болмайды. Бұл, тіпті түрлі жағдайлармен
түпнұсқадан айтылулармен, көшірулермен өзгеруінен де болуы
ғажап емес. Мәселен, осы сыныптағы «Қобланды батыр» жырында
тұлпар Тайбурыл (Бурыл) *Буырыл, Тайбуырыл* болып жазылып,

тармақтағы буын санының артуына ықпал еткен. Сондай-ақ жыр жолдарындағы бунаққа, буын санына қарап батырдың есімінің Қобыланды емес екендігін аңғарасыз, дұрысы – *Қобланды*. Егер 6 буын болып тұрған кей тұсында есімі кездессе айтылуда (*шарыуаның* деген секілді) Қобылан, Бууырыл болуы мүмкін, бірақ бұл аталмыш жырдағы сирек жәйт болса керек. Мұны жырдың нақты бірнеше толық нұсқасын зерделей келе ғана айтуымызға болады.

Өлең мәнерлеп оқылып, құлаққа жұғымды, ырғақты естілуі үшін мұғалім буын, бунақ жағдайын, жалпы оның құрылымын алдын ала сезіне біліп алғаны дұрыс болмақ. Мұнсыз оқу кібіртіктейді, ырғақ бұзылады, сөйтіп оқушының өлең жолдарын қызыға тыңдап ұғынуына нұқсан келтіреді. Кем бунаққа кезігіп жұтылып, артық буындарға ұрынып алшақтап кетуі бек мүмкін. Өлең бунаққа сай ырғағымен сүйкімді де сіңімді. Бунақ демекші, 5-сыныптағы Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісі 8 буынды өлеңінің екі бунақтан (әр бунақ төрт буыннан), Жұбан Молдағалиевтің «Ар-ұят туралы» 9 буынды өлеңінің үш бунақтан тұратындығын (әр бунағы үш буыннан) нақты білуіміз керек. Үш бунақты өлеңді екі бунақпен немесе екі бунақтыны үш бунаққа келтіріп оқуға болмайды, олай болған кезде мағынасы, мәні, сәні кетеді.

Бастауыш мектепте «Ана тілі» болған пәннің енді 5-сыныпта «Әдебиет» атын иеленіп отырған жағдайында осы сыныпта сабақ беретін мұғалімнің (әрине, өзгелердің де) мәнерлеп оқуға алып баратын тиімді жолдармен жүргені әдебиет – сөз өнерінің сипатына сай болмақ, бұдан кейінгі сыныптардағы шығармашылық қырына жол ашпақ.



Ә ДЫБЫСЫНЫҢ ҚЫР-СЫРЫ

Тілдегі дыбыстардың (әріптердің) бірін үлкенді-кішілі қайталанбас бітімі бар рухани әлем десек, бұл бір әсіреқызыл сөз емес, әспеттеу емес. Ана тіліміздегі осындай дыбыстардың (фонемалардың) талай заманнан бері теперішті көбірек көргені (әлі де оңала қойған жоқ) төл тілімізге тән Ә, Ұ сияқтылары еді. Бұлай болудың басты себебі өзге тілде (орыс) болмағандығы еді. Олар сондай-ақ осы күнде тілі орысша қалыптасқан өз ағайындарымыз тарапынан да қысастық көруде. Біз бұл мақалада тіліміздегі Ә дыбысы бар кейбір сөздер, ескерілмей, еленбей жүрген жәйттерді қамти келіп, бұл дыбыстың сыр-сипатын, жай-жапсарын, өзіндік орнын, т.б. мүмкіндігімізше сөз етпекпіз.

Ұрпақ тұлғасын қалыптастыратын басты күш мұғалімдер екені белгілі. Ал сол мұғалімдерге білім, білік дарытуға арналған оқулықта: «Ә фонемасының қазақ тілінде сирек кездесуінің (онда да, көбіне бірінші буында кездесуінің) басты себебі – оның қазақ тіліне басқа күншығыс тілдерінен келген сөздермен байланысты болуы керек» (І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. А., 1962, 235-бет) деп жазылған. Ә дыбысын бұлайша өгейсіту, жат санау тілімізге арабтан енген сөздерде кездесуіне байланысты қалыптасса керек, мәселен: пән, кәсіп, мәжіліс, т.б. Ал араб тілінде бұл сөздер фаннун, касабун, мажлисун екендігін «Арабша-қазақша түсіндірме сөздіктен» (11-том, «Мектеп», 1989) қарай аламыз, яки ортамызда бар осы тілдің мамандары арқылы анықтау да аса күрделі емес. Тіпті, сөйлеу кезінде Ә тәрізді дыбыс естіледі, болады дейік, ал сонда өз тілімізде Ә дыбысының өзге мәні, болмыс-бітімі болмағаны ма?

Ә дыбысының өзіндік табиғатын аңғаруды кішкентай (кішкентай) қазақ үнінен көбірек еститіндігімізді, әсіресе, соған

арналған сөздерде біршама мол кездесетіндігінен бастағанымыз жөн болар. **Іңгә** деп өмірге келетін, жылайтын ол қазақ – **әлди**, күн санап өсе келе **сәби**. Баланы жақсы затқа, іске, мақсатқа ұмтылдыру, талаптандыру, қызықтыру үшін **әйәй**, **әйбәт**, үсті-басын лақтамауы, керексіз затты аузына алмауы үшін **кәкәй** десек, тәлпіш болып кетпеуіне жол бермеуді ойлап, пендешілікпен, **үбіжәй** деп қорқытып та қоямыз. Тезірек өз аяғына жалынып жүре білсе екен деп **тәй-тәйлатып** жаттықтыра бейімдей бастаймыз. **Тіфәй-тіфәй** деген сөз де көбірек оған тіл-көз тиюден сақтау үшін жұмсалады. Жоқ дегенді **әлду**, кереметті **тәштәй**, ұсақты **кіттәй**, жеймін дегенді **нәйім-нәйім** деп айту бар. Балаға арналып қалыптасқанымен, мұндай сөздердің айтыла келе жалпы көпшілікке ортақ қолданысқа ие болып кеткені де бар. Мысалы, Мұқағалидың өлеңіндегі мына жолдар осыған бір дәлел: «Әйелдер-ай! Әйәйлар-ай, қулар-ай! (Жырлайды жүрек: (өлеңдер мен поэмалар). «Жазушы», 1989, 266-бет). Айта кету керек, «Ауыл кеші көңілді» атты жинақтағы («Қайнар», 1989, 77-бет) көпшілікке танымал әннің «Әй-әй, бөпем» деп алғашқы сөздің ортасына дефис қоя жазылуы қате болмақ.

Сөз қызғылықты түрде қабылдансын деп өзгеше бояу, ренгенгізе өзгертіп айтуды бала естімек, әрине, өзгерту беталбаты емес, қалыптасқан жүйе бойынша.

- Міне, **әлләй**, - деп сөз ұғынар балаға құндақтаулы нәресте көрсетіледі.

И-ах-уай!

Бәлләй! бәлләй ботам-ай,

Бота көзің екеу-ай («Мың бір маржан», «Өнер», 1989, 66-бет).

Осындағы әлләй – **әлди**, **бәлләй** – бала сөздерінің қызғылықты тұрғыда айтылуы.

Ән айту күні кешеге дейін жалпыға тән еді, елдік бір ерекшелігіміз болатын. Сол арыдан келе жатқан әндеріміздің талайының қайырымдарының, қайырмаларының **хәләләку**, **халиләли**, **үридәй**, **әләуләй**, **угәй**, **лиләләй**, **әттә-рәри**, **әгәгәй**

дегендей сөздермен шашақталатынын білеміз. Халық әндерін тамылжыта орындайтын әншілеріміздің бірі – Мәдина Ералиева «угәй, угәй, әй угәй» десе, екіншісі – Майра Илиясова «угәй-әй» деп мұндай ырғақты сөздерді де өз ыңғайымен айта біледі. Сонымен бірге тек нота арқылы ән үйреніп, кітаптан оқу арқылы ән сөзін жаттап шырқайтын кәсіпқой әншілеріміздің кейбірінен «угай-ай» (жоғарыда көрсетілген ән жинағында да осылай жазылған, 21-бет) дегенін естіп қалып жүрміз.

Екі түбірдің бірігуі арқылы ертеден-ақ сөйлеу тілде орныққан, кіріккен зат есімдердің атауын түбір тұлғасын қайта қуалай барып жазу – тілдің ішкі мүмкіншілігін, заңдылығын есепке алмаушылық. Ә дыбысына қатысты айтқанда бұған **сәйгүлік, тәуешкі, тәутеке, Шәлкөде**, т.б. сөздердің осылайша жазылмай жүргендігін келтіруімізге болады.

Құрамында А дыбысы бар сөздің айтыла-айтыла келе ішкі қажеттіктен өзгеруі, яғни Ә дыбысын өмірге келтіретіндігі ауызекі сөйлеу тілінің дәуірлеп тұрған кезінде жүзеге асқан бір жәйт болған еді. Бұның мысалы: **ағаеке, ағке, әгке, әке; апәеке, апеке, әпеке, әпке, әкпе; алып кел, алпкел, апкел, әпкел, әкел.**

Құс патшасы бүркітке қазақ **«кәл-кәл»** деп дауыстаған. Бұл – кәдуілгі **кел** дейтін сөздегі е дыбысынын орнына ә дыбысын келтіру арқылы қалыптасқан. **«Кә-кә»** деу де (итке) – осы түбір сөз. Жылқының мазасызданбауы, тыныштануы үшін **тәк** деген сөзді айтады білетіндер. «Тәк!... – деп ақ сұр аттың шаужайынан ақырын ғана қағып қойды» (Сәкен Сейфуллин. Сол жылдарда (повестер мен әңгімелер). «Жазушы», 1974, 204-бет). **Тәк** жоғарыдағыдай ыңғаймен **тек** (адамға айтылады) дейтін сөздегі е дыбысының орнына ә дыбысы келу арқылы жасалған. Орыс тіліндегі **так** дейтін қыстырма сөз (бізге келген варваризм) осы сөзден барып орнықса керек. Түбірі бір болғанымен **шай** мен **шәй**, **хәкім** мен **әкім**, **салам** мен **сәлем** сияқты сөздердің өзіндік ара жігі бар екенін ұға білгеніміз жен. *Шай* ішер асқа дайын емес (тақта шай, үнді шай, көк шай, т.б.), ал *шәй* ішер ас болғандағы көзін (қара

шәй, еткен (екпе) шәй, суыған шәй т.б.) білдіреді. Шай салу, шәйға шақыру, Лұқпан хакім, әкім болу, салам беру, сәлем жасау деген тіркестерді келтірсек, онда олардың мағыналық ерекшелігін тани аламыз. Сол сияқты жай мен жәй, баз бен бәз тәрізді сөздерді де өз ыңғайымен қолдана білсек.

Ә дыбысын (әрпін) жалаң сөздердің бірінші буынына (шәйнек, Әмудария, Әзербайжан, шәшлік, мәңгі, т.б.), екінші буынға да (ділдә, тілмәш, шәрбәт, Мүтәш, т.б.), сондай-ақ одан кейінгі буындарға да (күшәлә, мінәжәт, дүдәмәл, Күләндә. Гүлбәһрәм, т.б.) жазылуына кедергі, қолбайлау болмауымыз керек. Ал көптік, септік жалғауларына, кейбір сөз табына ә вариантты тұлғаны енгізудің еш қажеті бола қоймас.

Жеке тұрып та оннан аса мағына бере алатын қазақ тіліндегі Ә дыбысының жай-күйіне, қыр-сырына қанықпастан бөтен деп кесіп, пішу үстіртін пікір демекпіз.

Бұл – О дыбысы бар ғой деп оған жақын Ө-ні, Н дыбысы кең, молынан қолданылады деп Ң-ды жоққа шығарумен бірдей. Ә дыбысы – өзіндік орны бар тіліміздің бір бүтіні. Бұл заманда тасы өрге домалап тұрған тілдердің өзінде жоқ барымызды сол тілдерге еліктейміз деп жүріп жоқ етіп алмауымыз керек. Барды бағамдай біліп, бағының ашылуына бөгет болмасақ, тіліміз өшу емес, өсу бағытында бола бермек.



ЖҰРНАҚТЫҢ ҚАЗАҚША КӨРІНУІ

Халық бар жерде тіл бар, алыс-беріс, қарым-қатынас, түрлі әсер бар.

Қазақ тіліне орыс тілінің әсерінің дені – сөздік қор саласында. Осы сөздердің өзін бажайласақ, онда **ка** жұрнағымен жасалынатындардың үлкен, мол орын алатындығын аңғарамыз.

Біз бүгінгі өмірімізде өктемдікпен келген түрі жат кірме сөздердің ұғымы я болмаса өзі «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиюі» үшін оған лайық атауды келтірудеміз, тілдің табиғи заңдылығы бойынша айтылуына сай қалыптастырудамыз.

Орыстың жазба, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінің сөзжасамында ең бір қызу жұмыс атқарып жүрген жұрнақ деп аталмыш **ка** жұрнағын айтуымызға болады. Бұл жұрнақтың қалай қалыптасқандығын, яки, қашан қай тілден еніп осы тұлғасымен бұл тілде орныққандығын дәлелдей көрсетуімізге толық мүмкіншілігіміз жете бермес. Біздің нақтылы мысалдар келтіріп көрсете алатындығымыз – бодан болуымыздан кейінгі осы жұрнақ арқылы келген сөздер, олардың кешегі, бүгінгі көрінісі арқылы болашақтағы тұлғалық бейнесі. Сондай-ақ біздегі мақсат – осы **ка** жұрнағына (сөздермен келтіре) тіліміздің қалыптасқан заңдылығын көрсету арқылы жүйелілікті жөнге келтіру.

XIX ғасырда жарық көрген «Дала уалаяты» газетінде: *Чмокин: - Мен сенімен ерегесіп көп бәс тікпеймін. Әншейін 12 бөтелкедей шампан арағы болса болады, - деп жайымен тағы айтыпты* (Дала уалаятының газеті (кітап), құрастырушы Ү.Субханбердина, «Ғылым», 1989, 47-бет) деген сөйлемдер бар. Сол ғасырдағы халық әнінде «Ағашы займкенің селдіреген» (Ауыл кеші көңілді. А., «Қайнар», 1989, 62-бет) деген жол бар.

Қай тілдің де болмасын шет тілден келіп енген сөздерді өз тілдік ерекшелігіне сай айтатындығы – баршасында бар ортақ қасиет. Енді ертеректе енген осы **ка** тұлғасындағы сөздерге көңіл аударалық: ботинка – бәтеңке, бочка – бөшке, шапка – шәпкі, ярмарка – жәрмеңке, корзина – кәрзеңке, сумка – сөмке, резинка – резеңке, семечка – шемішке, поселка – поселке, участка – учаске, т.б. Белгілі бір дәуір, яки, жылдар сипатын танытатын әдеби-тарихи шығармалардан да бұған біршама мысалдар келтіруге болады.

Осыны пәуескеге мінерде тілмаш арқылы жариялады (Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жазушы», 1989, 1-кітап. 400-бет). *Ертістің үлкен суына қарай үңілген еңіс, құлаберісте*

Бүгінгі басылым, кітап, журнал, газет беттерінде де бұған лайық мысалдар аз емес.

«Мына Бесшоқыдағы Пытыра мен Әндірейдің үйін ақ майға бөктірейік те, қап-қап кәртөшкісі мен пиязын алып қайтайық» - дегені («Қазақ әдебиеті» газеті, 1986 жыл, 2-май, 8-бет).

- Өй, кәмпескеге қарсысың ба?

(Ақ боз үй (роман). «Жазушы», 1989, 98-бет).

...қазақ қарпілі мәшіңке шығару («Ана тілі» газеті, 13.V.93, 2-бет).

Сөздік, тілдескіш сияқты тілдік материалдарға құрылған кітаптардан да осы аталмыш жайға мысалдар бар. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің 55-бетінен («Қазақстан», 1988 ж.) *әшмүшке*, 182-бетінен *күпәйке*, 183-бетінен *күрешке*, 325-бетінен *тәрелке* секілді сөздерді мысалға келтіре аламыз, Орысша-қазақша тілдескіштің 15-бетінен («Қазақстан» 1989): *Маған бөлке, (батон, печенье, ақ нан) беріңізіші* деген сөйлемді, сауда қызметкерлеріне арналған орысша-қазақша тілдескіштің 58-бетінен (Алматы, 1989) *кольготкілер*, 68-бетінен *күрешке* деген сөзді таба аламыз. Негізінен ауызекі сөйлеуде, сондай-ақ кейбір басылымдарда кездесіп те қалатын осындай сөздердің бір легін келтіріп өтейік: тарелка – тәрелке, папка – папкі, пешка – пешкі, палатка – палаткі, будка – будкі, куртка – күрткі, майка – мәйкі, скамейка – скамейкі, тележка – тележкі, кленка – кленкі, пленка – пленкі, плитка – плиткі, солярка – сәләркі, сварка – сваркі, отвертка – отверткі, леска – лескі, юбка – юбкі, лампочка – ләмпішке, ставка – ставкі, бланка – бланкі, трубка – трубкі, т.б. Аудармасы не ұғымы болғанмен де күнделікті сөйлеу тілімізде әртүрлі себептермен тіл білмегендік, сөздің дәлсіздігі, психологиялық ахуал, керексіз ұғым атауы (временка, девятка, шестерка, т.б.) болып қолданылып жүрген сөздер қаншама: рогатка – рәгәткі (айырсадақ), коляска – кәләскі (бесікарба), барахолка – барахолкі (сауда орталығы), развилка – развилкі (жолайрық), маска – маскі (бетперде), стенка

– стенкі (жиһаз жиынтығы), шпаргалка – шпаргалкі (алдын ала дайындалған жазба қағаз), диктовка – диктовкі (айтып жаздыру), т.с.с.

Шарттылықпен болса да 50 жылдық айырыммен («Елу жылда – ел жаңа»), тұтастай алып қарағанда, қазақ тілін таза да дұрыс білетін, осы тілді өз қажеттілігіне жұмсап отырған қазақтардың сөйлеу тілінің келешегі мен бүгінгісінің арасында осы **ка** жұрнағының көрінуі тұрғысынан ауытқушылық бағытты байқай аламыз, ол – (кі, ке емес) тұрғысында ғана болуы. Ал бұл Қазақстанда өмір сүріп келе жатқан орта буын қазақтың орыс тілінсіз тіршілік етпей келгендігінен, тілімізде ерін үндестігінің мүлде әлсізденуінен болса керек.

Осы жұрнақпен тілімізде жүрген сөздер легін жер атауларына байланысты алып қарасақ, тіпті, молая түседі: Медведка, Каменка, Веселовка, Воснесенка, Бобровка, Смолянка, Благовещенка, Осакаровка, Волынка, Возвышенка, Введенка, Коломенка, Коновниценка, Святославка, Половинка, Полтавка, Подгородка, Березка, Георгиевка, Долинка, Приреченка, Травянка, Серебрянка, т.б. Егемендік алған кезімізде жер атауларының бұрынғы, ежелгі атауы айқын болып қалпына келтіріліп жатса құба-құп, бірақ бұлай бола қояр ма екен? Сондықтан мұндай жер атауларының айтылуы, жазылуы тіл талабына сай, мәселен, *Веселовкі, Вознесенкі, Бобровкі, Смолянкі...* тұрғысында болуы керек. Осы орайда орыстың ұлттық бейнесін жасайтын **ка** жұрнақтағы атаулар (балалайка – балалайкі, частушка – частушкі, частүшке, тройка – тройкі, т.б.) бар екенін айта кету керек.

Мақалада сөз болып отырған деректі (абстракті емес) зат есімде табылып отыратын жұрнақтың **ке** және **кі** болып тілімізде көрінуі оғаш жәйт емес, ата-бабадан бері келе жатқан ғасырлық тілдік дәстүр екендігін мойындайтын кезіміз келді, бұған тосырқай қараудың еш жөні жоқ.

ЕҢ КҮРДЕЛІ СӨЗ ФОРМАСЫ

Сөз формаларының бірі – қос сөздерді мектепте дұрыс танытудың, өзіндік ерекшеліктерімен оқып білудің сауаттылыққа да, тіл мәдениетіне де, танымға да тікелей қатысы бар. Тіліміздегі сөздердің сөз формасы ретінде топтастырылуының негізі, ең алдымен, ол сөздің өзіндік лексикалық мағына бере алуына байланысты. Мәселен, *бас* деген сөзді алайық: **бас** (түбір сөз), **басшы** (туынды түбір), **қаңғыбас**, **қубас** (біріккен сөз), **басы-қасында** (қос сөз). Мектепте оқушыларға қай сөз формасын болсын оқытқанымызда осы қырынан келгеніміз жөн әрі онды болмақ. Міне, осы айтылған пікір қос сөзді ұғындыруда түбегейлі ескерілмей жүр десек болады. Әйтпесе оқушыларға қос сөз туралы алғашқы мәліметтер берілгенде *қора-қора*, *бүгін-ертең*, *ұлкен-кіші*, *әке-шеше*, *алыс-жақын*, *сөйлей-сөйлей*, *будақ-будақ*, *жылы-жылы*, *гүрс-гүрс*, *ар-ұят*, *екеу-үшеу*, *жоғары-төмен* (Қазақ тілі. Бастауыш мектептің 4-классына арналған құрама оқулық, «Рауан», 1993 жыл) тәрізді мысалдардың ұсынылуы болмас еді. Мұғалім оқушыларына оқулықтан тыс кітаптардан, яғни, көркем әдебиеттен, газет-журналдардан мысал іздеттіргенде, өзі іздегенде сөйлемде қос сөз боп тұрғандарға ойлы да сыни көзбен, талғаммен қарағаны дұрыс. Мәселен, мұғалім яки оқушы көркем әдебиеттен «Манайдың киіз үйіне ақсақалдар жиналып, түннің бір кезіне дейін **әңгіме-дүкен** құрып уақыт өткізетін» (Ә.Әлімжанов. Романдар. «Жазушы», 1984, 214-бет), «Қазақ хандары мен сұлтандары **бірін-бірі** мүжи берсін...» - дейтін көрінеді граф Сухэтлен (Осы кітап, 421-бет), «**Қаз-қатар** тізіле қалған үстелдің арғы шетінде егделеу жігіт телефонның құлағына жармасып қалыпты» (Ә.Асқаров. Повестер мен әңгімелер. «Жалын» 1981, 52-бет) дегендей сөйлемдерді, ал газеттерден «Ия, чемпионат өтер, командалар келер, жанкүйерлер де жиналар, бірақ теңбіл доп **бұраң-бел** қыздарымыздың теңі ме?» («Лениншіл жас», 29.4.86 жыл), «Сәбізді сондай-ақ алдын-ала ақ

саз балшыққа батырып алып, полиэтилен қапшықта да сақтауға болады» («Егеменді Қазақстан», 17.11.92 жыл), Солардың негізінде 1994 жылдың демографиялық көрсеткішін **алдын-ала** қазірде бар жағдайлар мен ағымдарға қарап есептеп шығаруға болады» («Ана тілі», 13.1.95 жыл) дегендей мысалдарды келтірген екен делік. Осындағы қарамен берілгендер қос сөз бе, жоқ. *Бірін-бірі* және *қаз-қатар* деген сөздер болмаса, басқаларының қос сөз емес екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық. Демек, олардың *әңгіме дүкен* (*әңгімедүкен*), *алдын ала*, *бұраңбел* екендіктері көпшілік басылымдардан-ақ көзге мәлім. Бірін-бірі деген сөздің мағынасына көңіл аударайық, мұнда екі нысан беріліп тұр, контекст бойынша айтсақ, екі топ (адамдар). Бұл сөз үлгісімен мағынасын басқаша келтірсек былай болады: хандарын *сұлтаны құрта берсін* немесе *Петрін Иваны құрта берсін*. Демек, мұндай құрылымға не дефис керек. Ал бір-бірін деп ықшамдалып келу бір басқа, ол жөнінде арнайы тоқталамыз. *Қаздай қатар қалықтап, Тізіліп көшкен елдер-ай* (Сәкен Сейфуллин ән өлеңінен) десек, *қаз қатардың* қайдан екендігі бірден түсінікті болмақ. Байқаған жанға, дефис қойыла келіп, қос сөз сияқты болушылық жазылыстарда мол, мұғалімнің ойланып істер тірлігі керек дейтініміз де содан. Мұғалімнің төменгі сыныптарда қос сөзге былайша анықтама беріп ұғындырғаны оң болмақ. **Екі сөздің жұптасып келіп, өзгеше бір мағынаға ие болуын қос сөз дейміз.** Алдымен сөз таптарының ішінен зат есімдегі қос сөздерді мысалға келтірген орынды: *ата-ана* (родители), *ата-баба* (предки), *аты-жөні* (фамилия), *мінез-құлық* (поведение), *құрт-құмырсқа* (насекомые), *азық-түлік* (продукты), *ән-күй* (музыка), *әл-ауқат* (благосостояние), *айла-шарғы* (махинация), *керек-жарақ* (инвентарь), *күні-түні* (постоянно), т.б.

Осындай мысалдардан кейін сөздердің жұптасып келіп бір ұғым беретінін оқушы жеңіл түсінеді. Бұдан былайғы жерде басқа сөз таптарындағы қос сөздерді танытуымызға болады. Мәселен, сын есімдегі қос сөз: *қызыл-жасыл* (әдемі), *үйелмелі-сүйелмелі* (жас шамалары онша алшақ емес жас балалар); сан есімдегі қос сөз: *бірлі-жарымы* (кейбіреулері), *бірен-саран* (өте аз); есімдіктегі қос сөз:

әне-міне дегенше (тез арада), *анау-мынау* (онай емес), етістіктегі қос сөз: *болар-болмас* (азғантай, сәл ғана), *жатқан-тұрған* (артық-ауыс, өзінде бар артық нәрсе); үстеудегі қос сөз: *анда-санда*, (сирек), *кей-кейде* (кейбір сәттерде, кездерде), одағайдағы қос сөз: *пай-пай* (таңдану, сүйсіну, риза болу), *ай-ай* (аяу, өкініш), *гөй-гөй* (мұндылау ән сарыны); еліктеуіштегі қос сөз: *шыр-пыр* (бәйек болу, мазасыздану), *ырың-жырың* (араздық); *ың-дыңсыз* (ұрыс-керістің болмауы). Бұл арада сөздердің беретін мағынасына емес, қай сөз табынан болғандығына байланысты орайласқандығы ескерілсін. Әрине, біз мұнда бағытын байқаттық, ал ізденген адам бұдан да лайықтыларды келтіре алары сөзсіз. Сөздерді жекелей алып емес сөйлемдерде келтіре көрсетудің өте орынды екенін білеміз. Енді осы орайдағы сөйлемдерді келтірейік.

Омбы қаласы ең әрісі жиырма үйден отыратын қыр-қазақтарына ертегіде айтылатын Бағдат шаһарындай ұшы-қныры жоқ үлкен көрінеді (Ғ.Мүсірепов. Оянған өлке. «Жазушы», 1974, 117-бет). *Тықырсыз, тыныш қараңғыда ұйықтап кеткендей мең-зең* (Осы кітап, 116-бет). *Қызыл-жасыл киінбей, қыздың сәні келмейді* (Молдабайдың әнінен). *Бір семьядан шыққан сайдың тасындай ағайынды жігіттер сынды олар арқа-жарқа болып шай үстінде әңгіме шертер* («Лениншіл жас», 19.4.86 ж.). Енді қалған **бірен-саран** *жібек құртын піллә өсіретіндер жылда келіп қырқып әкетіп, отап жатады* («Қазақ әдебиеті», 10.1.87 ж.). *Назира. Дүйсен, сенде жатқан-тұрған тоспа жоқ па?* (Ауызекі әңгімеден). *Кісіден анау-мынау жалтару жоқ, Ақ көйлек, дүрия бешпент сәулем қайда* (Ақан сері «Маңмаңгер» әнінен. Кітапта «Ауыл кеші көңілді», 1988 жыл, 124-бет). *Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық* (мәтел). *Кешіргін, Отан, кей-кейде басып бір кетсем гөй-гөйге* (Мұқағали Мақатаев). *«Әй, Шеге, не айтып тұрсың?» деп бұл шыр-пыр.* (С.Елубаев. Ақ боз үй, «Жазушы», 1989, 33-бет). *Әлден уақытта ақ боз үйдің есігі болар-болмас қозғалып ысырылып бір көлеңке білінді* (Осы кітап, 47-бет). *Пай-пай, не еткен маңғаз едің, білмейтұғын шалқуды* (М.Мақатаев. Шолпан, «Жалын», 1984, 10-бет).

Қос сөздерінің мағынасы аударма барысында оңай анықталады. Тақырыптық ұрымтал тұс жоқ жерде пәнаралық байланысқа күшпен ұмтылу жақсы емес, ал қос сөздерді өту барысында мұғалімнің өзге тілдермен (мәселен, орыс) пәнаралық байланыс жасауы тақырып талабынан табылмақ.

Ендігі болатын әңгімемізде жұптасып келсе де, жаңа лексикалық мағына жасай алмайтын, тек грамматикалық мағына үстейтін сөздер түріне тоқталмақпыз. Бұлардың сөз формасы қос сөз ретінде келіңкіремейтін де жағы осы. Алайда жұрнақтың сөз тудырушы, сөз түрлендіруші болатыны сияқты тұрғыдан алып қарасақ, қос сөздерді *лексикалық мағына жасайтын қос сөздер, грамматикалық мағына жасайтын қос сөздер* деуіміздің ыңғайы *келіп-ақ тұр. Біқшамдап лексикалық және грамматикалық қос сөздер* дейміз. Демек, бұған дейін келтірілген қос сөздер лексикалық қос сөздер екен, енді грамматикалық қос сөздердің қандай мағына беретіндігін айта отырып тоқталайық.

Көптік, жинақтық, долбарлық, бірнешелік мағына, мысалдары. *Бименде көк абдыралардың бірін ашқызып, ішінен топ-топ кездемелерді текемет үстіне қатар-қатар сұлатып тастай бастады* (Сәкен Сейфуллин. Сол жылдарда (повестер мен әңгімелер). «Жазушы», 1974, 191-бет). *Меңзеген жерге дәл-дәл тиеді* (Ғ.Мүсірепов. Аталмыш кітап, 124-бет). *Балаларымен қоштасқан қатын-қалаш шулап қоя берді* (Ә.Әлімжанов. Аталмыш кітап, 466-бет). *Жауар бұлттай түйіліп, шудасын сүйретіп, күндей күркіретіп келе жатқан Шойынқараны көруге қатын-қалаш, бала-шаға еріп түгел сыртқа шыққан* (С.Елубаев. Аталмыш кітап, 55-бет). *Жан дәрменде ытқып-ытқып жағалауға шығысты* (Ә.Асқаров. Сол кітап, 111-бет).

Процестің, оқиғаның, істің астасып жатуы, мысалдары. *Керуен басының дөрекі қалжыңы мен айқай-ұйқайына оншама көңіл бөлмей қалғып отыра беретін* (Ә.Әлімжанов. Сол кітап, 360-бет). *Жейделері далба-дұлба, беттері мен көкіректері айғыз-айғыз қан* (Осы кітап, 464-бет). *Құтырған түйелер жаудың қалың қолын қақ айырып өтті де, сол жойқын қарқындарымен арындаған*

қалпы қазылған орлардан орғи асып, Геккениң шатырын таптай-
маптай кең жазыққа тайраңдап кетті (Осы кітап, 527-бет).

Астарлай жеңілдеп айту (дүрс еткізбеу), көп сөзділіктен аулақ болу, мысалдары. Тек **шай-пай** ауыз тисек болды (М.Әуезов. Абай жолы, 2-том. «Жазушы», 1989,174-бет). **Шай** ішіліп болған соң, **Өтегелді мен Дәрмен «ат-мат»** дегенді сылтау еткен болып бір бөлек кетті (Осы кітап, 22-бет). Осылай керуенші боп жүргенде бір күні кеш әлетінде көк шолагын тепеңдетіп қырқадан шыға келген Құдайберген шабарман қырманшылар ішінен мені іздеп тауып: «Әй, балақай, сені ауыл кеңеске шақырып жатыр» деп өктем бұйырып, **әй-шайға қарамай алды да жөнелді** («Қазақ әдебиеті», 1986, 8-бет).

Аралық процестің, жай-күйдің берілуі, мысалдары. Таңғы шайды **ішер-ішпестен аттанысып кеткен еді** (Ә.Асқаров. Аталмыш кітап, 81-бет). **Зарбайдың даусы оны кіресілі-шығасылы есеңгіреген халден оятып жібергендей болды** (Ә.Әлімжанов. Аталмыш кітап, 466-бет).

Алдыңғы затқа, құбылысқа қоса басқа да заттың, құбылыстың бар екенін сездіру, мысалдар. **Малды бітіргеннен кейін енді «тері-терсек, жүн-жұрқа, бақай-тұяқ тапсыр»** дегенді шығарды **әнеугүні** (С.Елубаев. Аталмыш кітап, 257-бет). **Оған да көзің тоймай, тағы да басқа әшекей-үшекейге құмартып, өлермендікпен ұмтыла берсең...** («Егемен Қазақстан», 11.2.92.).

Сан есімнің қосақталуының сөйлемдегі **негізгі ой әлсіремеуі үшін** де қызмет ететінін ескеруіміз керек. Мысал. **Сол араға жанына ерткен екі-үш адамы бар біздің Жарманымыз да келді** (М.Дүзенов, I-том, «Жазушы», 1985, 73-бет). Күшейткіш буынның келуімен мағынаның күшейтілуі о баста-ақ айқындалған: **тып-типыл, қап-қара, қып-қызыл,** т.б. Жалпы грамматикалық қос сөздердің білдіретін мағыналарын нақтылай, дәлелдеп саралай түссек, бұл сөз формасының ғылыми бағы ашыла, өрісі кеңейе түсері сөзсіз. Сонымен, «**Жұптасып келген екі сөздің біріне яки жалпылама ортақтықта грамматикалық мағына үстелуін грамматикалық қос сөз дейміз**» деп анықтама беріп оқытсақ, нақтылықтың тізгіні

қолымыздан табылар.

Орыс тіліндегі қос сөздер (парные слова) қазақ тіліндегідей сан-салалы кең қолданыс үлгісімен көріне алмайды. Өз тіліндегі үлкен мәнге ие емес дүниеге «чурун-бурун», «шара-бара» дегендей тұрғыда өзге тілдің сөз тұрпатын қолданушылығынан-ақ жақтырмаушылық пиғыл лебі аңғарылады. Оны меңзейтін анекдоты да бар. Өзге өзге дейік, ал қос сөздің (грамматикалық) кей мағыналық реңкін қалай болса солай қолданушылықтың өз арамыздан да табылып қалатындығын қауіпті бағыт деп айтар едік. Оның бір дәлелін «Балдырған» журналынан (1993, №1, 14-бет) алынған «Таба алмадым» деген тақырыптан былайша таба аламыз.

- *Қызым, шай әзірле. Дастарханға кесе-месе, қант-панттардан әкеліп қоя бер,* - деді апасы қызына. Біраздан кейін қызы апасына келіп:

- *Апа, мен кесе мен қантты апарып қойдым, ал месе мен пантты таба алмадым,* - деді.

Құмшекер-пұмшекер, қуырдақ-пуырдақ, қайрақ-пайрақ, қатық-патық деп әр затты осылай жөн-жосықсыз айта берсек, тілімізде не маңыз, не береке болмақ?! Осы үрдісте сөз келтірудің мән-мазмұнын, қажеттілігін, қажетсіздігін, нақтылап айтсақ, сөз таптарындағы өзіндік қолданыстарының шет-шегін анықтау – істелінуі тиіс керек шаруаның бірі.

Мұндай бос сөздікке, ауытқуларға мына мысалдарды да жатқызуымызға болады. *Аздаған тиын-себені барлар қайтеді?* («Социалистік Қазақстан», 27.1.91 жыл, 4-бет). *Мұны тыңдап отырып біз «батамен ер көгерер» деген ып-ырас-ау деп қалдық* («Қазақ әдебиеті», 7.8.92 жыл). Тап-тамаша (Теледидарда болатын «Балбөбек» хабарында балаларға ою үлгілерін үйрететін кісінің сөзі). Алғашқысының ауытқығандығы сол – қалыптасқан **ТИЫН-ТЕБЕН** деген сөздің өзгерілгендігі, бәлкім, өзінше түзетілуі. Мұндай сөздер қалыптасуының дыбыстық, үндестік, ұйқастық, мағыналық үйлесім, жақындастық сияқты жақтары болады. Ал жалпы ұғасырлық електен өтіп қалыптасқан сөзді өзгерту жеке адам дәті баратын нәрсе емес. *Рас* деген сөзге күшейткіш буын келмейтін

болғандықтан *ырас* болып, сөйтіп екінші сөйлемдегі *ып-ырас* жасалынған. Рас ыпсыз-ақ рас, тамаша «тапсыз-ақ тамаша» емес пе? Тіпті, міндетті түрде күшейтілуі шарт болса *өте рас, тіпті рас, шырқыраған шындық, нағыз ақиқат, өте тамаша, тіпті тамаша, керемет, гажап*, т. б. деу керек шығар.

Бұған дейін әңгіме еткеніміз қос сөздерге қатысты болса, енді дефиспен қосақталуына қарап көпшілігіміз қос сөз деп танып жүрген тұлғалар жөнінде сөз қозғайық. Алдымен мысалдары тізбектелсін. *Менің барар-бармасымды Үйдегі Құртқа біледі* («Қобыланды батыр» жырынан). *Бәдік айтысы қазақтың ісләмға дейінгі діні – шаманизмнің сенім-нанымдарынан туындайды* («Жұлдыз», 1988 жыл, 194-бет). *Былайынша қарағанда, өзбектердің кәдімгі ұлттық өрнек-кестесі дейді* (З.Ахметова. «Шуақты күндер», «Жалын». 1984, 54-бет). *Сол арық-атыздарға тұт ағашын қайта егіп, бөлімшедегі ыңғайлы жұмыс таба алмай отырған қыз-келіншектерімізге піллә өсіруді неге тапсырмасқа?* («Қазақ әдебиеті,» 30.1.87 жыл). *Ақназардың атақ-даңқы қазақтарды ноғайлармен одақтастырып, моңғолдар мен ноғайларға талай жерде соққы берген соң тіпті дүрілдеп кетіпті* (Ә.Әлімжанов. Аталмыш кітап, 373-бет). *Әсіресе, күйге деген ықыласы ерекше-тұғын: күй тартпайтын кәрі-жас, әйел-ерекк кездестірмейтінбіз* («Мәдениет және тұрмыс», №4, 1986, 8-бет). Осы сөйлемдердегі ерекшелендіріле берген сөздер бір қарағанға қос сөз боп көрініп-ақ тұр. Шын мәнісінде солай ма екен? Жоқ, мұны біз ықшамдалып келген бірыңғай мүшелер дер едік. Ең алдымен, бұларда сөз екпіні ықшамдалған. Одан кейінгі жағдайды былайша таратып көрсетсек анықталады: *барарымды, бармасымды; сенімдерінен, нанымдарынан; өрнегі, кестесі; арықтарға, атыздарға; қыздарымызға, келіншектерімізге; атағы, даңқы, кәріні, жасты, әйелді, еркекті*. Ықшамдалып келген бірыңғай мүшелер бүгінде басылым беттерінде молынан кездеседі: қажет-қажетсіздігіне, сену-сенбеуі, ой-пікірі, ой-санасы, үлгі-өнеге т.б. Бірыңғай мүшелердің осы орайда екі сөзден де артық болып келуі сирек те болса кездесіп қалады. «Түрік дүниесі» журналының

бас редакторы Яшар Паша: «...Түркизм мен тұранизм идеясы – түркі халықтарын ағайыншылдыққа, туыстыққа бастайтын, басын қосатын, оларды **саяси-мәдени-экономикалық** тұрғыда ынтымақтастыратын, рухани байытатын, жалпытүріктік өркениеттің дамуына игі ықпал ететін ғылыми-философиялық идея дейді («Егемен Қазақстан», 11.9.91 жыл). Бұл қыздың әкесі мен шешесі – ең алдымен, қала берді – **аға-іні-бауыры** («Қазақ тілі мен әдебиеті», № 3, 1993 жыл).

Қалыптасқан ұғымды, атауды бөліп жазу оның тұрқының өзгерілуіне, сөйте келе мағынасының бұрмалануына да өз ықпалын тигізеді. Мұны қазақ тіліндегі жер атауларының орыс тілінде бөлінген, әлі де талайының бөлініп жүрген нұсқасынан көре аламыз: *Алматы – Алма-Ата, Талдықорған – Талды-Курган, Катонқарағай – Катон-Карағай*, т.б. Ал олардың *А-Ата, Т-Курган, Катон* деп қысқартылуы және болды, бар емес пе? Екпіннің, дыбыстарының өзгергендігіне қоса, жалпы бітімінің басқашалай болуына бөлініп жазылу әсер етті деген осы болар. Осы орайда ойлана келе өз есімдерін, аты-жөндерін *Ғалым-Бек Әділ-Жан, Дәуіт-Әлі* дегендей тұрғыда жазып жүргендердің қоятыны болар деп үміттенеміз.

Тіліміздегі қос сөздердің мүмкіндіктері, қабілет-қарымы тар шеңберде қарастырылып, толық бағаланбай келеді. Бұл мақалада біз оны жалпы шолу тұрғысында қарастыруға ұмтылдық, ашылмай жатқан қыр-сыры әлі аз емес. Сөзжасамдағы қос сөздің орны, олардың поэтикалық мәні, грамматикалық сипаты, айтылу, жазылу заңдылықтары, қос сөз бен басқа сөз формасының арақатынасы сияқты мәселелер жұмылып атқарылар жұмыстар болмақ. Қос сөздердің толық түсіндірме сөздігін шығару да ескерілу тиіс. Қысқасы қос сөздердің құпия сырлары әлі көп.



ЖАЛҒАУДЫ ЖАҚТЫРМАЙТЫН «ДЖ» ТІРКЕСІМІ

Кеңес Одағы ыдырап, қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізіп, қоғамдық құрылыстың басқа жолына түскелі бері сан-салалы өзгерістер болуда. Олар нақтылы бір аталым ретінде сөздік қордан берік орын алуда. Күні кеше жалпы жұртқа белгісіз, сирек айтылатын сөз енді жиі қолданыстан табылатын болды. **Училище, техникум** деген сөзді ығыстыра орныққан **колледж** деген сөз — осыған бір дәлел, **Училище, техникум** көнерген сөз (историзм) боп қалуға бет бұрды. Орта оқу орындары ретіндегі ерекшеліктеріне тоқталмай, ана тілімізде аталым ретінде қабылдану жағдайына келгенде **колледж** қасында тұрып **училищемен, техникуммен** жылап көріскендейміз. Неліктен? Неге? «Неліктен, неге» екенін баспасөзден біраз сөйлемдер келтіре келе айтайық.

Қостанай педагогикалық колледжі оқытушыларының басты назарында... «Облыс әкімі Ө.Шөкеевтің толық көмегімен колледж маңында дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп интернаты ашылды...» дейді педколледждің директоры Р.Бектұрғанова. Қостанай педколледжінің студенттері... Педколледждің лингафон кабинеті («Жас алаш», 6-қараша, 2001 жыл).

Мысалдар бұл арада сөзіміз жалаң түрде болмауы үшін келтірілді. Мұндай жәйт барлық газет-журналдарымызға ортақ, тіпті біз басы-қасында жүрген «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының өзінде де осындай түрде. Бұл орайда мәселенің «Қайсысы дұрыс?» деп емес, «Осы сөздің өзі тіліміздің табиғатына үйлесе ме, зияндылығы нендей?» деген тұрғыда қойылғаны жөн болмақ.

Қазақ тілінің болмыс-бітімі үшін негізінен алғанда: 1) к дыбысынан кейін о емес ө дыбысының келуі заңдылық еді, бірақ бұған (ко) төзіп болған сияқтымыз;

2) сондай-ақ қатар келген лл дыбыстарын да (колл) тіліміздің басқа тіл арқылы баюуы, өз тіліміздің де іштей дамуы деп түсінейік;

3) ал енді қазақ тілінде мүлдем тіркесімі жоқ екі дауыссыз дыбыс **дж**-дың түбір сөз соңында келуі – жалпақшешейліктің төзуге болмайтын ірі көрінісі. Не *колледіж* емес (тым күрса колледыж да емес), колледж.

Түбір текті, түркі текті жалғамалы тіліміздегі сөздердің басын қосып, сөйлем етіп ұйытатын септік жалғаулары арқылы жоғарыдағыдай мысалдарға сүйене отырып, септелу үлгісін көрсетейік.

I нұсқа

А. колледж

І. колледжінің

Б. колледжіге

Т. колледжіні

Ж. колледжіде

Ш. колледжіден

К. колледжімен

II нұсқа

А. колледж

І. колледждің

Б. колледжге

Т. колледжді

Ж. колледжде

Ш. колледжден

К. колледжбен.

I нұсқа «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде («Қазақстан», 1988) нд, мп, мб, ск, фт сияқты дыбыстар тіркесіне бітетін сөздерге жалғаудың **ы, і** дәнекері арқылы қосылатындығын айтқан (12-бет) «Қосымшалардың жазылуы» атты тілімізді басқыншылық бағыттан қорғауға арналған бірден-бір ережеден келіп туындаған. Олай дейтін себебіміз: егер *танкке, Минскке, Томскке, митингке, ромбқа* деп кете бергенімізде тіліміз сүреңсіздіктің сор батпағына баяғыда-ақ белшесінен батып шыға келер еді.

II нұсқа – **ы,і** дәнекерінсіз келген түрі. Бүгін бүтін күйінде «дж» кетсе, күні ертең «пж, лж, мж, сж, хж»-дардың кетпесіне кім кепіл?!

Дж тіркесімінің түбір сөз басында келуін қабылдауға болады (джаз, джем), **дж**-дың түбір сөз ортасында келуін де қабылдауға болады (аджар, менеджер), ал **дж** тіркесімінің түбір сөз соңында келгенінде қосымша жалғанганда **д** дыбысының түсірілуі

керек екенін ереже етіп бекітуіміз керек. Мысалы: *коттедж*, *коттежге*, *колледж*, *коллежге*, т.б.с.с. Тіпті, түбір күйінде де *коллеж* деген сөзді лайықтауымыз керек шығар, өйткені колледждің де орта оқу орны екені сөздікте көрсетілген (Орысша-қазақша сөздік, I том. А., 1978,314-бет).

Ж дыбысын түбір сөз басында да (жайран-джейран, жайлау – джайлау, жігіт – джигит), түбір сөз ортасында да (қожа-ходжа, шонжы-чунджа, үржар- урджар) **дж** еткізу өзге тілде бар болатын. Біз, ең болмағанда, кірме түбір сөз соңындағы **дж-ды ж** түріне келтіргеніміз тіліміздің шырайын кіргізбек.

Жалпы кірме сөзге құмар болмай, өз тілімізден сөз орнықтыру ең жақсы дүние ғой, не болмаса туыстас, ділі, діні ортақ тілдерден лайықты сөз тапсақ о да жақсы.

*Болмаған-ды сүреңсіз мұндай бұрын,
Сөз шықты: «колледжінің, коттеджінің».
«Джінің-джінің» дегенге жан ауырып,
Қайнамас қалай қаның, қалай жының?!*

Нағыз мемлекеттік мәртебеге ұмтылған тіліміздің сүме-сүме болмай, сүйкімді қалпымен жүргеніне не жетсін, шіркін!



КІСІГЕ ҚАРАТА АЙТЫЛАТЫН ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР

Әр адамға тікелей қарата айтылып, туыстық қарым-қатынаста жұмсалатын аталымдар халықтық келбетіміздің бір көрінісі болып табылады. Басқаны айтпағанда, жеті атаға толмай қыз алыспау дәстүрінің өзі туыс тану, оны бағалай

білуде қазақтың өзге жұрттан оқ бойы озық екенін аңғартады. Жеті санының тұрақты тіркеспен келгенде жетіден де көп ұғымды білдіретінін де ескерген жөн.

Кісіге тіке қарата айтылып, туыстық қарым-қатынаста жұмсалатын атаулар қолданысын, оның кей ерекшелігін көпшіліктің, әсіресе мұғалімдердің түсіністікпен қарауын, ең бастысы – өктем ел ықпалында кетпеуін құп көреміз. Бұл мақаланың түйінді ойы – осы туыстық атаулардың тілімізде ауысып қолданылу сипаты, жаңа мағына арқалауы, өзгенікі боп кеткен сөзден сол ыңғайдағы өз сөзіміздің ұлттық бейнеміз үшін құнды екендігі.

Сөзімізді бұдан әрі сабақтауға жазба дүниелерден сөйлемдер келтіріледі.

«Құнанбай Абайды шақырып алып, «мына Тарқанды тәрбиелеп бақ» депті. Абай: «Тәте, бұл адам неңіз еді? «деген... (Билер сөзі. А., «Қазақ университеті», 1992).

Абайдың ендігі Рахила шамалас немерелерінің бәрі «аға», «ата» демей, «әке» деп атайтын болған. (М.Әуезов. Абай жолы. А., «Жазушы», 1989, 446-б.).

Рас, қажы Құнанбай да, ұлы ойшыл Абай да Семей өңірінде ғұмыр кешкен, бірақ бұл арада мәселе – Құнанбайды баласы Абайдың «тәте», Абайды немерелерінің «әке» деуінде (бұл жағдай бір өңірге ғана тән емес). «Ата», сондай-ақ «аға» деп те атауға болатындығынан да хабардар етеді.

*Атам да «бара зой, қарағым» деді (әкемді «ата» деймін). (М.Жолдасбеков, Н.Төреқұлов.Тоқсан толғау. А., «Өнер», 1992, 11-б.). Жиі қолданыстан табылар **ата-ана** (родители) қос сөзінің алғашқы бөлігінде де осы мағынада қолданылып тұр.*

Өз арамыздағы бір нәрсені айтпас бұрын, оны айтудың қаншалықты орны, маңызы бар деп, әрине, ойлайсың. Айтпай-ақ жүре берейін дегенің егер басқаның аузынан басқаша бағаланып жатса – оған қалай қапа болмассың?!

Тілдің даму, жетілу, жаңалану үрдісін еш ескерместен қатып қалған бір өлшеммен ғана қараушылық байқалып қалады.

Ал мұндай үстірт көзқарас мұғалімдер тарапынан болғаны, тіпті, жақсы емес.

Кісіге қарата айтылатын туыстық атауларының ауыса қолданылуының, біздің ойымызша, негізгі бір себебі – қазақтың әулеттік, тек танушылық тұрғыда екендігінен. Ел тұрмыс-салтының күрделі құрылымын жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Салден кейін сені тәтем (әкемді тәте дейміз) шақырып жатыр деп әпшем жетті. («Қазақ әдебиеті», 14. XI. 2003). Сөйлемде арнайы көрсетілген (*әпше*) – жаңа сөз. *Апа* сөзінің *апа+еке, әпеке, әпке (әкпе)* болып жаңа мағына иеленгені секілді, *апа+ша, әпеше, әпше* болып орныққан. Әпке (әкпе), әпше – бір ұғымдағы сөздер (старшая сестра). Кірме емес, қазақ тіліміздің ішкі даму заңдылығынан келіп шыққан өз сөздеріміз. Тәуелсіз ел тілінің керек ұғыммен толығын ойламай, ол сөзді қолданбайтын өңірденбіз деп өздерін шектеп, сол үшін өгейсінуі, жатырқауы, сыртқа тебуі керек пе?! Бұл сөздің (*әпше*), бәлкім, бір осалдау қыры болса, дыбысталуының әлдебір оғаштау бір сөзге жақындығынан болар. Қысқасы, жасандылығы жоқ төл туынды.

«Егемен Қазақстан» газетінде (20. XI. 2003) бір кісінің әпкесіне он бір ұжымның қатарластыра берілген көңіл айтуының тек біреуінде ғана «апасы» тұлғасында берілген. Он ұжымнан бір ұжым әпкені неге жатсынады, неге білгісі келмейді өз қажетімізге орай келіп орныққан өз сөзімізді?! Елімізді тілі бөтендер жайлап, өзге өктем тілдің (сөзінің) әсері сұмдық болып тұрғанда бұл не бөле жарылушылық?!

Біздерді әр түрлі ықпал, тұрмыстық жағдай әулеттіктен жеке дара отбасылыққа қарай бейімдеуде.

Әйел адамға айтылатын «апа» сөзі өткен ғасырда туған

анаға қарата айтылатын қолданыста болған.

Қатша балаларға: «...кісі келсе «анам тезек тере кетті» деңдер деп жүріп кетті. (М.Әуезов. «Қараш-қараш оқиғасы» повесінен).

- Ана, - деді Ботагөз құлаған шешесінің басын сүйеп.

- Мен зой, ана... Қорықтың ба, ана?... Есіңді жинашы, ана. (С.Мұқанов. «Ботагөз» романынан).

Бұл ғасырда да қолданылуда.

- Ана, бүгін тағы «бес» алдым, - деп Әйгерім табалдырықтан жайраңдай аттады. Анасы Гүлназ да қызының қуанышына ортақтасып: - «Бес» алып келген қызынан айналайын, - деп бетінен сүйіп, аялы алақанымен арқасынан қақты. («Жетісу» газеті, 1. X. 2002).

Осы түбірге -й жұрнағы жалғана келе туыстықтан өзгешелеу тың мағына арқалаған сөз (апай) көбінесе мұғалимаға қарата айтылады. Дәл осы ұғымда «тәтей» сөзі де бар. Талдықорған облысы (қазір Алматы) Қапал ауданында мектеп тәмамдаған Әділбек атты (Ыбырайымұлы) азамат «Жас Алашта» (16.Ү.2002) сабақ берген мұғалімі туралы: «- Гүлімжан Майхина тәтейіміз ұл балаларға кешіріммен қарайды... Тәтейіміздің көкейімізге қонған жақсы қасиеті...» деп ұстазының дүйім жұртқа үлгі боларлық қасиетін әңгімелейді.

Мұғалімдер, сынып жетекшілері отарлық езгідегі кезіміздің өзінде «Ата-аналарыңа...», «Әке-шешелеріңе айтыңдар...» дегендей тұрғыда қолданушы еді. Бүгінгі тәуелсіз күнімізде тапсырманы «Мама-папаларыңа...» деп беретінін естудеміз. Олай айтпайтын баланың өзі соның әсерінен көкесін (әкесін) *papa*, апасын (шешесін) *мама* деуге қайта құрылмақ ыңғай байқатады. Мама-папашылдар *пап*, *папка*, *мам*, *мамуля*, т.б. айтудан әсте тайсалмайды. Бұл сөздерді қимаушыларға былай да бір айтып көрейік. Ағайын-туғандар! Тілімізде *papa* сөзіне өте ұқсас *ана* сөзі

бар, ал *мама* сөзі де тілімізде жоғалмайды: «...мама 2. *грудь* (*матери*) (қазақша-орысша сөздік. А., ҚСЭ, 1988, 245-б.).

Мамада атың болмаса, Еркегіңе тақым жоқ. (Майқы би. Кітапта: Дау шешеді дана сөз. А., «Жеті жарғы», 1996, 9-б.).

Жерге асылған мама қазықтарға үлкен сабаларды көтере байлаған жас келіншектер қымызды күпілдете пісуде.

(Ә.Әлімжанов. Романдар А., «Жазушы», 1981,311-б.). *Желі басында төрт-бес марқа құлын, мама биелер үйездеп тұр.*

(Қ.Ысқақов. Ақсу – жер жаннаты. А., «Жазушы», 1989,216-б.).

Қалыптасып кеткендерді кері кайтарып алу мүмкін емес шығар. Мәселе – келешек жас ұрпақта, олардың папа, мама емес, *көке, апа* деуінде. Осыған бетбұрылу қажет-ақ.

Көке демекші, *көкениң* де колданылу тарихы арыдан беріге жалғасады: XIII ғасырда өмір сүрген сұлтан Бейбарыс

айтқан «көке»; «Кетерде солдат жарының ішінде қалған ана жыл. Көкемді айтпай танырмын деп бір сәби бала жүр...

Көрдің бе оның көкесін?! Соғыстан қайтқан солдаттар» (С.Мәуленов); «Көке - е - е, мен мұндамын» («Егемен Қазақстан», 14.1.2004,3-б.).

Анасын «апа», әкесін «көке» деп жүрген қазақ отбасылары еліміздің барлық жағында да бар, өзімізше басқаша да (аға, ағаеке, әке, жеңеше, жеше, шеше, т.б.) айтыла жатар, тек

кешегі отарлаушы жұрт басы бүтін иеленген сол сөздерге жармаспай-ақ қойсақ жөн болар.



ҮСТЕУДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Хабарлаушы: Оқиға былай болды. Тіл қисынындағы топтардың бас қосар бір кезі қайталау сабағы екені белгілі. Міне, осындай сабақтың бірінде **Үстеудің мағыналық топтары** бас қосып қалған екен. Енді олардың арасында болған әңгімеге құлақ түрейік.

Мезгіл үстеуі (күрсінген үнмен): - Кеше қазақ тілі сабағында, тіпті, **алдыңғы күні, энеугүні** де, қысқасын айтқанда, **біршама** уақыттан бері менің аты-жөнім тақтаға жазылмай, еске алынып ескерілмей жүрді. «Үстеудің біріншісі мен емес пе ем, бұл неліктен?» деген ой жанымды жегідей жеді.

Мекен үстеуі (іліп ала): - Ей, бірінші, **бері, бері** жақында, сөзімді тыңда дұрыстап. «Өмір – көшкен керуен» емес пе үнемі **ілгері** қарай қозғалатын. Біздерге бөлінген он шақты сағатта тақтаның алдын бермейтіндей, ауыздан түспейтіндей қазақ тілінің шікәрасы, негізі бір өзім деп ойлайсың-ау деймін.

Мөлшер үстеуі (жақтыртпай): - Түү, сендер дабырлайтындай **соншалық** не боп қалды, а? Айтқандарыңа **онша** түсініңкіремедім ғой.

Күшейткіш үстеуі: - Ақыры айтқасын, **мүлдем** түсінбедім десеңші, мөлшержан! Сөз ұғудың **әбден** қалғансың ба өзің?! Ал маған сөздері **тіпті** ұғынықты болып тұр. Мезгіл үстеулері **аса** көп өсіп өнген, сондықтан оның өкпе-наз айтуы **өте** орынды болмақ.

Сын-бейне үстеуі: - Қойыңдар, түге, сендерге не болған? Мұны **дереу** Морфология жеткізіп, басалқы сөзін естігеніміз жөн болар. Қане, біреуіміз бұл даудың алдын алып, **тез**,

шапшаң жеткізсек...

Мақсат үстеуі: - Әрине, мұндай жағдайды елемей үстеулердің келешегіне жасалған **қасақана** арандату болып табылмақ. Ал бұл жағдайдың жай-жапсарын жеткізу үшін **әдейі** арнайы түрде менен кейін орын алып жүрген (себеп-салдарды көрсетеді) үстеуді жіберейік.

Себеп-салдар үстеуі: - «Пенденің кішісі болғанша, иттің күшігі бол» деген сөз **бекерге** айтылмаған екен-ау! Енді міне **амалсыздан, лажсыздан** Морфологияны мен іздеп тауып, шақырып келуім керек болды. Қой, уақытты босқа өткізбей Морфо дәкейді іздеп жөнелейін.

(Төмендегі сөздер магнитофоннан естіледі, ол күні бұрын магнитофон таспасына түсіріліп қойылуы керек).

Морфология:

- Жә, мені **амалсыздан** іздеп әуре болмай-ақ қой, **себеп-салдар үстеуі**. Мен мұндамын. Белгілі бір жүйедегі таптың, топтың, т.б. с.с. қорытынды сабақтарына байқатпай қатысып отыратын әдетім бар еді. Сен, **мезгіл үстеуі, бүгін** болған сабақтағы өкпе-назың орынсыз демекпін. Саны аз екен деп өзге топтасынды кем санауға бола ма екен?! Әркімнің ортақ істе өз үлесі, өз қосары бар ғой, соны ескергенің жөн болар. **Ендігәрі** бұндай ісінді көрмейтін, естімейтін болайын, солай ма? (Аз-кем тоқталады, осы сәтте мезгіл үстеуі келіскен ыңғай танытады). Уақыттың, сабақтың **алға** жүретіндігін айтқан **мекен үстеуінің** сөзіне қосыламын (кідіріс).

Мөлшердің дуды **оншалық** қаламайтындығын дауысын **онша** көтермей сөйлегендігінен аңғарсақ (кідіріс), ал **Күшейткіштің** Мөлшерге мүлде қарсы сыңайда екендігін, **тым** асыра сөйлеуді қалайтындығын байқадық (кідіріс).

Сын-бейненің бірден істің ушықпауын ойлап, көмекті **жедел** шақыртуды қалағаны, сондай-ақ **Мақсат үстеудің** де бұл жәйт **қасақана** кастықпен **әдейі** ойластырылған бітіспес дауға айналып кетпеуін ескертіп **Сын-бейнені** қоштауы бірлікте болуды көздеген, соған шақырған игі іс десек болар.

(Тамағын кенеп алып, Морфология сөзін былайша

аяқтады).

- Үстеудің мағыналық топтары, қазір қайта құрылудың заманы ғой, байқандар, аз-көптіктеріңді, сондай-ақ кемшіліктеріңді айтып бір-біріңді кінәлай бермендер. Өзгелерінің жағдайын жақсартамыз деп бірталай мекемелер қысқарту жүргізіп жатыр екен. Сол құрыққа ілінбей, бірлікте болыңдар!



СӨЗ ТІРКЕСТЕГІ ОМОНИМДЕР

Сыйлы қонаққа бас тарттым.

Келімсектен бас тарттым.

* * *

Жалған екен, сезінді, сасып қалды,
Сұм ниеті жол таппай сасып қалды.
Қарсыласпай бұлтарып танып кетті,
Ақиқаттың ақ жолын танып кетті.

** *

«Болмасаң да ұқсап бақ»,
Ел қамын ойлап Абай бол.
Жұртыңа жақсы іс жасап жақ,
Сұқтанған көзден абай бол.

Жұмбақтар

Сөресінде халқымыздың
Тарихи талай кітаптар.
Һ әрпімен басталады біреуі,
Ал іздеп тап, ал ақтар.

(Жауабы: Сабыр Шәріповтің «Бекболат» повесі, ыңғ).

Екі жұрнағы еліктеуіштің

Романы екен Әбіштің.

(Жауабы: Әбіш Кекілбаевтің «Елең-алаң» романы).

Айтыла берсе... ..

Құлаққа қайтып жағады?

Жөн-жосықсыз қосылар

Бұл сөзді кім табады?

(Жауабы: жаңағы).



ЖАҢЫЛТПАШТАР

Шоқша сақал атайдың шақшасы бар,

Күмістей ақ шашы бар.

Бақташы баласының бақшасы бар,

Уыс-уыс ақшасы бар.

Апта-апта аптапта,

Аптапта да таптап па?

Жоқ батпақ па, соқпақ та,

Жүретін болдық тақтақта.

Зерделі ер керек бұл елге,

Ілгері ел болуға,

Іргелі ел болуға.

Су ақпап па,

Енді ақпақ па?

Ағар жерін таппа па,

Содан тоқтап па?

Ер елсіз ер ме,

Ел ерсіз ел ме.

Құлып, қалып алып барып, беріп-көріп айтып кел,

Ойнап болып тұлып сұрап, салып алып қайтып кел.



Ізгі тілек

САБЫРБАЙ РЫСКЕЛДІГЕ

Бойында ортаймастан жастық жалын,

Тағдырдың бағындырды ащы жағын.

Екі он жыл еңбек еткен Рыскелді

Кәсіби журналының ашты бағын!

Азаттық тойына арнап шоң жеңісін,

Жеп отыр соның бүгін мол жемісін.

Кеңейтті жазған нәрлі мақаласы

Педагог ұстаздардың ой-өрісін.

Биік шың жүрген жолы таң қалғанға,

Ел сүйген азаматта арман бар ма?!

Сондықтан құттықтаймыз әріптесті

Жалықпай тер төксің деп күндерде алда!

Ізгі ниет, шынайы құрметпен – өз ұжымың.

Алматы, 12 желтоқсан, 2011 жыл.

БАЙҚАУДАН БАЙҚАҒАНЫМЫЗ БАР

Мектеп болашақтың негізгі бір сенімді тірегі екендігі белгілі, ал сол мектептегі мұғалім (Ыбырай Алтынсариннің айтуынша) – «мектептің жүрегі». Мектептің тіршілік тынысы, ауқымы жүрегінің соғу жағдайына, яғни, мұғалімдерге байланысты болмақ. Осы бір мамандардың, дәлдей айтқанда, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің шығармашылдығын қалай арттыру керек? Талдықорған облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының (МБЖИ) қазақ тілі мен әдебиет пәні кабинеті бұл сұраққа жауап беру мақсатында байқау өткізуді лайық көрген екен. Оқырманға ұғынықты болу үшін қазақ тілі мен әдебиеті және орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің шығармашылық сабақтары облыстық байқауының шарттарын ұсынып отырмыз.

1) - шығармашылық сабақ 45 минутқа жоспарлануы тиіс;

2) - сабақ мұғалімдер арасында өткізіледі;

3) - сабақ негізі оқушы білімін тереңдетуге, тиянақтауға бағытталуы тиіс;

4) - сабақ нақтылы бағдарламалық тақырып бойынша өтілуі тиіс;

5) - сабақтың пішіні мен құрылымын мұғалім өзі таңдайды;

6) - өтілетін сабаққа қажетті көрнекіліктер мен техникалық құралдарды да өзі ойластыру тиіс;

7) - байқау қазақ тілі мен әдебиетінен және орыс сыныптарындағы қазақ тілінен жеке-жеке өткізіледі;

8) - байқауға жіберілген шығармашылық сабақ материалдары мұғалімдер білімін жетілдіру институтында қалып, баспасөзге ұсынылады;

9) - байқаудың жүлдегерлері кезектен тыс аттестацияланып, «аға мұғалім» және «мұғалім-әдіскер» атақтарына ұсынылады;

10) - байқауға әр ауданнан 2 мұғалім – бірі тіл мен әдебиет пәні, бірі орыс сыныптарындағы қазақ тілі бойынша қатысады;

11) - байқауға қатысушы мұғалімдердің жол қаражатын жұмыс жасайтын қызмет орындары төлейді.

Қазан айында болған бұл байқауға қатысушылар әр ауданның оза шапқан жүйріктері, педагогика ісінің үздіктері екен. Алайда Алакөл, Гвардия, Кербұлақ сияқты аудандардан, Текелі қаласынан тырс еткен жан болмады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің (орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің байқауы осы мерзімде өзге аудиторияда өткізілді) байқауында тоғыз сабақ мынадай тақырыптармен өтті: «Салалас құрмалас сөйлемдерді қайталау», «Абайдың табиғат лирикасы», «Етістіктің шақтарын қайталау», «Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы», «Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы», «Негізгі еліктеуіш сөздер мен туынды еліктеуіш сөздер», «Сәкен Сейфуллиннің «Жер қазғандар» повесі», «Зат есім туралы түсінік», «Зат есімнің септелуі».

Қаратал ауданындағы 1-Май орта мектебінің мұғалімі Әсем Ыбырайымованың «Зат есім туралы түсінік» тақырыбындағы сабағы өзіндік бір елең еткізерлік жағдайларымен ерекшеленді. Қысқаша айтайық. Екі топқа бөлінген оқушылардың онбасыларына дулыға (қатты қағаздан жасалған, қорамсақ, жебе, қылыш, қалқан – бәрі де солай) кигізілді. Тақтаның бір шетінде ілінген қорамсақта жебелер самсап тұр. Жебенің өн бойында тақырыпқа сай түрлі қажетті тапсырмалар. Шәкірттер дұрыс орындай алса,

ол өз нысанасына тиген болып есептелінеді. Арнайы қазылыққа бөлінген бір шәкірт (озат оқушы) оларды саралап отырады. Алға шыққан топқа Қабанбай батыр ұрпағы деген атқа лайық екендігі мақтаныш сезіммен жеткізіліп, қылыш пен қалқан сыйға тартылады екен. Мәре-сәре болып шаттанып жүрген шәкірттерге қарап, еңсесі түсіп, тозудың аз алдында қалған ұрпағына Қабанбайдай батыр бабаларының рухымен қолдау күні ертең ел болудың қамын ойлайтын азамат үшін керек-ақ, соны сезіндік. Талдықорған қаласындағы №3 мектеп-интернаттың мұғалімі Айтжан Қаспақова етістіктің шақтарын қайталауды Қазақстанның көне ғасырына саяхат жасай отыра тақырыпты меңгерте алатын күйге келтіруі нәтижелі де жүйелі жұмыс болды. Саяхат Талдықорған, Алмалы, Тараз, Түркістан, Сайрам, Тарбан қалалары бойынша жүргізілді. Әр қалада тоқталуға орай келтірілген сөйлемдер сол қала туралы әрі мәлімет, әрі шақ түрлеріне мысал бола алды. Бірер сөйлемдерін жазайын. *Түркістанда ақша шығаратын арнайы орын болғандығы анықталып отыр. Тарбан қаласы 700 жылдан кейін Отырар деп аталыпты.* Жалпы алғанда, қай тақырыптағы қай сабақ болмасын халықтық дәстүрге, халық мұрасына мүмкіндігінше бет бұруларымен көңіл серпілтті. Шара Қияхметованың өз сабағын көкпар (теледидардағы желісімен) түрінде жүргізуге ұмтылуы, Гүлжәукен Мұқаева мен Алтын Нүсіпованың сөйлеу дағдыларының құлаққа қонымдылығы, Нүрзия Нөгербекованың әдебиетті тарихпен жымдастыра өруге талпынысы, Ырымхан Жанғонысованың тақырыпқа қажетті көрнекілікпен баланың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге жұмылдыруы, ұлттық киім киіп ап сабақ жүргізген Жанар Қалдыбекованың техникалық құралдардың көмегі арқылы ауыз әдебиетінің ықшам үлгілерін оқушыларға ұсына алуын ғана айтсақ жеткілікті тәрізді. Байқау жарысқа қатысқан 20 шақты мұғалімнің

тек біреуі ғана ер мұғалім болды, солай бола тұра біреу де болса бірегей ме деп қалдық. Бөрлітөбе ауданының Ерікті орта мектебінен келген Мұқан Адаев деген азамат екен. Алыстан арқалай келген көрнекіліктерінің ішінде плакатқа жазылған төмендегідей сөздер осы кісінің өз ісіне, ізденісіне арналған ба деп қалғандайсың. *«Ұсақ уақиғаның бірден-ақ ұлы уақиғаға себеп болатын жерлері де бар. Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатын сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс кілт болады, кіп-кішкене ұшқыннан үп-үлкен өрт шығады.* (Ахмет Байтұрсынов, шығармалар жинағы, Ұлы әңгіме-тұрмыс тілі, 281-бет). Неге олай дейміз? Бұл мұғалім ұлы Ахаңның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегін зерделей оқып, мынадай жүйе құрыпты.

Сөз және оның түрлері:

- *Дарынды сөз.*
- *Ділмәр сөз.*
- *Тақпақтар.*
- *Мақалдар.*
- *Мәтелдер.*
- *Қара сөз.*
- *Пән (ғылым).*
- *Сын.*
- *Шешен сөз.*
- *Көсем сөз.*

Әуезе яки әңгіме түріндегі сөздер.

Сөз өнері адам баласының үш негізіне тіреледі: *1. Ақылға.*

2. Қиялға. 3. Көңілге. Ақыл аңдайды. Қиял меңзейді. Көңіл түйеді.

Бұл әрі мұғалімнің «Сөзстан» атты бағдарламасы да.

Аталмыш бағдарламамен таяу арадан бастап өзі жұмыс істейтін мектепте факультатив сабақ ретінде жүргізуге мүмкіндік алыпты. Бұл бағдарлама болғанымен, тарау іспетті дүние. Әрине, еш ізденбейтін адамдар ғана қателеспейтін

болса керек. Байқауға деп арнайы дайындап келген сабағы «Сөз және оның қадірі» деген атпен өтпекші екен. Ол кісінің ой қорытындысы сол – қазірде біздің мектепте «Қазақ тілі» деп оқытып жүргеніміз «Қазақ тілінің қисыны» болмақ.

Мұндай сабақ шарт (4) қажеттілігінен шықпайтындықтан жарыс көшінен шет қалдырылды. Бүгінгі рухани жаңару, шынайылану кезінде өтіп отырған облыстық байқауға ілгеріде келтірілген шарттар бүтіндей алғанда сай келе ала ма? Байқаудың бітімін танытатын осы бір талаптар шығармашылықпен жұмыс істейтін, жалған бояуға жаны қас мұғалімдердің үдесінен шыға ала ма, осы жағына ой жүгіртіп көрейікші.

Байқау мұғалімдер арасында (2-шарт) өткізілді, ал мектептегі оқу процесі мұғалім мен оқушы арасында ғана жүретіні белгілі. Жарысқа қатысқан мұғалімдерді оқушы деп есептеу өзімізді өзіміз алдарқату емес пе? Осы себепті мұғалім сабағының өзіндік өрнектері, сыр-сипаты жабулы қазан күйінде қалады, яғни, «оқушы білімін тереңдетуге, тиянақтауға бағытталуын» (3) біле алу да қиын. Жоғарыда айтып кеткеніміздей ізденіс үстіндегі мұғалім сабағының байқаудан ысырылып қалмауы үшін 3-шарт «сабақ тіл мен әдебиеттен нақтылы бір тақырыпты оқыту мақсатында өтілуі тиіс» деген тұрғыда жазылуы тиіс еді. Жасыратыны жоқ, сегізінші және тоғызыншы шарттың біреуінің мұғалімдердің екіншісінің облыс орталығындағы қазақ тілі мен әдебиет кабинетін аз қызықтырмайтынын байқадық. Айта кету керек, бұрынырақ жазылған шарттағы «аға мұғалім», «әдіскер мұғалім» дейтін атақтардың бұл күнде берілмейтініне орай дәрежені (категория) көтеру тұрғысындағы істермен өзгертілді. «Тұрмыс сананы билейді» демекші, төмен мөлшердегі жалақысына шамалы да болса табыс үстелгенге ренжитін жан болмас, ал жан сала дайындалған мұғалімдердің әдемі жасалған сабақ материалдары (көрнекіліктер, сабақ үлгілері, буклеттер, картиналар, қағаздан жасалған

түрлі заттар, т.б.) кабинет көркі ғой, көрер көздің көңілін өсіріп, күдігін азайтпақ.

Болған жарыстағы сабақтар (тақырып) әр ауданда бұдан жарты айдай уақыт бұрын да өтілген. Енді оның екінші рет (мұғалімнің дайындалып, сан мәрте өзінше қайталауы бар) қайталануы мұғалімге спектакльдің бір рөлін иемденгендей болып сезіледі екен. «Тақырып мұнда келген кезде ғана берілсе» деген ұстаз пікірін естіп те қалдық. Мұндай байқау мүмкіндігінше өз тиісті объектісінде, яғни, сыныпта өткізілуі керек. Оған қатысуға алпысты алқымдағандар емес, жасқа, жасамысқа жол ашылса. Тіпті, жас шаманың елеудің қажеті жоқ дейтін болсақ, шеберлігінің өлшемі ретінде алып жүрген дәрежесінің бірдей деңгейде болуын ескерсек, сонда осы байқаудағыдан жүлдегердің кейбіріне бұрыннан бар бірінші дәрежесін қайта беру болмас еді. Пән иелерінің сабақтары бәрі бірдей оның белгілі бір типінде болса, мәселен, жаңа тақырыпты оқып-үйрену сабағы. Бұлай болған жағдайда әркімнің қарым-шалымы, серпілісі, ізденісі, яғни, жарыс жеңімпаздары оп-оңай әрі нақты танылар еді.

Талдықорған қаласында өткен осы жиынның әр қиырдан келіп тоғысқан ұстаздар үшін бір-бірінің сөйлеу ерекшеліктерімен, түсіндіру мүмкіндіктерімен, өздері дайындап келген түрлі көрнекіліктерімен таныс болғандықтары, бір-бірімен пікір алысқаны, ой бөліскені, т.б. жәйттері жадыларындағы бір жарқын бет боп қалары сөзсіз. Қалайда болмасын байқаудың өтуі – тілге көңіл аударылудың бір кепілі. Расында, мұндай байқаудың облыста бірінші рет өткізіліп тұрғандығын кіріспе сөзінде МБЖИ-дағы қазақ тілі мен әдебиет кабинетінің меңгерушісі Дүйсен Жүнісов айтып өткен болатын. Жарыстар қасиетті қазақ тілін, асыл сөзін дұрыс меңгертуді жетілдіру мақсатында әлі талай өтілер, ләйім солай болсын. Біздегі мақсат: байқаудан байқағанымызды өзгелер де байқаса, сабақ алса деген ниет.

БАЙҚАУ БӘЙГЕ – ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ, ҮЙРЕНУ МЕН ҮЙРЕТУ

«Той дегенде қу бас домалайды» демекші, мұғалімдер жиылысады екен, бас қосады екен деген сыбыс естілсе-ақ болды педагог тілшілердің елеңдеп шыға келетіні белгілі, ал ол басқосу, жүздесу қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне тән болса, онда осы атты иеленіп, осы пәннің жыртысын жыртып, жоғын жоқтап отырған журнал қызметкерлері бірінің бармай қалуы, қатыспай қалуы, сірә, күнә болар. Рас, тұрмыстың санаға жөн сілтейтіндей жағдайы болып тұр ғой, яғни, «қалтанның түбі тесік» болса не істерсің? Бұл жолғы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басқосуы Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында болғаны біздің оң жамбасымызға келді. Бардық. Көрдік. Үш күндік мерзімде болып өткен бұл іс-шараның толық атымынадай — қазақ мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша көрініс сабақтан өткізілетін байқау бәйге. Байқау, бәйгенің кіріспе сөздерінде айтылғандай, «Ұлы мереке» (Клара Хамитқызы, директордың орынбасары) болып өтетіндігіне біз де іштей тілектестікте отырдық. Рас, «Балапан басына, тұрымтай тұсына» боп кеткен өтпелі дағдарыс кезеңінің білім, ғылым, өнерге керсеткен теперіші аз болмай жатыр. Алайда тек соны сылтау, себеп етіп мүлдем, мүрдем кеткен жерлер бар. Бұл сөздің мәні алдымен қай облыстан кім, кімдер келіпті деген мәселеге көңіл аудару арқылы анықталмақ. Шақырған екен, оған бару – міндет және бұл міндет бүгінгі күнгі аса бір қажетті нысана болуы керек. Республикамызда он төрт облыс бар болса, соның ішінде Ақмола, Талдықорған, Көкшетау, Павлодар, Шығыс

Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Торғай сияқты облыстардан бірде-бір адам келмеді. Бүкіл облыста лайықты бір адамның болмауы мүмкін емес, демек, кемшілік жіберілмеуінде болып отыр. Талапқа сай іріктеу өткізбей-ақ жібере салушылық та болып жататын шығар, бірақ жоқтан бар жақсы. Мүлде басқа шаруамен астанаға келіп қалып, осы жарысқа тосыннан тап болып келіп көрген білім саласындағы бір маманның жазып қалдырған мына бір сөздерін енді келтіргенді жөн көрдік, аты-жөнінің көрсетілмеуін қалаған еді, оны ескердік.

Жазылған сөздер еш өзгеріссіз берілді. «Солтүстік Қазақстан облысынан соңғы үш жыл ішінде қазақ мектептерінен Алматыда, республиканың басқа қалаларында өтіп жүрген семинар, курстарға мұғалімдердің, әдіскерлердің келуі тоқтап қалған сияқты. Бүгінгі күні өтіп отырған қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің сайыс сабақтарына Солтүстік облыстан бірде-бір мұғалімнің қатыса алмауы қалай? Рас, қаржы жағы тапшы. Сонда да бір мұғалімге Алматыға келіп байқау бәйгеге қатысуына жағдай жасай алмағанына Солтүстік облысқа қалай ренжімессің. Бұны мемлекеттік тілге жанашырлығы жоқтығы деп түсінуге болады». Мінеки, ащы да болса ақиқат деген – осы, ал енді мұның жайын анықтар, тоқтам салар арнайы адам, бір жан бар ма екен, сірә?!

Аталмыш байқау бәйгеге жиырма алты көрініс сабақ ұсынылды. Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институты әр облысқа күні бұрын-ақ көрініс сабаққа қатысты шарт ережесін жолдап жіберген екен, әрине, оған сенбеске болмайды. Шарт ережені дирижер, көрініс сабақтарды оркестр ретінде пайымдайтын болсақ, бұл байқау бәйгені негізінен алғанда дирижерсіз-ақ жөнесп берді деуге әбден болады. Болып өткен көрініс сабақтардың ағым-ағысының түрліше болғандығына байланысты осылай деп отырмыз,

яғни, оқытудың көпшілігіміз білмейтін ғылыми-теориялық қыр-сырын қамтыған талдау, тұжырымдарды қатысушыларға ұғындыруы, берілген тиесілі 25 минутты тұтастай, не болмаса жартылай сабақ тәріздес етіп өткізіп, бұл жолда қатысушыларды оқушы ретінде алуы яки алмауы, бір сәттік үзінді көрсету арқылы бір кезде болып өткен сабағының тынысын аңартуы, өтілген сабағының тек мазмұнын ғана көпшілікке баяндап беруі, өз мектебінде өз шәкірттеріне кәдімгідей сабақ беруі, т.б. осы сияқтылар тұрғысында болып өтті. Әрине, бұл байқау бәйгеге әркім өзіндік әзірлік, дайындығымен келгені анық, ал сол дайындығын келгесін талап басқаша екен ғой деп табан астында өзгерте қоймасы да белгілі.

Көрініс сабақтардың жүріс-барысы өз алдына, сондай-ақ қатысушылардың жеке бас жағдайына, өздеріне қарап та әр қилы болудың үлгісін аңғардық. Қатысушылардың бірнешеуі 20-30 жылдық тәжірибелері бар, екі жиырма бесті ұстаған жандар болса, сондай-ақ бір жиырма беске де жетпей бір жылдық тәжірибесімен келген өрімдей жас маман да болды. Мұндай сәйкес емес болуға қатысушылардың бірінің тек мұғалім, екіншісінің оқу ісінің меңгерушісі, енді бірінің мектеп директоры, сондай-ақ кабинет меңгерушісі болғандықтарын да жатқызуға болады.

Жоғарыда біз көрініс сабақтардың жалпы санын айтып өткен болатынбыз, енді осы қатысушылар өткізген сабақ тақырыптарын оқырман ырғақ-қозғалысын, бағыт-бағдарын біліп ой түйіндеуі үшін тұтас келтіріп өткенді артық санамадық, «Жүздің жүзін білгенше, бірдің атын біл» деген және бар. Өтілу ретіне қарай алғанда былайша тізбек құраған еді: 1. *Көркем шығарманы лингво-анализдік тұрғыдан талдау* (Тыныштық Берікболов, Алматы, №128 мектеп), 2. *Етістіктің шақтарын блоктап оқыту* (Айкүміс Нүсіпжанова, осы мектеп), 3. *Абай – дара, Абай – дана*

Мәриям Мұқышева, №138 гуманитарлық өнер лицейі), 4. *Абайдың табиғат лирикасы* (Қатима Жандосова, Алматы, №128 мектеп), 5. *Дыбыстар әлемі* (Айсұлу Қасымбекова, Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Алма Қыраубаеваның жекелігіндегі гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі), 6. *Шыңғыс Айтматовтың «Найман ана» әңгімесі* (Күләнда Рысбаева, Талғар ауданы), 7. *Еліктеуіш сөздерден өткенді қайталау* (Сұлтан Жарқынбеков, Кеген ауданы), 8. *Жыраулар поэзиясының ерекшеліктері* (Нұрмұқан Шәймерденов, Ұйғыр ауданы), 9. *«Аққудың айырылуы»* (Айнагүл Аққұлова, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын №2 республикалық мектеп), 10. *Кезектес салалас құрмалас сөйлем* (Базаркүл Мүшекенова, осы мектеп), 11. *Сөз тіркесінен өткенді бекіту, қорыту* (Гүлбану Махамбетова, осы мектеп), 12. *Мағжанның жұмбақ әлемі* (Ләззат Аупбаева, орыс мектеп), 13. *Абайым менің* (Қоңыр Ғайсина, осы мектеп), 14. *Сын есім және оның мағыналық, тұлғалық түрлерін блок түрінде өту* (Құралай Нөкенова, Маңқыстау облысы, Ақтау қаласы), 15. *Зат есімнің септелуі. Көмектес септік* (Кенжегүл Қыпшақбаева, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы), 16. *Мағжан Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңі* (Дина Жаманбаева, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы), 17. *Ғарыштағы Мұхтар сабағы* (Майра Құрманбаева, осы қала), 18. *Жыр жазамын Абайдың үлгісімен* (Абай және Сұлтанмахмұт, Қасым Мұқағали), (Үміткүл Жәнібекова, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы), 19. *Аққу сенім алдамайды* (Айтжамал Есенжолова, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы), 20. *Сөйлем мүшелерінен өткенді қайталау* (тірек конспектiлер арқылы) (Сәбира Құлпейісова, Қарағанды қаласы), 21. *«Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол»* (Балия Ақышбекова, Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы), 22. *Абай, Лермонтов, Гете* (Мария Ибрагимова, осы облыс, Сәтбаев қаласы), 23. *Абай еліне саяхат* («Ғылым таппай мақтанба»,

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдерін талдау) (Қамар Ахатова, Қостанай облысы, Жетіқара қаласы), 24. *6-сыныпта оқушыларға есімдіктерді меңгерту* (Бақыт Шканова, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы), 25. *Шоқан – галым, суретші* (Тілес Жазықбаев, осы облыс, Тайпақ ауданы), 26. *Жай сөйлем түрін блок әдісімен оқыту* (Сағындық Рамазанұлы, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы).

Әдетте, тіл, әдебиет мұғалімдерінің көбінесе әдебиет пәнінен сабақ өткізуге бейім тұратындығы белгілі жәйт. Тақырыптарына қарап-ақ мұнда тіл сабақтарының мол орын алғандығын көріп отырмыз. Бұған қуану керек, өйткені көңіл аударылған шаруаның қозғауға түсетіні аян, ал қозғалыс – дамудың кепілі. Мұндай жағдай тіл пәніне өте керек-ақ. Тіл сабақтарын тек қатып қалған ережелер, анықтамалар аясында қарастырмай, жеңіл, жүрдек, тартымды тұрғыда өткізуге болатындығы осы сабақтар барыстарынан анықталды. Қазақ тілі пәніне қызықтыру, оны шығармашылық деңгейде өткізу біле білген адамға оңай шаруа емес, мұны айтып отыру қашан да артық болмайды. Аталмыш мұғалімдер тіл сабақтарын өтуде қызғылықты жолдарды қолдануда екен. Бұл сөзімізге сан алуан қажет көрнекілік жасағандықтарымен, көлемді тақырыптарды өткенде әлдеқандай бір дүниеге, затқа баламалана (ертегілік желіс құру, киіз үй тәріздес етіп ұғындырылу, т.б.) келтіріліп ұғындырылатындықтарымен, ойын түрінде өткізілетіндіктерімен дәлел бола алады. «Қазақ тілі елінің ханы Лексика болады» (Б.Мүшекенова) деген сияқты сөйлемдер осы ыңғайда айтылған еді. Бұл жолда тіл біліміндегі кей атаулардың оқушы ұғымына, түсінуіне ыңғайлы етіп орайласқандығын да (қатаң дыбыстар – қатал дыбыстар, ұяң дыбыстар – ұялшақ дыбыстар, үнді дыбыстар – ерке дыбыстар. А.Қасымбекова) тапқырлық деуіміз керек. Әрине, бұл арада тек сөз, атау ғана емес, ұстаздық біртұтас буырқанған шығармашылық еңбегі,

өзіндік болмыс-бітімі жатқандығын ескермей болмайды. Блоктап оқытудың тиімділікпен, дәлдікпен қолданылуы негізінен осы тіл сабақтарында жүріп жатыр екен-ау деп шамаладық. Кей мұғалімдердің өзіндік ізденістері өздері қамтыған, негіз етіп алған тақырыптарына иек артып жатады екен. Мәселен, еліктеуіш сөзге байланысты болған сабақ «Сабақтың дәстүрлі емес түрлері және ұлттық дәстүрмен байланыстыру» (С.Жарқынбеков) атты тақырыбының аясынан табылып жатты.

Әдебиет пәні сабақтарының ойын ыңғайында етілуі молынан кездесті. Жалпы, біз сабақтарды соншама көп түрге бөлеміз, жаңадан түр шығарып та жатамыз, бірақ солардың типтік жағынан алғанда көбінесе ойын сабаққа барып тоқайласатынына көз жеткізе бермейміз. Сабақта оқушылардың тарихшы, дәрігер, жазушы, заң қызметкері, әдебиетші болғандықтары осы сөзіміздің бір дәлеліндей. Қандай да бір шығарманы талдау, ұғыну үшін түрлі мамандар тарапымен, көзқарасымен қарау да ұтымдылық болса керек. Сондай-ақ сал, сері, әнші, жыршы, жырау шығармаларын өту кезінде ән, өлең, терме, толғау, эпостық жырларды мұғалімнің өз тұрғысынан орындай алушылық қасиеттері де әдебиет сабағы үшін бұрыннан-ақ ұтымды жол екендігін әркім-ақ мойындайды. Бұл арада ән табиғатының салмақтылығын сеземіз, байқаймыз. «Ән – өнер» демекші, мектепте театр үйірмесін жүргізіп, бұл саладағы жарыстарда ол үйірмесін жеңімпаз атандырған мұғалім бола тұрғанымен, өзін үлкен сахнаның адамындай сезіндіретін «аққу қыз» (А.Есенжолова) жөнінде өзінше бір ыңғайда сөз ету қажет екендігін айта кетпесек болмас.

Біз мұғалімнің ұстаздық түр-сипаты, бітім-келбеті оның оқушыларымен бірге болуымен, шәкірттерінің білім деңгейімен, олармен бірлескен еңбек (оқу) процестерімен танылатындығын әсте есімізден шығармауымыз керек.

Мұғалімдер, яғни, сабақтар бағалауға түсетін байқау бәйге, осы талап үдесінен шығып жатса қандай ғажап болар еді, оған жететін күн бар ма екен!? Біздің бір шамалауымызша, оған жетудің жолы – техникалық мүмкіндіктерді пайдалану. Озық мұғалімдерді әр аудан (оқу бөлімі) өзі анықтап, сосын сол түсірілген бейнетаспаны облысқа жолдаса, облыстағы мамандар оларды сұрыптай келіп, қажет деп тапқанын республикалық деңгейге жолдаса, міне, сол кезде сол өткізген сабағымен (бейнетаспа) бірге мұғалім де жіберілсе. Республикалық байқауға келген мұғалімнің тіл пәнінен де, әдебиет пәнінен де сабақтары болуы керек. Таразы басын тең дәрежеде ұстай алмағанның республикалық тіл мен әдебиет байқауынан табылмағаны жөн болар. Серпілтетін, сергітетін, ізденіске ұмтылдыратын жағы болуымен бірге, кейде әлдеқандай жарыстардың науқан дүрбелендер болып кетіп, күнделікті қалыптағы қажетті қоңыр тірлікке сызат түсіріп кететін жағдайы да болады. Бұл да ескерілуі тиіс бір жәйт деп айтып отырғанымыз ғой.

Бұл байқауға барған біздер кей-кей мұғалімнің өзіне, сөзіне, жай отындай көрінер ұстаздық дарындылығына тамсандық, таңдандық, таңғалдық, мүмкіндік болса, міндетті түрде сабақ үстінде жолықтырармыз деген ойда қалдық.



ҮЙЛЕСІМ ТАПҚАН ТІРЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

Мектеп мұғалімдері үшін арнайы курстар ертеректе де болған, қазір де бар. Міне, сондай, дәлірек айтсақ, «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту үшін арнайы курсқа» еліміздің жан-жағынан жиналған бір шоғыр мұғалімдердің Алматы қаласында бастары қосылған-ды. Олар Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының қазақ тілі мен әдебиеті зертханасының меңгерушісі Гүлмас Құрманбаевадан екі күн дәріс тындады. «Жақсының жақсылығы» тұрғысында аталмыш ұстаз туралы кім-кімнің де айтары аз емес, дегенмен, бұл арада, өзіміз сөйлемей сол курсқа қатысушылардың жазып қалдырған пікірлерін жүйелей, жинақтай келе сөз өрбітпек ойымыз бар.

Білімін арттыруға үлес қосқан

Тереңдете оқытуға сіздің еңбектеріңізді пайдалануға ұсыныс жасалатын. Ол бекер емес екен (Нұржан Құспанұлы. Астана). ...тың, жаңа әдістемені меңгерткеніңіз... (Нұргүл Исағалиқызы. Батыс Қазақстан, Жаңақала ауд.). ... лекциясы өте тартымды, көркем, өміршең, қазіргі кездегі мектеп бағдарламасындағы оқытудың көптеген сырларын, құпиясын, проблемалық жағдайларды жете түсіндіріп бере алды. Санамызды жаңғыртып, ойымызды дамытудағы еңбегі зор. Әдеби сөйлеуді, әдемі сөйлеуді бала жүрегін қалай баурап алудың көптеген сырларын ашып, талдап берді (Башар Сүлейменқызы. Астана). ... мектептен, университеттен алған білімім бір төбе, ал сізден алған білімім мәңгі есімде, ойымда тұрады (Фарида Нұрқаділқызы. Алматы). Көптеген курстарда

болып жүрсем де тап осындай Гүлтас апайдың оқыған лекциясындай болмаған екен. Осы сапардан барған бетте қалалық оқу бөлімінің басшыларына өтінішпен талап еткім келеді. Астана қаласына арнайы өтілетін курстарға Гүлтас апайды шақырса екен (Гүлмира Мұхаметқалиқызы. Астана).

Дәрістен әсер, толқыған сезім

Менің Алматы келгендегі ең құдіретті алған әсерім — «Сізсіз», апай (Қырмызы Құбайдоллаева. Атырау). ... дәрісіңізді тыңдай отырып, өзім бір ерекше сезімге берілдім (Тұрсынхан Атымтайқызы. Қостанай, Әулікөл ауд.). ... дәрісіңізді тыңдай отырып, мен өзімді бақыттымын деп санаймын (Әсел Есімбекова. Қарағанды, Балқаш қаласы). Сізді жалықпай тыңдай бергім келеді (Толқын Әбілмәжінқызы. Астана). Ғалымның білім деңгейі, тіл байлығы, сөз саптауы аса керемет, жаныңды тебірентеді (Айя Алшынбайқызы. Жамбыл, Қаратау қаласы). Ұстаз бен оқушы арасындағы мөлдірлікті енді сезіндім, шынайылықты аңғардым. Сезімнің құдіреттілігін таныттыңыз. Мен сізге шәкірттік жүрекпен шын ғашық болдым (Мөлдір Болатқызы. Қарағанды). Сіздің бір керемет баурап алатын сөзіңіз (қылығыңыз) (Бақыт Қабатайқызы. Қостанай). ... қазақ тілінің өркендеуіне қосып жүрген еңбегіңізге, жанашырлығыңызға тәнтімін (Роза Жұмаділқызы. Өскемен). ... бір ғұламаның тамашасын тамашалайтын адам (Қасиет Кәкенұлы. Көкшетау). Сезім құшағына енгізген, әдебиет әлеміне апарған сіздің құдіретіңіз, талантыңыз алдында бас ийдім (Нұрлыгүл Жәнібекқызы. Қостанай, Амангелді ауд.).

Бейнесі, кескін-келбеті

Келісті сымбат, сырлы сөз, биязы мінез... өнер-білімнің, таланттың қайнар көзі болып асқақтап көрініп тұрған тұлғаңыз (Гүлжан Сиырбайқызы, Өскемен).

Тұрған тұрысыңыз, жүрісіңіз, сөзіңіз, күлкіңіз, әңгімеңіз бәрі керемет (Мадина Махмутқызы. Жамбыл, Қаратау қаласы)... білімді, дарынды, ұлты үшін жаны ауыратын ұстаз (Ұлту Илясқызы. Жамбыл, Жуалы ауд.). Жымып күлімсіреген жүзіңізбен бізді тез жаулап алдыңыз (Нұрғул). Сіздің қимылыңыздан, сөзіңізден, өлең оқу мәнеріңізден, жымыған күлкіңізден шынайылықты үйрендім (Бақытжан Шынболатқызы. Батыс Қазақстан, Бөрлі ауд.). Гүлтас әпкеміздің тума талант, әдебиетші, соның ішінде дарынды, сезімшіл жан екенін... (Айнагүл Әнесқызы. Сырым ауд.). Мен әдебиетті, қазақ әдебиетін, еш нәрсемен тең көрмейтін, әдебиетті өнер деп білетін, өнерді өмірім деп білетін қазақ қызын көрдім (Шайза Жанқожаева. Алматы). ... әр сөзіңіз ... көңілімнің төрінен (Гүлнар Бейсеқызы. Жамбыл, Қордай ауд.). Адамның ішкі дүниесін терең түсінетін, ұғатын адам екен! Жай ұғып қана қоймайды, көмекке келуге даяр тұрады (Бәтима Халыққызы. Павлодар). Әрбір сөзіңіз жүрекке жылы, көкейге қонымды, жаныңыздан, нәзік жүрегіңізден жеткізесіз (Серіккүл Тойғұлова. Жамбыл, Қордай ауд.)... сіздей адамдардың өмірде болуы, сондай адамнан өзімнің сабақ, тәлім алуым мен үшін керемет бір «әлем» болды (Айман Жүгеріқызы. Қостанай, Амангелді ауд.). Мұғалім болуға жаралғандайсыз (Нұржан). Өзіңіздің бейнеңіз менің жанымда мәңгі сақталады (Гүлнар Тұрғанбайқызы. Атырау).

Үлгі бола қамшылатып өздерін

Жиырма жыл мұғалім болып жүрсем де (жалпы жасаман мұғалім емеспін) сіздің лекцияларыңыздан кейін мұғалімдік жұмысқа басқаша көзқарасым оянды, баланы жақсы көруді сізден басқаша үйреніп сезіндім (Серіккүл). ... сізге ұқсап... аянбай еңбек етудің нәтижесінде арман-мақсатыма жететінімді түсіндім (Тұрсынхан). Мен өзім жаңадан үйренгендеймін. Мен үшін сіз менің алғашқы

ұстазым деп білемін (Бақыт). Менің бір мықтап түйгенім – мен тоқырап, тоқтап қалған екенмін. Сүреңсіз суре жолдан шық, жаңа соны жол сал! – дегендей ой салдыңыз (Нұржан). Енді мен әдебиет сабағын өткізіп тұрғанда көз алдыма сізді елестетіп тұрып өткізетін болдым. Өйткені сіз маған үлкен мектеп болып қаландыңыз (Толқын). Сізге қарап отырып менің де сіздей болғым келді (Әсия Белдібекқызы. Жамбыл, Байзақ ауд.). Сізден үйренер өнер көп екен. Уақыттар, өкінішпен кетіп бара жатырмын. Қайта көрісер сәт болса, шіркін! (Роза)... көп нәрсе үйрендім, жан дүниеңізден де, біліміңізден де (Аманкүл Пірімжарқызы. Көкшетау). ... сізді тыңдаған соң, драмалық үйірме ашсам ба деген ой келді. Мектепке барған соң, сол жұмысты бастап көремін (Нәзира Қабенқызы. Астана). Ғұмырыма үлгі болар бейнеңізбен, талант қасиетіңізбен шамшырақ болдыңыз (Гүлжан).

Жер бетіндегі бұл тіршілікте әркімнің өзіндік орны бар, өз адами қасиетін, мүмкіншілігін танытар саласы бар. Гүлтас Сайынқызының мектеп, білім саласында болғаны – өз үйлесімін тапқан тірліктің бір көрінісі. Әлбетте, біз де соған қуанамыз.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АБАЙ, ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ

2000 жылдан бері қарай Абай, Шәкәрім оқулары биыл бесінші рет болып өтті. Республикалық Абай, Шәкәрім оқулары үш бөлім бойынша өткізіліп келеді екен. Еліміздің барлық облысынан әр бөлімге орай бір-бір оқушыдан үш оқушы қатысады. Алматы қаласының өзінен үш топ (Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын республикалық мектеп-интернат, Республикалық физика-математика мектебі және жалпы қала мектептері бойынша), Астана қаласының өзінен бір топ және Семей аумағындағы Абай ауданының жеке өзінен қатысқан оқушыларды қоса есептегенде осы үш бөлім негізінде 57 оқушы сайыс межесінен табылды. 22-25 қыркүйек аралығына сай бағдарламасы түзілген, яғни, қарсы алудан, Семейдегі Абай мұражайын таныстырудан басталған іс-шаралар осы қаладан Абай ауданы орталығы Қарауылға сапар барысында Бөрлідегі Мұхтар Әуезов мұражайымен, Сырт Қасқабұлақта Абай (Ибраһим) шыр етіп дүниеге келген орынға тәу етуден, Ералы жазығы Еңлік-Кебек кесенесіндегі, Ұйтастағы, сондай-ақ Шілікті кезеңіндегі театрландырылған көріністермен қамтыла отырып, Жидебайдағы Абай қыстау үйіне (мұражай) баруменен жалғасты. Дәстүрлі Абай, Шәкәрім оқулары іс-шарасының ұйымдастырушылары — Білім және ғылым министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының білім департаменті, Шығыс Қазақстан аймақтық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы, Семей қалалық білім басқармасы, Абай аудандық білім бөлімі.

23 қыркүйектегі ызғарлы ауа жылынып, түнерген бұлт түріліп, толық бір күн бойы (24-і) оқушылар байқау жарысы Жидебайдағы Абай, Шәкәрім кесенесінің ашық арнайы алаңқайында өткізілді. Жарыстың «Абай, Шәкәрім шығармаларын жатқа оқу» деп аталатын бірінші бөліміне байқау уақытының үштен бір бөлігі арналынды. Әр оқушының шығармалардың қаншасын жатқа білетіндігі көрсетілген тізім қазылар алқасының алдында болды. Сол бойынша расында кімнің қанша жаттағаны тоғыз адамнан құралған қазылар тарапынан нақтыланды.

Анықтай сұрастырып байқағанымызға қарағанда мұнда жеңімпазды анықтауда басты тұтынған жәйт жатқа білетін шығармалар санының көп болуы екен. Иә, мұны жөн-ақ дейміз, көп білуді кім бағаламасын, көпке кім бас имесін, «Көп қорқытады». Абай өлеңдері бір ырғақ тақыл-тұқылмен де судырлана оқылып, керемет жақсы баға алып та жатты. Тереңіне бойлаған шәкірттің бұлайша үстірт оқуы мүмкін емес, бұл ұғынбаудың бір көрінісі болмақ. Олай болса мән-маңызын ұғынбай құр жаттап алудан, тыңдаған құлаққа жетпегенінен, тұщынбағанынан кімге қандай рухани пайда бар?! Е-е, тек көп жаттау ғана керек екен ғой деген қорытынды ой барлық оқушының көкірегінде қалды.

Әрине, Абай, Шәкәрім шығармаларын молынан білген дұрыс, бірақ мәніне жетіп, ұғынып оқуды әсте естен шығармаған жөн. Ұғынып оқу ғақлиядағы имани қалыптың, өлеңдердегі сатиралық сипат, әлеуметтік сарын, ғашықтық сезім, философиялық ой, т.б. аңғарылуы үшін керек. Бұлар ашылмаса – ғұлама шығармасында не құн, не қасиет!? Абайдың әр өлеңінің мәнін ашып, жүрекке жеткізе айтқан Даният Нұрахметов, Ұлан Болатбек сияқты оқушылардың еңбегі сондықтан ескерілмеді.

Сан мен сапа неге өрле жүрмеске?! Ол үшін Абай, Шәкәрім шығармаларын жатқа оқу көп білгені арқылы сан мөлшерін қамтыса (бұл бар), ой тереңіне, мазмұнына жетіп оқу арқылы сапасы анықталмақ (бұл жоқ). Қазылар алқасының бір мүшесі «осы екеуіне екі баға қойғаны дұрыс, Бұлай етпесек, «Құр айғай бақырған құлаққа ән бе екен?!» демекші, тақыл-тұқыл бірсарын құлаққа мән бе екен?

Домбыралы ән биіктерден көрінсе

Екінші бөлім – Абай, Шәкәрім әндерін орындаушылардың конкурсы алғашқы бөліммен салыстыра қарағанда жылдам жүрді. Мұнда «Енді басқа шығармасын орында» деген қазылар талаптары жоқ, оқушы дайындалған бір әнімен ғана шектеледі.

Сырттай шолғанға шын жүйрік оп-оңай айқындалатын тәрізді. Алайда бұл бөлімнің де бір кілтипаны бары байқалды.

Жарыста 19 оқушының тек алтауы ғана домбыраны өзі тартып, Абай әндерін шырқады, өзге саз аспаптары төбе көрсеткен жоқ. Түпнұсқаға жақын болуы, саз аспабында өзі орындауы және өзі айтуы – осы жинақ өнерге көңіл аударылмайтын секілді. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» әнімен Орал қаласынан келген Э.Таудаева ғана үш үшінші орынның біріне әрең ілікті. Ал домбыралы әнші басқалар ше?... Біз білеміз бір «Сегіз аяқ» әнінің өзін қазақтың маңдайалды біршама әншілерінің әр қырынан келіп, өзіндік мәнермен орындағанын, орындайтынын. «Сегіз аяқ» селкіл-селкіл эстрадаға көнбейтін, «қазақ болсаң, адам болсаң мені көр» дейтін, сөзінің мәні әнімен қосылса, отжүректі кернейтін, ішіне ене айтпасаң ішкі сырын бермейтін зарлы ән, арлы ән. Осы әнді Шымкент облысының Созақ ауданындағы №2 Қаныш Сәтбаев мектебінен келген Елдос Жүсіпов қазақтың кәдімгі кәсіпқой әншілеріндей үздіктіре, тегілте айтты, кілті, қайырмасына келгенде өзіндік өрнегін де қоса алғаны аңғарылды. Мұны сезінген бір біз

ғана емес. Қазылар алқасындағы бірден-бір ұлттық сазгер маман Тұрсынғазы Баяқов ағамыздан сұрағанымызда өте риза екендігін, әсерін жасырмады, сөзімізді құптады. Амал нешік, «Бұ қалай, неге бұлай?» деген сұрақ көңілге кептеліп қалды да қойды.

Домбырамен, тіпті өзге де саз аспаптарымен (сырнай, қобыз, баян, т.б.) өзі қосылып орындайтын оқушылар өз алдына сайысқа түссе. Осындай талап өте керек-ақ, өйткені саз аспаптарында өзі ойнай қосылып ән айтудың да сиреп бара жатқанын мойындауымыз керек.

Ұлттық барымызды бағалай, үлгі тұтқанға бұл өмірде не жетсін!

Туындысы шәкірттердің тосыннан Бір тақырып аясында берілсе...

Өз шығармаларын орындайтын үшінші бөлім «әні, күйі» делінгенмен тұтастай алғанда, ақындықтың, ақындыққа тым жақындықтың сайысы болды. Әр шәкірт өлеңі өз жүрек түкпірінде орын алып, өмірге келгендей сезілді. Әрине, бірер өлеңін тыңдай сала анықтай кету оңай шаруа емес. Осыған дейін бірлесе дайындалынып, яки, әлдекімге тапсырыс беріліп, сол дүние ұсынылып кетпеді ме екен... Осындай күдікті болдырмаудың тәсілі журналымыздың 2002 жылғы 11-санында Амантай Ақайұлының осы жылғы Абай оқулары жөніндегі мақаласында жазылған екен «Өз шығармаларын оқитын оқушыларға белгілі уақыт аралығында тақырып белгілеп, сол жерде жазғызып оқытса (себебі кейбір оқушылардың қолтаңбасынан ақындардың түзетіп, жазып бергендігі де байқалады); немесе ортақ тақырыпқа жазған өлеңдері күні бұрын әділқазылар алдында болса деген тілегіміз де бар» (25-бет). Бұл жазылған жолдардың өзектілігін әлі жоя қоймағаны көрініп-ақ тұр. Кесенедегі арнайы алаңқайда барлық оқушыға өлеңдерінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына бір данасының берілуі

хабарланып, ескертілген болатын. Содан қолға келіп түскені – орын алмаған оқушылардың өлеңдері болып шықты. Бізге де керегі – даңқы, атағы емес, өлеңінің шынайылығы, көркемдігі. Нағыз ақынның әр өлеңі – бір жұлде. Біз жиыстырып алған өлеңдердің біршамасы осы журналдың 105-108 беттерінде жарияланып отыр.

Сонымен біз сөзімізді байқаудың үш бөлімі негізінде бала еңбегі еленуі, әділ баға алуы үшін қаперге алар «алайда» жәйттерін баса көрсетіп айттық, оны

«Сан мен сапа біте қайнап өрілсе.

Домбыралы ән биіктерден көрінсе.

Туындысы шәкірттердін тосыннан

Бір тақырып аясында берілсе» деген тақырыпша бағытта өрнектедік.

V Республикалық Абай, Шәкәрім оқулары сапарларымен санаға сәуле құйып, сайыс жарысымен жүрек толқыта өткендей. Бірнеше өлеңді шабыттана оқыған шәкірт қазылар төрағасының «Бара бер» деген талабына «Ондай өлең жоқ» деп жауап қайтарғаны сияқты іс барысынан туындайтын көңілді сәттерімен де есте қалды. Іс-шараның көзге көп көріне бермейтін жұмыстарын арқалап, бағдарламаның өз деңгейінде өтуіне өз үлестерін аянбай қосып жүрген Қайырғазы Дүрмекбаевтай Абай аудандық оқу бөлімінің меңгерушісінің, Нұрбек Әбәділовтай мектеп мүдірлерінің (Семейдегі №8 мектеп), т.б. азаматтардың еңбектері ерен.

Республикаға танымал рухани істеріңіз оң нәтижелі бола бергей, қазақ жерінің киелі бір өңірінің аты аталған, аты аталмаған өрендері!



ОЙЫ СОНЫ, АЙТАРЫ МОЛ

Көлденеңінен бір көз салғанда қазақ тіл білімі ғылымының бар арнасы нақтыланып, жүйеленіп, сала-саласы тап-тұйнақтай боп ыңғайласа орналасқандай көрінетіні бар. Тіліміздің еленбей жүрген мүмкіндіктері, басқаша қыры, түрен түспеген тың мәселелері болады деген ой басымызға келе де бермейді.

Мұның өзі жастарды ғана емес, аға буын тілші ғалымдарымыздың талайын қамтитынын мойындау теріс болмас. Ғылым ауылының жұртынан, таптаурын болған жерлерден маңызы шамалы дүние жазып жүргендер баршылық. Өкінішке қарай, әлдекімнің мансабын пайдаланып, оған тоғытылатындар әлі де кездеседі.

Бүгінгі түр-келбеті жаңа, ал тегі, тарихы көне құдіретті ана тіліміздің тілші ғалымдар тарапынан бағы жанар кезі бола ма? Егер ғалым тілді ғылым үшін емес, ғылымды тіл үшін қызмет өткізсе, тілдің бағының жанғаны деген сол болар. Тіліміздің ертедегісін, көне түркілік дәуірін былай қойғанда, бүгінгі қазақы сөйлеу тіліміздің, өлместің күнін көріп келе жатқан тірі тіліміздің қарастырылмай жүрген жағдайлары байқай алатын адамға аз емес екен. Әрине, ол бір отырып алып, құр қиялға беріліп немесе оқиға қуалай төпеп жаза беретін нәрсе емес. Айтар сөзіңе нақты мысалдарың қомақты жинақталып дәлел болуы керек. Демек, бұл ұзақ жылдық тірнектеуден барып оңына келер шаруа екені көрініп тұр. Аға буын-тілші ғалымдарымыздың бірінің, міне, осындай зейнетінің нәтижесінде жұп-жұмыр болып ойы соны, айтары мол еңбегі жарыққа шықты. Ол – мектеп оқулығын құрастырушылардың бірі болған беделді ғалым Айтбай Айғабыловтың «Санат» баспасынан 1000 дана таралыммен шыққан «Қазақ тілінің морфонологиясы» атты кітабы. Біз фонетика мен морфологияның өзара байланысынан жаңа ғылым жасалған екен деп қуанып отырған жоқпыз, сол жаңа ғылым арқылы тіліміздің еленбей,

ескерілмей, әрі-сәрі күйде жүретін жағдайларының жүйелі түрде қарастырылатындығына, сол арқылы тіліміздің қандай да бір қабілет-қарымының танылатындығына қуандық. Зерттеушінің «...морфологияның сыр-сипаты, себеп-салдары лебізде (сөйлеу тіліміз лебіз (речь) деп берілген. Р.С.) жатыр деуге болады» (16-бет) деген сөйлемін келтірсек, бұл кітапқа не нысандалғаны аңғарылады.

Рас, кітапты үңіле оқу барысында кейбір айтылғанды олай емес, былай деуіміз де мүмкін, нормалық бітім танытылуы үшін бұрылушылықты, бұра тартып кетушілікті байқап та қалуымыз мүмкін. Нақ сол кезде кіріспеде жазылған «...біздің бұл еңбегіміз фонетика ғылымы мен морфология саласында шұғылданып жүргендерге ой салып, жаңа бағыттағы зерттеу жұмысына мұрындық болса, мақсаттың орындалғандығы деп білеміз» деген сөздерін еске ала отырып қолға қалам ұстасақ жөн болар.

Бір дүние қолға алынды, енді нақтылануы, молығу-толығын жүре келе дұрыс жолға қойылар. Ғалымның бұл жұмысының шын мәнісінде, талай істерге бағыт-бағдар, жөн сілтейтін құнды еңбек санатында екендігіне бек сенімдіміз. «Қазақ тілінің морфонологиясын» оқып шыққан мұғалім бұл қалай деп жүрген көптеген сұрақтарына жауап алары, мән-жайын ұғынары, ал, жас ғалымдар, ізденушілер зерттеу жұмысына қажет талай соны тақырыптар табары сөзсіз.



СЫР-ЕСТЕЛІКПЕН СЫРЛАСУ

(Эссе)

*Кип алған ақ қардай кимешегін,
Апатай, данышпаным – жанға сенім.*

... ..

Орныңнан серги аунап түсер ме едің,

Есіме алсам тұлғаңды күнде сенің...

«Апа – сен менің бірінші Күреңбелімсің» депті Құрманбаева Гүлтас Сайынқызы «Апам – ақ нұрым менің» атты кітабында («Шапағат-нұр», 2004, 20-б.).

Күреңбелдер, Көкбелдер,

Кір жуып, кіндік кескен жер.

Балалық шақ – бал дәурен,

Қол ұстасқан көк пен жер...

Жеке отбасылық емес, әулеттік тәрбиеде өскесін, апаңның (әжеңнің) тәрбиесінде болғасын шешенді шеше яки апа дей алмайсың.

...Дәстүр-салты мол қазақ – ең көреген,

Шешемді «жеше» демей, жеңге дегем...

«Өз туған анасын «жеңеше» дейтін біздің ғана халықтың қасиеті шығар» (66-б.). *Жеңге, жеңгеше, жеңеше, жеше, шеше.* Жиі айтыла келе сөзден сөз туады, туыстас әр сөз керекті тың мағына арқалап шыға келеді. Тілдің ішкі заңдылығының бір сипаты – осы.

Гүлтас Сайынқызы «Қазақ әдебиеті V, VIII, X сынып оқулық авторларының бірі, бұл күнде еліміздегі тіл-әдебиет мұғалімдері танитын болар. Ал біз Гүлекеңді әйгілі 1986 жылғы азаттық көтерілісінен бірер жыл бұрын білетінбіз. Әпекеміз Алматы қаласында №12 мектептен кейін ашылған №86 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін: *іскемелде (практикада) жүргендерге өткізетін, Көрсететін сағатын; Қырық бес минут білік, сезім Бірге өріле алаулайтын, жанатын; Жүректен шалқып шыққан үні, майда қоңыр мінсіз тілі; Мұқағали, Төлегендей ақындардың жырларын Қарамай жатқа соғатын.*

Әлбетте, әпекем жүрек кілтін табатын, Жұртына солай, бабын таба біліп жағатын.

Тас бұғаулы сол кезде сол мектептің оқушыларының қазақшылығы көңіл қуантарлықтай ма еді, қалай еді?! Бір анығы – сыныптан шыға сала өз тілін өгейсініп, бір-бірімен орысша

шүлдірлеспейтін. Егемен ел болсақ та өзге тілдің өктемдігіне бойсұну тиылмақ тұрмақ күшейіп бара ма, қайтеді?!

Гүлекеңнің осы бір сыр-естелік кітабынан сол ұлтжандылыққа бейім шәкірттерінің де бейнесін байқай аламыз. Шәкіртке арнай айтылған «Мен сендерге қарыздармын. Ұстаздық бақытты маған сыйлаған өздеріңсіңдер» (185-б.) деген жолдар кішіпейілдік дейтін керемет әлемнен хабар таратады. «Кейбір үлкен мұғалімдердің өздері алдындағы баланы мәңгі оқытатындай ауыр сөздерді айтып, жас баланың жанын жаралайды... Баланың балалығын кешіре алмаған мұғалім мектептен басқа жерде жұмыс істеуі керек... Біздің қоғам азаматтарының қоңыр төбел, рухсыз, жігерсіз болуына да тәрбиешілер мен мұғалімдер кінәлі емес пе екен?» (186-б.). Бұл нашар көрініс әлдебір мұғалімдер тарапынан байқалған-ау шамасы. Иә-ә, қалай дегенмен, сіз де қазір мектептен басқа жердесіз. Жоғары оқу орны деген жақсы ғой, бірақ сіз сияқты ұстаз алдымен мектепке өте қажет еді-ау! Мектепте жүріп те кандидаттық қорғауға, оқулық жазуға болмас па еді... Кешірерсіз, менің бұл сөзім, сірә пенделік пікір сияқты, өйткені әр нәрсе өз кезеңімен болса керек.

«Кейін мен де ол мектептен кетіп қалдым» (189-б.). Кетіп қалу. Мектептен. Талай мұғалімдер көңіл толмаудан, тұрмыс жағдайынан, түрлі қиянаттардан, бәлкім мұғалімге деген мемлекеттік көзқарастың дұрыс еместігінен мектептен кетіп қалған болар. «Бар жақсы – балаларға» болғаны қашан да елдің ертеңін еңселі етері сөзсіз.

Сонау бір жылдары ҚазПИ-де тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым саласы бойынша Күлтай Бейсенбаева деген апай дәріс оқушы еді... Тынбайтын, аянбайтын, былайша айтқанда, жан сала жіліктеп, бақайшағына дейін майын шағып тұрып түсіндіретін. Жоғары оқу орнындағы оқытушы дегенде әр кез көз алдыма сол кісі келеді де тұрады. Сіз де қазір жоғары оқу орнында осы бір абзал адамдай үлкен жауаптылық танытып жүрген боларсыз. Солай екендігіне мен сенемін.

«Өзімнің достарыма қарағанда қиялилау болуымның себебі,

мен табиғатпен өте жақын болдым» (16-б.) деген екенсіз. Кітабыңыздың «Табиғатым – тамырым» бөлімі бұл айтқаныңызды растайды. Қазақтың алтын бесігі ауылда туып, өсіп, есейіп, енді қалада жүрміз ғой... Ал осы қалада өскен балаға біз білетін табиғат, оның әсері аз секілді, әлде олардың табиғаты басқа ма?! Мүмкін болашақ қазақтың бөлекшелеу табиғатқа да бейімделуі керек шығар, тек әйтеуір тілін, ділін, дінін жолда қалдырмаса болғаны да.

Күрең тәріздес қызыл шырайлы менің әкпемнің күрең атымен күреңжер, күреңбел, күреңтауларға – өнеге, білім көкжиектеріне сапары сәтті бола бергей!



ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Көзіқарақты оқырман үшін аса қажет ғылыми-танымдық еңбек қатарына Айту Ағатаевтың өз тілімізде жазып, дүниесігін ашқызған «Қайсар философиясы» (А., «Жедел басу баспаханасы», 2009) атты кітабы келіп қосылды. Философия неліктен «Қайсар»? Мұны біз тараулары қорытындыланған соңғы бетінен (225-б.) таба аламыз: «...осы кітаптың жазылуы оның авторының қайраттылығы мен қайсарлық қасиетінің жемісі болып табылады». Кітаптың басталуында «Қайрат Қайсарұлы» (2-б.) деп бір рет қана жазылып, бұдан әрі еңбектің өн бойында «Қайсар» деген атпен түйінді пікірлері келтіріліп отырылады.

Автор өзінің тыңғылықты, мақсатты ізденістерін сан түрлі кедергілерге мойымастан жалғастыра біліп, сол ізденістерінің отыз жылдығы қарсаңында мазмұндық бітімін құрастыра тәмәмдап, ел-жұрт назарына ұсынған екен. Иә, ғалымның жағдайы, қазақ тіліндегі ғылымның жағдайы күні кешегі бодандықтан, одан

кейінгі өтпелі де аумалы-төкпелі кезеңде, одан кейінгі бес асап жеу үшін билікке ұмтылған, «ақша болса қалғанда, талғанда» дейтін пиғылға, түсінікке иек артатын кездерінде тым қиын-ақ. Бұдан мемлекеттік тілдің атына заты сай болмай тұрғандығын қоссаңыз, «тым қиынымыз» сорлылыққа барып ұласады. Осындай бекіністерді, менсінбеушілікті, самарқаулықты бұза-жара өткендігіне және өзіндік төлтумалық тұлғасын ескере келе, автор еңбегінің атын дәл осылай ерекшелеп қойған болар.

Егер өзге ел езгісінен, оның отары болудан толық құтылып, шынайы тәуелсіздік алғандығымыз рас болса, онда енді әділетті қоғам орнатуға, яғни, өр қазағының, жалпы жұртының жарқын болашаққа жету жолын мықтап ойластыра реттеуіміз абзал болмақ. Мұндайда әр нәрсеге алақтамауымызға, жүйелі істің құрылымдық жолын нақты табуымызға пәлсапалық ғылым, білім көмекке келмек. Мұндай кітап бұдан бұрын мүлдем жоқ болатын деуге болмас, бірақ олардың өзгеден алынған дайын үлгіге салынған аударма сипатында болғандығы – белгілі жәйт. Қазақ тілінің зияткерлік беделі осындай төлтума ғылыми еңбектермен де өсетіні анық. Әлемдік дағдарыстың болуы әлемді адамдардың дұрыс танып бағаламауынан деп, осы орайда біз өзіміз аталмыш кітап қадіріне жете білсек, тіпті күні ертең өзгелер үшін де құны арта түсер мүмкіндігі мол танымдық дүние болмақ.

«Алғы сөзінде» *«...кітапта нағыз қазақстандық жарқын болашаққа сай болатын ең негізгі философиялық білімдер баяндалғандығы»* (4-бет) жазылған. Ал 5-беттен 21-бетке дейінгі «Кіріспесіндегі» жарқын болашаққа қатысты анықтауын қысқаша келтірейік: *«Адамзат тарихын талдау осы уақытқа дейін оның жарқын болашаққа жетуіне кедергі болатын мынадай үш нәрсе бар екенін көрсетті. 1. Қоғам шаруашылығына деген жеке меншік. 2. Қоғам экономикасының нарықтық болуы. 3. Қоғамда биліктің болуы (14, 15-6.)*. Бұларды тек айтып қана қоймай, мәнін ашып дәлелдейді.

Ғылыми-танымдық еңбек бес тараудан тұрады: **1. Философия**

тарихы. 2. Қайсар философиясы. 3. Әлем – ол не және қандай?

4. Адам әлемді қайтіп таниды? 5. Біз әлемді қалай танимыз?

Есепті баспа табағы 14,75 болатын кітаптың 1-тарауы 20 беттей болса, 2, 4 5-тарауларының әрбірі 40 бет көлемінде, әлем жайындағы негізгі білімдер қамтылған 3-тарауы ең қомақтысы екен (60-беттей). Әр тарау «Жаңа пікірлер тізімімен» түйінделіп, одан кейін шығармашылық бағытта «Мына сұрақтарға жауап беріңізші» деген тақырыппен сұрақтар қойылып отырылады.

Автор талас тудырып жүрген талай нәрсенің ғылыми анықтамалық мәнін дұрыс және ұғынықты түрде сипаттай білген. Бұған мысалдар өте мол, оқырмандарымызға соның кейбірін келтіре кетсек: «Қазіргі кезде ұғымды білдіретін белгілер ретінде дене қозғалысы, дене бөлігінің өзгерісі (қол бұлғау, бас изеу, бас шайқау), бет әлпеттің өзгерісі (мимика), дыбыс шығару, сараланбаған сөз, одан әрі сараланған сөз, яғни, тіл қолданылады (147-бет). «Сана жетілуі мынадай негізгі үш деңгейден тұрады: пайым деңгейі, ақыл деңгейі, парасат деңгейі... Мақсат деп алдын ала белгіленген нәтиже түсініледі. Міндет деп белгілі бір іс-әрекеттерді айтады (164-бет). Тану (познание) деп ұғым немесе білім алу түсінілуі керек. Ал енді ойлау (мышление) деп ой құрастыру түсінілгені дұрыс. Ой деп ұғымдар немесе білімдер тізбегін айтады (185-бет).

Жалпы қай тарау болмасын орнықты құрылымдық жүйесімен (ішкі тарауша, тақырып, тақырыпша, түйінді жаңа пікірлерімен) зор танымдық үлгі алуымызға жол ашып береді.

Енді ішінара кездесіп қалатын, біз келіспейтін кейбір жәйттеріне тоқтала кетейік. «Орыс, неміс, т.с.с. тілдерде адамның жынысы ескеріледі. Ал енді қазақ, қырғыз, т.с.с. тілдерде мұндай ерекшелік жоқ» (150-б.). Сонда ата мен әженің, әке мен шешенің, әпке мен жезденің, іні мен қарындастың, құда мен құдағи, құдашалардың, қысқасы, қыз бен ұлдың, еркек пен әйелдің айырмашылығы болмағандығы ма?!

Адамның пайда болуы (126-б.), ата-тегі жайында (171-б.) айтқандарын, “Адам – саналы жануар” (157-б; 180-б.) деген түйінді

пікірін асығыстықтан болған деген ойдамыз. “Адам – жануар” болса, адамтануымыз жануартанумен бірдей болғандығы ма?! “Адам – саналы тіршілік иесі” деген түйін болса оны құптар едік.

Бұл сөзіміз құрылымдық сипатына емес, бөліктеріндегі кей жерлеріне орай айтылып отыр. Мұндайдың “... адам танымы жайындағы білім, ғылым, практика саласы болып табылатын” (78-б.) философиядан кездесіп қалуында да бір заңдылық бар секілді.

Жалпы алғанда, адамзаттағы сорақылықтар, бақытсыздықтар, кикілжің, қақтығыстар, соғыстар, т.б.с.с. өзінің, өзгенің, өзгелердің танымдарының дұрыс еместігінен болады екен. Осы кітапты оқу барысында ердің жасы елуге жақындап қалған біздің өзімізді талай дүниеге, көп нәрсеге көзімізді жеткізді. Ал жастарға ше? Жастарға берер танымдық ауқымы ұшан-теңіз десек болады. “Қайсар философиясы” ғылыми еңбек болғанымен, тілдік баяндау сипатын мүмкіндігінше оқырманымен ақылдаса, бірлесе шешім шығаратындай, ХХІ ғасыр адамының талғамына сай үлгіге құрған.

Философияға қатысты бар дүниені таразылай салмақтап, оң-терісін айқындап, жоғын түгелдеген ғалымның, философ ғалымның өз қазағымыздың ортасынан шығуы – бұл да бір зор мақтаныш болса керек-ті.

Қарыздана-қауғалана келе өз қаражатымен баспадан шығарып отырған Айту Ағатаевтың “Қайсар философиясын” сатып алып оқып, ұға білсек, елдік жарқын болашағымыздың ертерек жарқырауына үлес қосар едік.



СЕЗІМТАЛ ДА СЕРГЕК ҒАЛЫМ

(«Тіл білімін» оқығаннан кейінгі пікір)

Осы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының сыртқы мұқабасына қазақ тіл білімінің негізін салушылардың, яғни Ахмет

Байтұрсынұлынан бастап, аз кем үзілістен кейін Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов және тағы басқаларының бейнелерін жалғастыра бергенімізді көпшілік білетін болса керек. Мұқаба суреті жөнінде жазған түсініктемемізде сол ғалымдарымыздың мектеп оқулықтарын да жазғандығын айтқан болатынбыз. Журнал басшылыққа алған мүдде тұрғысына толық сай келгендіктен сол суреттер сериясы ізінде Әмеди Хасеновтің де орын алуы заңдылық деп танымыз. Ол кісінің ғылымдағы жолы, ұстаздығы өз алдына, сондай-ақ, 8-сыныпқа сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының туындыгері екені бәрімізге мәлім. Міне, бүгін ғалымның суреті сол орайда оқырмандар назарына ұсынылып отыр.

1927 жылғы қазан айының 19-ы күні дүниеге келіп, 1990 жылы бұл өмірден пайғамбар жасымен озған ағамыздың, бүгінде өзі жоқ болса да, көзіндей болып көрінер ғылыми еңбектері бізге құнды мұра күйінде қалды. Сондықтан да шығар, оның 70 жылдық мерейтойы көп жылдар ұстаздық еткен ғылым ордасында, әріптестері арасында аталып өтілмек. Біз де хал-қадірімізше ғалымның еңбектеріне ғылыми бағытта ой жіберіп, тілге тиек етпекшіміз.

Қазір біздің қолымызда ұстаз ғалымның өмірінің соңғы жылдарында, яғни көзі тірісінде жарық көрген «Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері» («Мектеп», 1985), «Тіл біліміне кіріспе» («Рауан», 1990) атты екі кітабы, сондай-ақ өзі дайындап толықтырған, сөйтіп өзі қайтыс болғаннан кейін барып жарық көрген «Тіл білімі» (1996) атты кітабы бар. Соңғы еңбегі («Тіл білімі») жоғарыда аттара аталған екі кітаптың жинақталып, ыңғайластырылып, алып-қосып дегендей бір мақсат жүйеге лайықталған толық нұсқасы деуге әбден болады. Демек, осының өзіне қарап-ақ ғалым ағамыздың ойына алған бір жұмысын тиянақты тындырып кеткендігін айқын аңғарамыз.

Бүгінгі өтпелі кезең дағдарысында, мейлі ол жалпы болашақ зарыға аңсап отырған дүние болса да, нақты қаражатсыз шығарыла қоюы өте киын. Сол себепті сөзіміздің алғашқы бір легінде-ақ қазірде өзі жоқ кісінің дайындап кеткен аманат ісін орындай білген, жарыққа шығарған «Санат» баспасына алғыстан басқа айтарымыз

жок екендігін білдіргіміз келеді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз осындайда еске түседі. Алайда, «жақсылықтың ерте-кеші жоқ» демекші, аздап кешігіп барып шыққандығын орайына келген шаруа деп есептегеніміз жөн.

Жоғарыда айтып өттік, «Тіл білімі» атты оқу құралының бұрнағы жылдары жарық көрген екі еңбегінің белгілі бір жүйеге түскен жиынтығы деп. Бұл аралықта болған өзгерістер бүкіл дүниежүзін шарпыды. Олай болса кітаптың алғашқы беттерінен, осы орайда, сондай-ақ өзі о дүниелік болып кеткен ғалымның еңбегі шығып отырғаны сипатында шығарушы тарапынан ғылыми жолдағы адамның бірер беттік алғы сөзін, түсінік сілтемесін іздейтініміз – шындық. Өкінішке қарай, мұндай ізгі ниет байқалмады. Бұл кітаптың «...студенттерге, оқытушыларға, мамандарға арналған (2-бет) күнделікті қажет құрал екендігі, бола беретіндігі даусыз. Ендеше біз іздеген сол алғысөз, түсінік, сілтеме марқұмға деген ілтипат көрсетуге байланысты жөн-жосықты қамтуды былай қойғанда, кітаптың өн бойында шым-шымдай бітісе өрілген сол кез философиялық сарындарының, өткен өмір көріністерінің (төменде жақшамен көрсетілді) ұғынықтылығы үшін керек еді. (Кеңес лингвистикасының методологиялық негізі – марксизм-ленинизм, маркстік диалектикалық және тарихи материализм Кеңес лингвистикасының буржуазиялық лингвистикадан артықшылығы озықтығы, күші де, міне, осында (11-бет)». ...маркстік қағидалардың өміршеңдігін дәлелдей түсті (54-бет) т.б. Өзіміздің немқұрайлы қараушылық жағдайымыз ғой, әйтпесе оны жазу аса үлкен қиындықты қажет етпейді де. Әлі талай бүгінгі, ертеңгі оқырмандарына қызмет ететіндігін ескеріп, осылай айтып отырғандығымызды көзіқарақты жан ұғынар деп ойлаймыз.

Адам – бұ дүниеге келген қонақ, сондықтан «бұ дүние фәни жалған» деп тіркестіре айтамыз. Кім-кімге болмасын – ерте ме, кеш пе, қара жер қойнын ашатындығы белгілі. Әркім бұл өмірде, әр салада өзінің елі үшін, сол арқылы жалпы адам баласы үшін белгілі бір іс тындырады, із қалдырады. Осы жолда ұмтылыс танытады. Осыны және бұлай болмауын ұлы Абай былайша жазып кеткен: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі

боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек кылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың» (отыз жетінші сөзінен). Әрине, ғалым адамның ғылыми жұмысы, оның осы саладағы ұстаздық қызметі адамшылықтың қарызы үшін, болашақ ұрпақ үшін екендігіне ешкім шүбә келтірмесе керек. Бұл – әрі ғалым, әрі ұстаз болып өмірден өткен Әмеди Хасеновке қатысты айтылып тұр.

Жазылған кітап – сол туындыгер ойының айнасы, еңбегінің жемісі. Кей ғылыми еңбектерден оны жазған ғалымның ірі ғалым екендігі бірден сезіледі. Ондай кісілер жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері болады. Адам баласының ғұмыры тым аз ғой, «қамшының сабындай» деп қазакең бекер айтпаған. Жалпы алғанда, адам өз ғұмырында ойына тоқыған дүниесінің бәрін тәптіштеп талдап түсіндіріп жазып үлгере алмайды деп ойлаймыз, ал қандай да бір дүниенің ежіктей түсіндірілген жағдайы басқа сала-сала үлкен жұмыстардың қалып қоятындығына апарып соқтырады. Мұны, әрине, ірі ғалымдар сезеді, біледі. Мұндай ерекшелік, мәселен, Әлкей Марғұлан еңбектерінен де көзге менмұндалайды.

Өз саласы бойынша алғанда, Әмеди Хасенов ағамыздың осы қолымыздағы бір еңбегінің өзінен-ақ сондай ерекшелік толқынын аңғара аламыз. Мұны өзгеге ой тастау, ойға қалдыру, сөйтіп үлкен іс ұшын ұстатып кету десек орынды тәрізді. Аталмыш әр ой тұрғысында талдай, тәптіштей жұмыс жүргізсек, өзіндік сипаты бар көлемді дүниені өмірге әкелетініміз анық. Төменде келтірілген үзіктер біздің кітаптан байқағанымыз, ал біз байқамаған дүние қаншама, ол жағы, әрине, белгісіз. Айтылған пікіріміздің нақты дәлелін жаңа бағыттағы, соны ізденістегі тіл мамандарына керекті болар деп ойып алып көрсеткенді жөн көрдік.

«XIX ғасырдың өзінде-ақ, қазақ тілінің жетік білгірі Платон Михайлович Мелиоранский ч дыбысын таза қазақ дыбысы деп есептеген. Қазақстанның бірсыпыра жеріндегі тұрғындарының сөйлеу тілі ч-ның өгей еместігіне дәлел бола алса керек (66-бет).

«Сингармонизм қазақ тіліндегі біріккен сөздер, топонимдер құрамында да сақтала бермейді: оңтүстік, солтүстік (оң+тұстық, сол+тұстық деу орнына), Бозінген, Күретамыр, Керегетас... т.б. 70-

бет).
«Сондықтан, халық этимологиясы құбылыстарын жүйелі функциясы тұрғысынан қарастыру керек» (191-бет).

«Бір қызық жәйт: қазақ тілінде қырық-отыз деп айтылады, ал елу-қырық, алпыс-елу, т.б. сияқты түрде, керісінше айтуға болмайды. Соңдай-ақ тоқсан-жүз деп те қолданылмайды. Бес-он деп айтыла тұра, төрт-он, он-отыз сияқты формалар кездеспейді» (295-бет).

«Агглютинативті тілдерге тән агглютинация құбылысы ерекшеліктерін фузия құбылысымен салыстыра қарастырғанда, тіпті, айқындала түседі. Ал фузия – флективті тілдерге тән құбылыс» (404-бет).

Міне, кітаптағы біз байқаған мұндай жолдардың тілімізді әбден таптаурын болған аяда қарастырмай, кең арнада басқа да қырларымен танылуына оң әсерін тигізе алары сөзсіз. Тіліміздің сан түрі өзіндік қыр-сырын байқататын мәліметтер іздеген жанға кітаптың ән бойынан өз шамшыраған түсіретіндігі де сөзсіз. Тақ-тұқ болу тек жансыз затқа ғана жарасады, тіл жансыз емес, жалпы адамға та адами ғұмыр. Мәселен, қазақ тілін тек қарым-қатынас құралы деп қана ұғынатын кейбір тіл мамандарымыздың ой-өрісіне көңіліміз толмайтынын жасыра алмаймыз.

Жоғарыда жазылғандардың кітаптағы жеке жолдар, яғни, белгілі бір тақырып ішіндегі сөйлемдер екені көрініп тұр. Ал кітаптағы тарау аттарының өзі бізге көп нөрседен жаңа тұрғыда, сол ыңғайда хабар бере алады. Кітаптың «б 17. Сөз мағынасын ауыстырып қолдану жолдары мен түрлері» деп аталатын тақырыптағы «Сөз мағынасын қызмет бірлігі бойынша ауыстыру» деген тақырыпшасының (141-бет) бүгінгі күн, бүгінгі тілдік бағыт үшін берер үлгі-өнегесі аз емес. Арғы жағын айтпағанда, күні кешегі тоқырау кезеңінің тілімізді де біршама тоқыратқаны, жалпы қолданыстан шеттетіп жарға итермелей түскені рас. Ұтылып жатқан тұсымыз, атқарылар істер әлі де көп. Демек, осы тақырыпша жалпы тіл білімі, ғылымы үшін ғана емес, бүгінгі біздің нақты өміріміз үшін оған лайықтығымен құлпыратындай. Соңдай-ақ, «Тілдің грамматикалық құрылысы мен жүйесі» тарауындағы

«§24. Аффикстер және олардың түрлері атты тақырып (218-бет), қай-қай тіл болмасын, оның тілдік құрылымдық сипатын байқатуға өз көмегін тигізеді. Осы тараудағы «Сугглетивизм» деп жазылған тақырыптың (243-бет) тілімізге керекті соны объекті екендігіне шүбә келтірмейміз. Мектеп оқулығынан балаға лайықты күйде орын алуын уақыт талабы деп түсінген жөн.

Өзі білмейтін немесе естімеген сөздерін кейбіреулеріміздің бөтенсініп, қолданыстан шеттетуге дайын тұратыны әлі күнге дейін кездеседі. Ол, тіпті, зиялы дейтін қауымға да тән үлкен кемшілігіміз, «Дыбысталуы әр басқа, мағыналары бірдей» деп сөздерді жинақтау теңгермешілдікке, парықсыздыққа апаратынын, сөйтіп олардың рөлін төмендететінін білуіміз керек. Тілдің анық, ешкім де оңайшылықпен шатастырмайтын жерлері болады, сондай-ақ тілдің нәзік, еппен келмесе, қалың шаңның ортасында қалып қояр жерлері де болады. Міне, зардап тартатыны – негізінен, осы айтылған бөлігі. Сондықтан мұндай аралықтарды жіті көзбен, ой салмақпен қарағанымыз абзал. Жоқтан бар жасаудың тіршілік үшін қажет екендігі даусыз, ал ғасырлар жемісі – тіліміздің бар байлығының бағасын төмендетуге, сөйтіп оны жоғалтуға ешқашан да арнайы асықпауымыз керек. Жоғарыда жазып келтірілген тақырыптың тілімізге өте керек екендігін айтып жатқандығымыз да сондықтан. Тіпті, мәселе бір немесе бірнеше тақырыпта емес, барды ұқсата білмеушілік көзқарастан арыла алмауымызда.

Өз тіліміздің ғылыми тұрғыда мәнін білуде дүние жүзі тілдерінің өз ыңғайымен жүйелі түрде берілген мәліметтері керек-ақ. Шет тілдер институтында ұзақ жылдар ұстаздық қызмет жасаған ғалым ағамыздың бұл орайдағы ізденістері нақпа-нақ молынан көрінеді, сол мәліметтер салыстырыла қарастырылады.

Тілімізге жанашыр, шын мәнісінде сол тілінің болашағын ойлайтын, осы тараптағы жақсы істерге қуанып, жаман істерге күйінетін тілдік бағыт иелері бүгінгі күнге ауадай қажет. Тілімізді зерттеудің ендігі бағыт-бағдарын айқындап жол көрсету сол тілді, ең алдымен, рухани дәрежеде бойына сіңіріп, содан соң барып кәсіби дәрежеде қарастыра алатын адамдар тарапынан болуы қажет. Мұнсыз тіліміздің, негізінен алғанда, өзге тіл айнасымен

экзотикалық кызықтаушылық сипаттан табыла беретіндігі бола бермек, ол – оңға апармайтын, «бағын ашпайтын істің бірі».

Тіл білімі ғылымындағы Әмеди Хасеновтей ғалым ағаларымыз болашақ жаңа бағыттағы тіл мамандары үшін сүбелі-сүбелі еңбектер қалдырды. Ондай еңбектерді пайдалана отырып, алға ілгерілеу бар, айтылмаған тұстар болса – толықтыра жату, тіпті, бар дүниенің өзіне басқа қырынан келу де бар. Бұрыннан айтылған пікірлерді мүмкіндігінше қайталамай, кітаптың кей жерлеріне шұқшия тоқталып жазып келтіргеніміздің де себебі сондықтан болар.

Рухани байлықтың ішінде тілден артық, тілден асқан байлық жоқ. Мұны жаттандылықтан емес көңіліміз сезіп, көзіміз жеткендіктен айтып отырмыз. Бөле жарып айту да керек шығар: жасандылықтан таза қазақ тілі дәстүр-салтымен бітісе қалыптасқан адамдай бола білу – бәріміздің де түпкі азаматтық мұрат-мақсатымыз болуы тиіс.

Біздерде, филология факультеттерінде, оқытылатын «Тіл біліміне кіріспе» дейтін пән бар. Аталмыш кітап – сол тараптағы оқулық. Осындай орайдан табылар басқа да оқулықтар бар. Ал, жалпы, осы пәннің құрылымдық сипаты тұрғысында, пәнді жетілдіре түсу ыңғайында оларды салыстыра сөз ету мәселесі, жас буын емес, тәжірибелі, «мүйізі қарағайдай» ғалым ағаларымыздың еншісінде болар деп ойлаймыз. Біздер тек әлімізге, қабілет-қарымымызға қарай шауып, өз таным-түсінігіміз ыңғайымен бір кітаптың белгілі бір бағытын төңіректей сөз қозғадық. Ал, бұл көрнекті ғалым Әмеди Хасенов ағамыздың аталып өтілгелі отырған 70 жылдық мерейтойына ғылыми сипаттағы өз ниеттестігімізді таптаурындылықтан өзгешелеу ғып білдіргендігіміз.

Біз ол кісімен көзі тірісінде жүзбе-жүз дидарласқымыз жоқ, алайда көзі тірісінде сезімтал, сергек ірі ғалым болғандығын бір кітабына байыптай, талдай, таразылай көңіл аудара отырып көз жеткіздік.



Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Ырыс СӘЛБЕН.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 20.12.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3865.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2011ж., 144 бет, Алматы.